Социальные сети – это замечательный маркетинговый инструмент, который позволяет компаниям охватить аудиторию по всему миру. Но этот охват работает в обоих направлениях, так как клиенты могут делиться историями, размещать фотографии и загружать видео, чтобы их мог увидеть весь мир. Одно вирусное видео, рисующее вашу компанию в неправильном свете, может привести к тому, что миллионы людей начнут негативно воспринимать ваш бренд. Специалисты рекомендуют социальный медиа-план, который может управлять цифровым шумом вокруг вашего бизнеса. Это может включать назначение большего количества представителей для мониторинга ваших социальных каналов или обновление подписчиков новой информацией. Но независимо от того, как вы используете его, социальные сети нельзя игнорировать, когда ваша компания переживает кризис.

5. Сбор и анализ отзывов клиентов

Иногда у вас может случиться кризис, который не затмевает первую полосу новостей или вирусные новости социальных сетей. Но это может влиять на ваших клиентов и вызывать отток. Вы можете не знать об этом, потому что не получаете достаточно отзывов от ваших клиентов. Сбор отзывов – отличный способ предотвратить кризис. Это потому, что он дает представление о том, как клиенты относятся к вашему бизнесу. Это позволит вам определить основные препятствия, прежде чем они перерастут в кризис.

Подводя свою статью к итоговой части, перечислив основные понятия кризиса, примеры, кризисный коммуникационный план, хочу поделиться примером посткризисного шаблона. Посткризисный шаблон также важен, как и любой другой этап кризиса: он не только поможет понять основные ошибки, но и сделать важные заметки для ситуаций в будущем.

Практическое дополнение:

Попросите всех членов вашей команды по кризисным коммуникациям и управлению заполнить эту оценку. Оцените свою воспринимаемую производительность для первого ответа и последующих действий с 1-5, объясняя причины. Если вы чувствуете, что есть какие-либо знания, которые могут быть применены для следующей ситуации, документируйте их в колонке «следующие шаги».

	Первый ответ	Последующие действия	Дальнейшие действия
1	2	3	4
Незамедлительный Быстро ли мы отреагировали?			

1	2	3	4
Информативный Отвечали ли мы основным информационным потребностям внутренних / внешних заинтересованных сторон?			
Искренний Проявили ли мы гуманность, заботу и сочувствие к людям, затронутым кризисом?			
Честный Когда это стало известно, мы четко объяснили, что произошло, что происходит и что будет дальше?			
Признавательный Признаем ли мы, как компания, свою ошибку?			

Кризисные ситуации могут быть классифицированы следующим образом: технологические кризисы, конфронтационные кризисы, кризисы злонамеренного поведения, кризисы менеджмента. В зависимости от динамики протекания кризисы делятся на: неожиданные кризисы, назревающие кризисы, непрерывные кризисы. Сэм Блэк, один из основоположников сферы PR, разделил все существующие кризисы на 2 вида: известное неизвестное и неизвестное неизвестное. К первому виду относится большинство кризисов, так как в принципе эти кризисы известны и прогнозируемы, однако сложно предугадать, когда и при каких обстоятельствах он произойдет. Второй вид кризиса предполагает собой отсутствие каких-либо прогнозов о том, что кризис случится [1]. В обоих случаях для любой организации и компании важно разрабатывать прогнозы, потенциальные стратегии по выходу из кризисной ситуации с целью предотвращения неготовности к возможным проблемам по причине возникшего кризиса. В обоих случаях также важно моментально реагировать на ситуацию и предоставить комментарии первыми, передавая информацию от лица источника проблемы, а не третьих лиц с возможной фальсификацией данных или искаженными фактами, иначе упущенное время обернется против компании, организации. Для выхода из кризиса существуют три этапа. Первый этап – экстренные меры компании (работа со СМИ, активация пиар-службы, аналитическая работа по ошибкам); второй этап – стабилизация (информирование своей аудитории, представление позиции компании); третий этап – восстановление (работа на восстановление репутации компании, анализ действий компаний, причин, породивших кризисную ситуацию) [2]

В заключении важно добавить и помнить – будьте готовы.

«Этого не произойдет» – близорукая, наивная, чистая фантазия. Кризис не должен становиться катастрофой. Кризис – это то, что должно вас мотивировать расти дальше. Главное во время PR-кризиса – слушать, идентифицировать, просматривать и отвечать.

Список литературы

- Коротков, Э.М. (2015) «Связи с общественностью как социальная инженерия. Управление кризисными ситуациями» // http://pr-engineering.narod.ru/4_14_2.html
- Компания Action Global Communications Kazakhstan // <http://www.matritca.kz/top/27258-krizisnye-kommunikacii-nauchilis-li-kazahstanskije-kompanii-kommunicirovat-vo-vremya-krizisa.html>
- «Стадии кризисов» // https://studbooks.net/790841/marketing/stadii_krizisov
- Ольшевский А.С. (2007) «Антикризисный PR и консалтинг» // <https://socioline.ru/pages/olshevskij-antikrizisnyj-pr-i-konsalting>
- Федотова М.Г. (2009) «Связи с общественностью как антикризисный менеджмент» // <http://www.aup.ru/books/m864/>
- Пашенцев Е. (2002) «Паблик рилейнз: от бизнеса до политики» // <http://www.eartist.narod.ru/text19/154.htm>
- Меньшиков, А.А. (2013) «Связи с общественностью в кризисных ситуациях» // https://knastu.ru/media/files/posobiya_files/_s_obshchestvennostyu_v_krizisnykh_situatsiya_XbFwWn.pdf

ҒАЛАМДЫҚ МЕДИАФРАНШИЗАЛЫҚ ЖОБАЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Алдабергенова Жанна Жайлаубайқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты

Ғылыми кеңесші: Есенбекова Ұлбосын Мейірбекқызы
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. Франчайзинг ұғымы экономикада XIX ғасырда бастап қолданысқа енгені белгілі. Ал медиаиндустрияда франчайзинг тек өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өріс ала бастады. Соған қарамастан бүгінгі таңда әлемде жалпы табысы 105 млрд АҚШ долларын құрайтын медиафраншиза түрлері бар. Мақалада әлемнің жүздеген еліне франшизасы тараған медиажобалар, ондағы ұлттық колорит және олардың рейтингі зертелген. Мақаланың мақсаты – Қазақстанда танымал бірнеше франшизалық жобаның негізінде медиафраншизалардағы ұлттық ерекшеліктерді, ғаламдық жобалардың жергілікті телекөрсетімге бейімделу себептерін талдау.

Түйін сөздер: телевизиялық жобалар, медиафранчайзинг, франшиза, телеаудитория, ұлттық ерекшелік.

Resume. It is known that the concept of franchising has been used in the economy since the XIX century. In the media industry, franchising began to take shape only in the second half of the last century. However, today there are media franchises in the world with a total revenue of 105 billion US dollars. This article tells about media projects that are franchised in hundreds of countries around the world, their national identity and their rating. The purpose of the article is to highlight the national identity of media franchises on the basis of several popular franchise projects in Kazakhstan, to analyze the reasons for the adaptation of global projects to local viewers.

Keywords: television projects, media franchising, franchise, TV audience, national identity.

Франчайзинг дегеніміз – бір тараптың (франчайзердің) екінші тарапқа (франчайзиге) дайын бизнес үлгі бойынша нақты тауар маркасымен (мысалы: медиажоба атауымен) кәсіп жүргізуге рұқсат беруі. Ал франшиза – сауда маркасын, технологияларды, білімді, франчайзер компанияның құпияларын пайдалану құқығы [1]. Бүгінде әлем бойынша медиафранчайзинг саласы айтарлықтай дамып жатыр. Қазақстандық қана емес, әлем аудиториясына кеңінен танымал, көрсетімдерге жақсы танылған жобалар жетерлік. Солардың қатарында «Қазақстан дауысы» («The Voice»), «Маска» («The King of Mask Singer»), «Миллион кімге бұйырады?» («Who wants to be a Millionaire?»), «X Factor Қазақстан» («The X Factor») және т.с.с. жобалар бар. Осыған қарап телеиндустрияда, оның ішінде телеаудитория сұранысында географиялық, ұлттық шектеулердің жоқ екенін, тіпті ортақ шарттардың бар екенін байқауға болады.

2015 жылы 5 сәуірде Оңтүстік Кореяның Munhwa Broadcasting Corporation телеарнасында «The King of Mask Singer» жобасы көрсетімге ұсынылды [2]. Аталмыш жоба оңтүстік корейлік көрсетімнің ғана емес, әлемнің басқа да елдеріндегі телеаудиторияның назарын баурап алды. Өйткені бұл жобаның лицензиясы 50-ден астам елге сатылып, АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Австралия, Қытай, Индонезия, Португалия, Мексика, Тайланд, Ресей, Украина және т.б. елдерде өз нұсқалары эфирге шықты. Сарапшылардың айтуынша бүгінде жобаның жанкүйерлері миллиардқа жеткен. Аз уақыттың ішінде әлемнің түкпір-түкпіріндегі көрсетімнің көңілін жаулап алғаны үшін бұл жобаны Англияда «музыкалық короновирус» деп те атаған [3]. Жобаның форматы лицензия сатып алған барлық елге ортақ болғанымен, жоба жергілікті халыққа, көрсетімнің менталитетіне қарай бейімделеді. Жобаны локализациялау, әсіресе, қатысушылардың костюмін әзірлеу барысында (1-сурет) ерекше байқалады.

Мәселен, жобаның австралиялық нұсқасында «Bushranger» (Бушрейнджер – ағылшындықтар Австралияны колонизациялаудың алғашқы жылдарында қашқын боп өмір сүрген жергілікті адамдар – авт.), украиналық нұсқасында «Қызылша», ал ресейлік нұсқада «Неваляшка» (орыс халқының ойыншығы – авт.), ал қазақстандық нұсқасында «Алтын адам» және т.с.с. сол елдің халқына етене таныс кейіпкерлер ғаламдық жобаны жергілікті көрсетімге жақындата түсті. Телевизиялық жобалардағы мұндай әдіс-тәсілдердің де теориялық негізі бар. Мәселен, Г.Мельник пен С.Виноградова өздерінің «Психология массовой коммуникации» деген оқулығында «Символдар мен эмблемалар – коммуникативті ықпал етудің маңызды факторы... Таңбалық (симиотикалық) жүйеге орта, аксессуарлар, киім, тамақ, зат және т.б. жатады. Коммуникатор сол таңбаларды танып қана қоймай, оларды аудиториямен байланыс кезінде қолданады» [4].



1-сурет.

«The King of Mask Singer» жобасының аясында қарайтын болсақ, мұндай символикаларға қатысушылардың киімдері, таңдаған репертуары жатады.

Г. Мельник пен С. Виноградова «Бұқаралық аудиторияны да, нысаналы аудиторияны да әлеуметтік сипаттамалар призмасынан қарау керек» дей келе оларды келесідей сипаттарына қарай жіктейді. Олар:

– *ақпарат құралына қарай*: радио, баспасөз, телеарна аудиториясы, ал ХХ соңында интернет аудиториясы пайда болды.


– *арналардың деңгейіне қарай*: республикалық, облыстық, аудандық БАҚ аудиториясы.

– белгілі бір бағдарламаның, радиостанцияның, айдардың, циклдың, тележүргізушінің аудиториясы.

– *әлеуметтік-демографиялық белгісіне қарай* (жасы, жынысы, ұлты, білімі, діні, мамандығы): жастар, әйелдер, әскери қызметкерлердің және т.с.с. аудиториясы [5].

Бұл мақаламызда аудиторияның *әлеуметтік-демографиялық белгісіне* баса назар аударғымыз келіп отыр. Өйткені көрерменнің белгілі бір ақпаратты қабылдауында бұл аспект маңызды рөл атқарады. Жоғарыда атап өткеніміздей, «The King of Mask Singer» жобасының қазақстандық көрерменге бейімделген нұсқасында ресейлік «Невалышка» емес, австралиялық «Bushranger» емес, қазақы символика, яғни «Алтын адамның» экранда пайда болуы – осының нақты мысалы. Демек, ғаламдық жобалардың өзін ұлттық пішінмен, жергілікті көрерменге бейімдеп беру де жобаның рейтингі үшін маңызды фактор болып саналады.

Мақаламызда тағы бір әлемдік жобаны мысалға келтіре отырып, талдау жасап көрсек. «Қазақстан» телеарнасынан шығып жатқан «Қазақстан дауысы» – «The Voice of Holland» жобасының франшизасы. «The Voice of Holland» жобасының концепциясын голландық продюссер Джон де Мол (John de Mol Jr.) мен голландық әнші Рул ван Вензел (Roel van Velzen) ойлап тапқан болатын. Жоба 2010 жылы 17 қыркүйекте RTL 4 телеарнасының эфирінен шықты. Қазір аталмыш жобаның франшизасы әлемнің 145 еліне тарап, бірнеше маусымға жалғасып жатқанына қарап жобаның өз аудиториясын тапқанын, телевизиялық рейтинг көрсеткішінде алдыңғы орындарда екенін байқауға болады. Төмендегі суретте жобаның қай елдерде, қай жастағы азаматтар (авт. – ересектер, жеткіншектер мен балаларға арналған түрлері бар) қатысқандығын көрсетеді [6].



Location of *The Voice* versions:

- With own version of *The Voice*
- With own version of *The Voice Teens*
- With own versions of *The Voice* and *The Voice Kids*
- With own versions of *The Voice*, *The Voice Kids* and *The Voice Teens*
- With own versions of *The Voice*, *The Voice Kids* and *The Voice Senior*
- Part of a regional or multinational version of *The Voice*
- Part of a regional or multinational versions of *The Voice* and *The Voice Kids*
- Part of a regional or multinational versions of *The Voice*, *The Voice Kids* and *The Voice Senior*

2-сурет.

Франчайзинг талабы бойынша жобаның логотипінен бастап, сценарийі, декорациясына дейін арнайы бекітілген талап-ережелерге сай болуы тиіс, яғни негізгі оригинал нұсқадан ауытқымауы керек. Бұл жоба ең алдымен қатысушылардың дауыс ерекшелігіне мән беретіні белгілі, дегенмен де әр елде шыққан франшизаларын бақылай отырып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, сол елге тән колориті барын аңғару қиын емес. Бір қарағанда бір-бірінен айнамайтын, тек әр елде шығып жатқан жоба секілді көрінуі мүмкін. Бірақ өнер көрсетуге шыққан қатысушылардың орындаған әндері мен сахнаға киіп шыққан киімдерінен ұлттық ерекшелік есіп тұрады, сонысымен де ол басқа елдің «дауыстарынан» өзгешеленеді. «The Voice» жобасының қазақстандық нұсқасының алғашқы жеңімпазы Шахаризат Сейдахмет те жоба көрермендеріне қазақы репертуарымен, ұлттық нақыштағы костюмдерімен есте қалды. «Қазақстан дауысының» бірінші маусымын қарап отырсаңыз, декорациядан да ұлттық оюдың элементтерін байқауға болады. Бұл ұйымдастырушылар тарапынан әлемдік жобаға енгізілген қазақы колорит деп есептеуімізге болатын сияқты. Бірақ одан кейінгі маусымдарда декорация аздап өзгеріп, ою қолданылмады.

Қорыта айтар болсақ, телеаудитория деген – теледидар алдына жайғасқан адамдар ғана емес, ол жаны, жүрегі, ұлты, өмірлік ұстанымы бар жеке-жеке тұлғалардан құралған әлеуметтік топ. Сондықтан да осы маңызды факторларды ескерген медиа саласының мамандары ғаламдық деңгейдегі медиажобалардың өндірісі кезінде көрерменнің ұлттық ерекшелігін назардан тыс қалдырмауға тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Уланова, А.Уланов «Справочник франчайзи» <https://www.litres.ru/aleksandr-ulanov-23193694/spravochnik-franchayzi/>
2. Munhwa Broadcasting Corporation телеарнасының ресми сайты http://content.mbc.co.kr/program/entertainment/2619098_64511.html
3. <https://www.vokrug.tv/longread/ntv/maska2020/>
4. Г.Мельник, С.Виноградова «Психология массовой коммуникации» Москва 2015 жыл, 22-бет
5. Г.Мельник, С.Виноградова «Психология массовой коммуникации» Москва 2015 жыл, 276-бет
6. [https://star-wiki.ru/wiki/The_Voice_\(franchise\)](https://star-wiki.ru/wiki/The_Voice_(franchise))

BIG DATA ҰҒЫМЫНА АНЫҚТАМА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Асханбек А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Big data және журналистика кафедрасының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Буенбаева З.Қ., PhD

Бүгінде үлкен деректер (big data) туралы көп естісек те, оның не екенін түсінбейтіндер әлі де бар. Мақаланың мақсаты – қазіргі журналистикадағы big data-ны пайдалану процесін зерттеу.

Мақалада big data терминіне анықтама берілген, оның негізгі сипаттамалары анықталған, үлкен деректерді алу әдістері көрсетілген және қазіргі журналистикадағы үлкен деректерді пайдалану мысалдары келтірілген.

Кілтті сөздер: Big Data, үлкен деректер, заманауи журналистика, үлкен деректерді алу әдістері.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ BIG DATA И ЖУРНАЛИСТИКА

Сегодня хоть о больших данных (big data) слышали многие, но до сих пор есть те, кто мало понимает, что это такое. Целью статьи является изучение процесса применения big data в современной журналистике.

В статье дано определение big data, выявлены его основные характеристики, выделены методы извлечения Больших Данных и приведены примеры использования Big Data в современной журналистике.

Ключевые слова: Big Data, большие данные, современная журналистика, методы извлечения больших данных.

DEFINITION OF BIG DATA AND JOURNALISM

Today, even though many have heard about big data, there are still those who do not understand much of what it is. The purpose of the article is to study the process of using big data in modern journalism.

The article gives a definition of big data, identifies its main characteristics, highlights methods for extracting Big Data, and provides examples of using Big Data in modern journalism.

Keywords: Big Data, big data, modern journalism, big data extraction methods.

Дамудың қазіргі кезеңінде заманауи технологиялардың әсерінен журналистика жаһандық және революциялық өзгерістерге ұшырап келеді. Ол қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологияларға (АТ), конвергенция және цифрландыру (digital) сияқты процестерге тікелей тәуелді. Атап айтқанда, АТ дамуымен қазіргі заманғы үрдістерге сүйене отырып, онлайн журналистика өзгеруде. Интернеттің дамуымен жарияланған ақпараттардың көлемі де геометриялық прогресспен көбейе бастады, ал оқырмандар дәстүрлі БАҚ-қа қарамастан өзекті ақпаратты нақты уақытта алуға мүмкіндік алды.

Осыған байланысты жыл сайын деректердің көлемі, сақтау және талдау мүмкіндігі кеңеюде. Бұл үрдіс ХХІ ғасырдың басында «үлкен деректер» (big data) терминінің пайда болуына алып келді. Бұл терминнің пайда болуы үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуге арналған түбегейлі жаңа құралдарды қалыптастырудың басталуын білдіреді және сонымен бірге үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеудің журналистикаға қандай мүмкіндіктер әкелетінін түсіндіреді.

Үлкен көлемдегі деректермен жұмыс істеуге негізделген журналистік жобалар мен материалдардың көбеюі, ашық деректерге көбірек қол жеткізу және Интернетте ашық түрде (соның ішінде соңғы уақытқа дейін құпия болып саналған) ақпараттың үлкен көлемін тарату алдымызға жаңа міндеттер қойып, заманауи журналистиканың дамуына бірегей мүмкіндіктер береді.

«Журналистика» [1] деп БАҚ (интернет, баспа, радио, теледидар, кино және т.б.) көмегімен ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қызметін айтамыз.

Деректер журналистикасы (data journalism) — медиаматериалдарды құру үшін деректерді жинау, талдау және өңдеуге негізделген журналистиканың бағыты [2]. Деректер журналистикасының мақсаты – оқырмандарға ақпарат беру және маңызды оқиғалар немесе құбылыстар туралы айту. Дереккөз ретінде сарапшылардың пікірлері немесе баспасөз релиздері емес алынған ақпараттар қолданылады. Дата журналистің негізгі міндеті – оларды нақты оқиға мен визуалды өнімге айналдыру. Технологиялар мен заманауи визуализация құралдары интерактивті карталарды, графиктерді және тіпті персоналды элементтерді жасауға көмектеседі.

Жалпылай айтсақ, үлкен деректер (Big Data) – бұл 2000 жылдардың аяғында пайда болған көлденең масштабталатын бағдарламалық құралдармен тиімді өңделетін және Business Intelligence класының дәстүрлі деректер қорын басқару жүйелері мен шешімдеріне балама болып табылатын үлкен көлемдегі және айтарлықтай алуантүрлілікке ие құрылымдалған және құрылымдалмаған деректердің белгіленуі [3]. Кең мағынада «үлкен деректер» үлкен көлемді деректерді талдаудың технологиялық

мүмкіндіктерінің пайда болуымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде анықталады, кейбір проблемалық салаларда – деректердің бүкіл әлемдік көлемін және одан туындайтын трансформациялық салдарларды айтады.

Үлкен деректердің классикалық көздері болып Интернет және әлеуметтік медиа танылады, сонымен қатар үлкен деректер кәсіпорындар мен ұйымдардың ішкі ақпараттарынан (ақпараттық ортада пайда болған, бірақ бұрын сақталмаған және талданбаған), медицина және биоинформатика салаларынан, астрономиялық бақылаулардан туындауы мүмкін деп саналады.

Үлкен деректердің пайда болу көздерінің мысалдарына өлшеу құрылғыларының үздіксіз деректері, радиожілік идентификаторларының оқиғалары, әлеуметтік желілердегі хабарламалар ағындары, метеорологиялық деректер, Жерді қашықтықтан зондау деректері, ұялы байланыс абоненттерінің орналасқан жері туралы деректер ағындары, аудио және бейне тіркеу құрылғылары жатады. Мұндай көздерді кеңінен қолданудың дамуы ғылыми-зерттеу қызметіне де, коммерциялық секторға да, мемлекеттік басқару саласына да big data технологияларының енуінің бастауы деп күтілуде.

Big Data зерттеулері шетелде кең тараған және қазірдің өзінде үлкен дау тудырып отырған болса да, Қазақстанда әлі кеңінен қолданыла қойған жоқ.

Бүгінгі күні Big Data көбінесе қазақстандық компаниялардың маркетинг бөлімшелерінің қызметінде – мысалы, «Қазпочта» АҚ, телекоммуникациялық фирмалар, сақтандыру компаниялары, бөлшек сауда компанияларында пайдаланылады. Олар сатып алушылардың мінез-құлқын тиімді стратегия құру және нарықта үлкен сұранысқа ие болатын ұсыныстарды алға жылжыту үшін зерттейді [4].

Бүгінгі таңда БАҚ индустриясы үлкен деректермен байланысты келесі төрт терминге назар аударуы керек:

- Деректер көлемі;
- Деректердің пайда болу жылдамдығы;
- Құрылымдық және жиі кездесетін құрылымданбаған деректер форматтарының әртүрлілігі.

Барлық деректер, форматына қарамастан, сапалы журналистика құру, бизнестің ішкі процестері мен кірістері туралы ақпарат алу үшін әлеуетті құндылыққа ие. БАҚ үлкен деректерді бизнестің нәтижелілігін жан-жақты талдау және жақсарту мақсатында да пайдалана алады. Сонымен қатар, деректер массивтері, мысалы, басылымның аудиториясын білуге және клиенттерге жақсырақ бейімделуге, үлкен мәліметтер жиынтығын алуға және жарияланым тақырыптарын табуға, акциялар өткізуге, шешім қабылдау процесін жақсартуға, бизнестің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Big Data көмегімен аудиторияны көбейтіп, бизнесті кеңейте алған жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен деректерді пайдаланудағы мысалдары:

- Huffington Post газеті («Хаффингтон пост») «мазмұнды оңтайландыру, пікірлердің түпнұсқалығын тексеру, табиғи жарнаманың тиімділігін қамтамасыз ету, жарнаманы бақылау және сайтты пассивті жекелендіру үшін үлкен деректерді пайдаланады».

- BuzzFeed сайты («Buzzfeed») жариялаудан бұрын мақалаларды талдау үшін олардың «вирустық» дәрежесін болжау үшін үлкен деректерді қолданады. Мақаланың пайдаланушыдан пайдаланушыға тез тарала ма, жоқ па, соны анықтауға болатын сипаттамалар ескеріледі. Сондай-ақ, үлкен деректерді талдау «мақаланы жылжытуды оңтайландыру» мақсатында жарияланғаннан кейін қолданылады.

- Financial Times газеті («файнэншл таймс») «пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсету, оқырмандардың өмірбаяны мен қызығушылықтары негізінде мақсатты жарнамалық науқандар мен жаңа өнімдер жасау» мақсатында сайтқа дозаланған қолжетімділік жүйесі арқылы тіркелу кезінде жиналған деректерді талдайды [5].

Медиа салада үлкен деректерді қолданудың тағы бір перспективасы бағыты ретінде «автоматтандырылған журналистика» технологиясының дамуын атап өтуге болады. Әрине, журналистика сияқты салада мазмұнды құруды толық автоматтандыруға болатынын елестету мүмкін емес, онда болашақ журналистер маңызды материалдарды жазуға жол бермес бұрын бірнеше жыл бойы дайындалады. Дегенмен, арнайы Big Data технологияларын қолдана отырып, сансыз ақпарат көздерін талдауға негізделген арнайы құралдардың пайда болуы компьютер мақалалар жазатын, бейнелер жасайтын және жаңалықтар таспаларын өздігінен, адамның минималды араласуымен жасайтын жағдайларды шындыққа айналдырды. Бірқатар компаниялар (нарративті Ғылыми және жергілікті зертханалар, Yseop, автоматтандырылған түсініктемелер, Sxense, Wibbitz, Woch.it және басқалары) белгілі бір дәрежеде «автоматтандырылған журналистика» идеяларын жүзеге асыратын технологиялар мен бағдарламалық өнімдерді әзірледі. Атап айтқанда, Narrative Science ұсынған бағдарлама спорттық оқиғалардың (матчтар, олардың нәтижелері және олардың барысы туралы ақпарат – голдардың авторлары, алмастыру-

лар, карталар және т.б.) арнайы құрылымдалған дерекқорын ала отырып, осы мәліметтер негізінде аталған оқиғалар туралы есептің грамматикалық тұрғыдан дұрыс және стилистикалық тұрғыдан барабар мәтінін жасайды. Мұндай мәтін спорттық журналист тарапынан ең аз редакциялауды қажет етеді. Осыған ұқсас технологиялар журналистиканың басқа бағыттарында – қаржы және бизнесте (биржалық баға белгілеулердің дерекқоры талданады), қоғамдық-саяси журналистикада (блогтар мен Твиттер талданады) және т.б. түрлерінде әзірленді.

Сонымен, қазіргі кезде үлкен деректер (Big Data) онлайн-БАҚ жұмысында маңызды орын алады, бұл басылымдардың маркетингтік стратегиясына да, редакциялық саясатқа да айтарлықтай әсер етеді. Мұндай технологиялар «тірі» журналистерді толығымен алмастыра алмайтындығына қарамастан, олар өз жұмыстарын едәуір жеңілдетіп, өнімділігі мен жұмыс жылдамдығын арттыра алады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. Вартанов С. А. Большие данные в онлайн-СМИ: подходы и стратегии использования // Медиаскоп. 2017. Вып. 4.
3. Маркетингтегі Big Data (BigData) дегеніміз не: есептер, алгоритмдер, талдау әдістері // Landing Page Generator. URL: <http://lpgenerator.ru/blog/2015/11/17/chto-takoe-big-data-bolshie-dannye-v-marketinge-problemy-algoritmy-metody-analiza/> (Қаралған күні: 21.12.2021 ж.).
4. Машир Е. Как Big Data трансформирует крупный бизнес в Казахстане. [электронный ресурс]: URL: <https://kursiv.kz/opinions/2020-09/kak-big-data-transformiruet-krupnyu-biznes-v-kazakhstane> Қаралған күні: 21.12.2021 г.
5. Веретенников, А. В. BigData: анализ больших данных сегодня / А. В. Веретенников. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2017. — № 32 (166). — С. 9-12.

ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚ САЯСАТЫ

Бекжан ӘШІРБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті,
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика
және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
ashirbaev.1974@mail.ru

Қазақ журналистикасының теориясы мен практикасын зертеуші ғалымдар оны үш кезеңге бөліп қарастырады, яғни, біріншісі – 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі кезең, екіншісі – жетпіс жылдан астам тарихты қамтитын кеңес заманындағы кезең, үшіншісі – 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бергі кезең. Біздің ұлттық кодымыз жасырылған балбал тастардағы көне түркі жазуларымыз, фольклорлық мұраларымыз және ағартушы бағыттағы ақын-жазушыларымыз еңбектері әлеуметтік мазмұн, публицистикалық элементтерге бай қазына. Демек, отандық медианың тарихы, қоғам өмірінде алар орны мен маңызы, негізгі доктриналарының қалаптасуы классикалық баспа өнімдерінің пайда болуынан тым әріде, бағзы замандарда жатыр.

Ошақтың үш бұтындай ынтымағы мықты, татулығы жарасқан қазақ елі өз қазанын өзі қайнатқан үш ондықты артқа тастап, бодан күйден бостан қалыпқа ұмытылып, жаңару мен жаңғыру дәуірін бастан кешіруде. Тәуелсіздікті алу бар да, оны уыста ұстап қалу бар. Қазір отарлық кезеңдегі «шәкірт болу» психологиясынан арылып, интеллектуалды ұлт концепциясын жасақтау жетекші мәнге ие, бұл – елдік идеаның негізгі локомативі. Мемлекетшіл, елшіл мазмұндағы БАҚ өз тұтыныушылары үшін тәуелсіздік мұраттарын насихаттайтын рухани Меккесіне, ақпараттық қауіп-қатерден қорғайтын екпесіне аналана білуі шарт. Бұл жерде ешқандай консерватизм немесе ретроградтық ұстаным, пікір плюрализмі мен сөз бостандығын шектеу амал-әрекеттері жоқ, керісінше, ақпараттық палитрамыздың бояуын қанық қылып, конституциялық құрылымымызда белгіленген бағыттан айнымау мүддесі тұр.

Қазір журналистика аналитиктері ақпаратты мұнайдың жаңа түріне балайды. Рас, кімнің қолында медиаресур болса, сол қоғамдық пікірге ықпал етіп, электоратқа «жер шары төртбұрышты екен» деген де түсінікті таңа алады. Міне, осы тұста фейк мәліметтің арбауына түспей, қой мен қоянның ізін ажыратып, адаспау маңызды. Ол үшін, әрине, сөзбен жұмыстанатын әрбір масс-медиа өкілі құқықтық тұрғыдан сауатты болып, әдеп нормаларын сақтай білуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының идеологиялық, үгіт-насихаттық және ағартушылық функциясы барын ескерек, «төртінші билік» цехындағы

мамандарды лицензиялау, сертификаттау жүйесін енгізу де күн тәртібінде өткір тұрған мәселе. Бұл ешқандай демократиялық инстиуттарды құлдырату емес, «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайтынын» ескеріп, әлеуметтік-моральдық жауапкершілікті арттыру ғана.

Қазақ қоғамында ренессанстық дәуірдің басында тұрған Алаш лиерлері баспасөзді саяси құрал ретінде пайдаланып, өз заманының бүтін мен түтінін, асылы мен жасығын ел талқысына салды. Сол уақыттың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары «Қазақ» газетінің тігіндісін қыз жазауына қосуды абырой санаған деседі. «Сөз қадірі – өз қадірім» деп білетін жұрттың ғана ментальды ерекшелігі бұл! Ұлт төқұжатына айналған басылым Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатов секілдік үштік одақтың күшімен жарық көрді. Өкініштісі сол, ұлт-азаттық күрес идеясын өмірлік кредоларына айналдырған зиялы азаматтарымыздың саяси аренада атқарған қызметтері кеңестік дәуірде тарихи санамыздан аластатылды. Біз – бүгінгі таңда жаңа тұрпаттағы мемлекет құру процесін бастан кешіріп жатқан елміз. Кремль төбеттері қалыптастырған қортық санадан, семіз малай болу психологиясынан арылып келеміз. Тәуелсіздік идеясын, ұлттық мақтаныш сезімін ұрпақтар жадында жаңғырту күн тәртібіндегі келелі мәселеге айналды. «Жаңа заманда, тәуелсіздік дәуірінде қандай этникалық ерекшеліктерімізді, рухани-мәдени құндылықтарымызды жаңғыртып, қандай жат мінез, солақай сенім-наымдардан бойымызды аулақ ұстауымыз керек?» деген сан сауалдар жауап күтіп тұр. Яғни, қазіргі кезең – таңдау, саралау және қорытынды шығару кезеңі.

Баршаға мәлім ғылыми әдіс: зерттеп отырған мәселеңнің бүгінгі шындығын, тура мазмұнын объективті ұғыну оның тарихына, себеп-салдарына үңілуде жатады. Бұл ретте, энциклопедист ғалым Әбу Әли Ибн Синаның: «Кез келген нәрсені, пайда болған құбылысты танып-білу оның себептерін анықтаудан басталады, сонда ғана таным толық болмақ, сондықтан да емшілікте денсаулық пен сырқаттанудың себепін білу қажет», – деген пікірі – әділетті пікір [1]. Демек, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамында қалыптасқан саяси-әлеуметтік хал-ахуал мен оның қазіргі болмысымызбен үндестігі тануда үлкен мән жатыр.

Ақпараттық технологиялардың жетілуі мен трансконтиненталды компаниялардың өмірге келуі жаһандану үрдісінің әлдеқашан басталып кеткенінен хабар береді. Мінер көліктің, ұялы телефонның, опа-далаптың сан түрін шығаратын әлемдік магнаттар зеңбірек бұза алмас қамалды тауар арқылы күлталқан етуге боларын жақсы біледі. Әрине, бұл сценарий бойынша ойнау мұртын балта шаппас мықты елдер үшін ыңғайлы. Ал, мемлекеттігін енді ғана қалыптастырып, шикізатты өндіруші деңгейден класстерлік жүйеге көшуге талпынып жатқан Қазақстан жағдайында барлық құндылықтарын жалаңаштап тастау қауіпін тудырады.

Кеңестік сутегі бомбасын ойлап тапқан А.Д. Сахоров өзі ашқан жаңалықтың зұлымдық мақсатта пайдаланылуы мүмкін екенін білгенде үлкен күйзелісті бастан кешірген. Бұл хал А. Эйнштейде де болған. Ол: «Қалай ойлайсыз, үшінші дүниежүзлік соғыс бола қалған жағдайда атом қаруы қолданыла ма?», – деген журналистің сұрағына: «Оны қайдам, бірақ төртінші дүниежүзлік соғыста садақпен атысамыз», – деп жауап берген. Телевидениенің атасы В.К. Зворыкин де өмірінің соңында «әр үйде бар жалғызкөзді дәудің» адам санасын улайтын құралға айналағанына қынжылған. АҚШ Сенаты адамды клондауды заң арқылы ғана тоқтатып отыр. Қазіргі компьютер мамандарының арманы оны адамның миына қосу. Ол ізденіс нәтиже берсе, мектепке бару, университет тауысу қажет болмай қалады деген сөз. Ғылыми-техникалық прогрестің үрей тудыратын тұстары аз емес. Егер Абай мен Пушкин тіріліп келсе, біздің бәрімізді «кіші құдайлар» деп қалар ма еді, кім білсін?! Желден электр қуатын өндіру, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызу», Құнанбай шал алты ай жүріп жеткен Меккеге ұшақпен алты сағаттың ішінде топ ете қалу, жүрек, бүйрек ауыстыру оталары – бәрі-бәрі ғылымның игілігі. Біздіңше, техногендік дәуірде адамдық моральды құлатып алмаудың жалғыз жолы, ол – рухани тіреулеріміздің мықты болуын ойлау.

Біз компьютер ойлап тауып жапоннан, көлік жасап немістен асып түспесіміз анық. Қолымыздан не келеді, алдымен соны зерделеп алғанымыз дұрыс. Қазы айналдырып, қымыз баптауды қазақтан шебер кім жасайды? Біздегі көркем табиғат, бай тарих туризмді дамытуға қолайлы. Мүмкін, «Голливуд» сияқты киноиндустрияны қолға алған табысты қылар? Неге десеңіз, климаттық жағдайымыз оған икемді: жаңбыр да, қар да жауады, төрт мезгіл ауысады, жазық та, қырат та, көл де, шөл де бар. «Арабтар жұмақты армандағанда біздің еліміздей жерді ойлаған-ау», – деп қаласың. Тас төбеңнен 50-60 градус ыстық ұрып, ашыққан ешкі-қойлары қағаз жейді. Саудияның астанасы тау-тастың үстіне салынған, мұнайдан, қажылықтан түсіп жатқан ақшаның арқасында 120 тунель қазылған. Діни әдебиеттерден «Алланың нығметін көресіндер, сендерге көкмайса, жасыл шалғын, мөлдір бұлақ жібереді» деген жолдарды оқығанда: «Қазақстан туралы айтып отыр ғой», – деген ойда қаласың. Бізге өз артықшылығымызды көрсететін осындай үгіт-насихаттық сипаттағы мақалалар қатарын көбейтіп, ел рухан асқақтату бағы-

тында жұмыстану маңызды.

Діни алауыздық өте қауіпті құбылыс, сенімнің бөлшектенуі территориялық тұтастықтан айыруға әкеледі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары асығыс қабылданып кеткен діни наным-сенім туралы заңның әлсіз тұстары елімізге мысықтілеу миссионерлердің қаптауына жол ашып, «Байығың келсе, жаңа бір дін ойлап тап!» деген ұстанымдағы ағымдардың өз жұмысын жандандыруына жол ашты. Ал заман сұранысына сай оған енгізілген түзетулер мен толықтырулар, яғни діни әдебиеттерді сүзгіден өткізу, тіркеу талаптарын күшейту жайлы баптар ел іргесін бекітудің, стратегиялық мақсаттарды іске асырудың алғышарты болғаны аян.

Біз – зайырлы мемлекетпіз. АҚШ президенті өзінің ұлықтау рәсімінде «Библияға» қолын қойып ант берсе, біз Конституцияға жүгінеміз. Дін мемлекеттен тысқары, бірақ Дін істері жөніндегі агенттік бар, бас мүфтиді мемлекет басшысы тағайындайды. БҰҰ құжаты бойынша, бір дінді ұстанушылар 70 пайыздан асса, ол ел «бірдінді» деп танылады, ал бізде халықтың 70 пайызы мұсылмадар, яғни Қазақстанды «мұсылман мемлекеті» деп атаған жөн. Шыңғысхан айтты деген бір өсиетте: «Жауды аттың үстінде жүріп жауласаң да, оны басқару үшін атыңнан түсуің керек», – делінеді. Бүгінгі тілмен айтқанда, «идеологиямен айналыс» деп отыр. Біздіңше, діни идеология да мемлекет тұтастығын қамтамасыз етудің таптырмас құралдарының бірі, оған екінші мәндегі сипат беру қабырғамыздың құлап, іргетасымыздың сөгілуіне алып келеді.

Бір анығы, әдебиет пен өнерде мемлекеттік тапсырыс қай дәуірде де болған. Мысалы, Еуропа тарихын алайық. Англия мен Франция ғасырлап соғысты. Тек артиллериямен ғана соғысқан жоқ, идеология майданында да атысты. Ағылшындар француздарды әдеби туындыларында алаяқ, аяр, мәдениеті төмен, рухани жұтаң ел қылып суреттеді. Осы мақсатты жүзеге асырушы әдеби тұлға ретінде таңдау Шекспирге түсті. Театрда қарапайым режиссер болып жүрген ол ұлы идеологқа айналды. Екі елдің корольдері туралы шығармаларының негізгі қаңқасын осы мазмұн құрады. «Король Лирінен» бастап, күллі шығармасын мемлекеттік тапсырыспен жазды. Пушкинді де осы санаттағы ақын деуге келеді. Оның «Полтава», «Капитанская дочка» сияқты шығармалары сөзімізге дәлел. Бәрінде орыс монархиясын мадақтау сарыны бар. Николай патша оған арнайы жалақы тағайындап, сарайда ұстағаны белгілі. Лев Толстой өзінің «Соғыс пен бейбітшілік» романын соғыс біткесін 40-50 жылдан кейін жазды. Ұлы қырғынның ұрпаққа тигізген залалы мен зардабын ой елегінен әбден өткізіп барып қолына қаламын алды. Қазіргі қазақ қоғамындағы басты кейіпкер кім: бизнесмен мен банкир ме, шенеунік пен судья ма, ұстаз бен дәрігер ме? Міне, осы сауалдарға әлі толық жауап беріле қойған жоқ. Ол үшін тағы да біраз уақыт керегі анық.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында бір қызық жайды баяндайды. Түркия елінде болған кездесуде бір оқырман мынадай сұрақ қояды: «Сіз қандай тақырыпта жазасыз?». «Тарихи тақырыпта жазамын» деген ағамыздың сөзін түсіне алмай: «Сіз жазушы емессіз бе? Неге тарихи тақырыпта қалам тебейсіз? Тарихты тарихшы жазуы керек емес пе?» деген екен [2]. Яғни, Осман империясының 800 жылдық тарихының қатпар-қатпарын зерттеп қойған елдің оқырманы қазақ жазушысының тарихи тақырыпта неге жазатынын түсіне алмаған. Ал біздің әдебиет бұл тақырыпқа халықтың тарихи жадын ояту үшін келген еді. Әдеби шығармалар арқылы тарихи санада сілкініс тудыруды мақсат тұтты. Ақын Қадыр Мырза Әлидің: «Біздің тарих – бұл өзі қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы», – дегені осының негізгі себебін ашса керек. Әрине, Ермұхан Бекмахановтың басындағы қара бұлт қанша тарихшыны үнсіздікке үйретті. Сонықтан отарлық езгідегі елде кино, сурет, музыка өнерінің өкілдері шығармалары арқылы тарихи жадымызды оятып, рухымызды тірілтуге тырысты.

Қазіргі таңда да «Тәуелсіз Қазақстанның идеологиясы қандай болуы керек, жалпы, бір идеологияны ұстану демократия принциптеріне қайшы емес пе?» деген сұрақ зиялы қауым өкілдерін мазалап жүрген мәселе. Егер біздің бір мемлекетке бірігіп, бір конституцияға бағынып, ортақ тіліміз, белгіленген шекарамыз бары рас болса, онда осы елдің азаматтарының ортақ арман-аңсары, идеалы болуы керек. Идеологияның қандай күш-қуантқа ие екендігіне бір ғана Жамбыл феноменіне қарап көз жеткіземіз. Мысалы, ол жырауға дейін қазақта Совет одағына танылған Майымбет деген жырау болған екен. Орыстың үлкен қалагерлерінің аудармасымен шығармалары бүкіл одаққа тарап отырған. Социалистік құрылыс, совет адамы туралы жырлар, т.б. 1936 жылы Мәскеуде Қазақ өнері мен мәдениетінің декадасы болар тұста билік Майымбет жырауды іздеген. Ең қызығы, Майымбет деген ақын өмірде жоқ болып шыққан, болмаған да. Өмірде бар нақты адамды табу қажеттілігі туғанда, ақын Әбділда Тәжібаев өзінің ақындығымен, импровизаторлығымен танылған, дала жыршысы Жамбыл Жабаевты ұсынған. Оның беделді топтан тұрған әдеби хатшылары жасақталған. Неге советтік идеология мұндай қадамға барды? Демек, әдебиетті идеологияның құралы ретінде пайдалану қажеттігі туған. Майымбетті ойлап тауып, сол ақын арқылы халықты идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеуді көздеген. Ұлттық кітапхана мұрағатында «қазақ

Гомері» атанған Жамбыл ақынның латын әрпімен жазылған көптеген өлең кітаптары сақталған. Сондағы түпнұсқаларда «халық жауы», «ортамызда сұр жыландар жүр» деген тіркестер кездеседі. Кейінгі текстологиялық түзетулер мұның бәрін «партия», «Ленин» деген ұғымдармен алмастырған. Әрине, бұл «полицелік сарындағы» өлең жолдары халық ішінде абырой-беделі бар ақынға әдейі танылып, өзінің миссиясын атқарды. Бізге шын Жамбылды тану үшін, шығармашылық келбетін айқындау үшін оның Қазан төңерісіне дейінгі айтыстарын, өлеңдерін зерттеу керек [3].

Қазақстанның әлемдік дидарын қалыптастырып, жағымды имиджін жасауда БАҚ-тың алатын орны ерекше. «Баспасөзде аталып өтпеген оқиғаны өтпеген оқиға деп санау керек», – деген батыстық пиар саласы мамандарының сөзі бекер емес. «Есітуше мемлекет» құрып, азаматтық қоғам қалыптастыруда тәуелсіз БАҚ-тың алатын орны ерекше. «Қазір елімізде реформалар жүргізіліп жатқанын ешкім жоққа шығармайды. Барлық салада біртіндеп сапалы өзгеріс болып жатыр. Мұның барлығы еліміздің болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан әрбір реформаны тиянақты әрі түпкілікті жүзеге асыру аса маңызды. Ең бастысы қоғамда жасампаздық рухы дәріптеле беруі тиіс. Ашық пікірталас және мазмұнды диалог қашанда болуы керек. Бұл елімізді одан ары өркендету үшін қажет. Әдетте мәселе жан-жақты талқыланса, дұрыс шешімі табылады. Бірақ, демократия деген желеумен қоғамға іріткі салатын әрекетке жол берілмейді. Мұны естен шығармаған жөн. Плюрализмге ашық, радикализмнен қашық болуымыз керек», – деді ҚР Презденті Қ-Ж.Тоқаев [4]. Дұрыс байлам. Демократия мен демагогияның шекарасын ажырата білген дұрыс. Бір елдің бір елге ақпараттық үстемдігі әсери басымдықтан да қауіпті екенін алыс-жақын шет мемлекеттердегі орын алған түрлі-түсті төңкерістерден көріп-біліп отырмыз. Өз баспасөзін өзгеге билетіп, идеологиялық жұмысты босаңсытып алған елдің болашағы жарқын болған емес. БАҚ саясатында елшіл, мемлекетшіл рухтағы жариялымдарға басымдық берген абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбу Әли Ибн Сина. Канон врачебной науки. – Ташкент, 1996. 1-том.
2. Жұмәділов Қ. «Жазушылық жанкешті өнер» // Қазақ әдебиеті, 24. 06. 2013.
3. Құлахметов Ф. «Жамбыл сталинист пе? // Арай, №2, 1989.
4. Тоқаев Қ-Ж. Демократия деген желеумен қоғамға іріткі салатын әрекетке жол берілмейді // ҚазАқпарат, 16.11.2021.

ЛОНГРИД – АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАТЫ

Инжу Балтабекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан,

Нұр-Сұлтан қ.,

e-mail: baltabekkyzy@gmail.com

Аннотация. Мақалада заман талабына сай икемделген журналистиканың ақпарат тарату форматының бірі – лонгридтің шығу тарихына тоқталып, бұл форматқа қойылатын талап жөнінде сөз қозғалған.

Қазіргі уақытта оқырман ақпараттың басым бөлігімен интернет желісінен таныс болады. Оған сапалы контент ұсыну үшін мультимедиялық журналистиканың мүмкіндігін толық қолданған жөн. Ал лонгрид – заманауи трендтердің бірі. Лонгридтің көмегімен көлемді мәтінді презентация, инфографика, бейне-жазба, түрлі әуендік жиынтықтарды ықшамдап, сапалы контент ретінде ұсынуға болады.

Бұл мақалада автор сарапталған ойдың фото, видео, фото және инфографиканың көмегімен берілуінің оң тұстарына тоқталып өтуге тырысты.

Түйін сөздер: лонгрид, мультимедиялық журналистика, журналистика форматы, жаңа медиа, интернет, мәтін, иллюстрация, контент, визуал, мультимедиа

Annotation. This article is dedicated to the history and demands of Longrid, one of the most modern forms of journalism. Nowadays, the reader receives a lot of information with the help of the Internet. Therefore, journalists need to use the full potential of multimedia journalism to provide quality content.

With this format, you can present long materials in the form of compact and high-quality content. Using: text, presentations, infographics, videos, various audio and photos.

Key words: longrid, multimedia journalism, journalism format, new media, internet, text, illustration, content, visual, multimedia

Кіріспе

Бүгінгі таңда адамзат ақпарат заманында өмір сүреді. Оқырман мен көрермен қажетті жаңалықты қалаған уақытта оқып, онымен тез арада таныс болғысы келеді. Яғни, ақпарат легі БАҚ-тың

жұмысынан екі есе жылдам. Өйткені цифрлы технологияның дамыған уақытында олар кешкі жаңалықты күтпей-ақ, мерзімді басылымның кезекті санына жазылмай-ақ, смартфонның көмегімен кез келген ақпараттан хабардар болады. Қазіргі уақытта азаматтардың таңдау аясы кең. Мәселен, оқырман өзі қалаған интернет басылымды оқып, жаңалықтарды сұрыптай алады. Ал бұдан 10-15 жыл бұрын көрермен телеарна ұжымының әзірлеген кестесіне бағынышты болатын. Осы ретте БАҚ-тың алдында үлкен міндет тұрғаны айшықталады. Ол – тұрақты оқырман мен көрерменді ұстап тұру және сапалы контент ұсыну. Бұған жету үшін жаңа технология мен ғалам торабының мүмкіндігін толық пайдаланып, канал/сайт/газет-журналдан бөлек, әлеуметтік желідегі ресми парақшаның көмегімен де ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу маңызы жоғары. Бұл ретте мультимедиалық журналистика мен ақпаратты ұсынудың түрлі форматтарының пайдасы мол. Бұл жаңашылдықтың дәстүрлі медиа үшін де артықшылығы көп. Мәселен, газет-журналдар басылып шыққан мақалаларын сайтқа орналастырып, оған мәтіннен бөлек қажетті видео, аудио, инфографиканы қоса тіркей алады. Жасыратыны жоқ, оқырман қазір ұзын-сонар мәтінді соңына дейін оқымайды. Ал оның назарын ұстап, қызықтыру үшін мультимедианың тиімді тұстарын ұтымды қолданған жөн.

Бұл мақсатта соңғы жылдары ақпарат тартудың сұранысқа ие тәсілі «лонгрид» форматы қолданылып келеді. Лонгрид ағылшын тіліндегі «long» – ұзақ, «read» – оқу деген сөзінен шыққан. Мұндағы мәтін көлемі 1 300-1 500 сөзден тұрады, немесе 7 000 белгіні құрайды. Мұнда іш пыстыратын көлемді мәтін жоқ. Лонгрид – мәтін, видео, сурет, инфографика, презентация мен музыкадан құралған жиынтық. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сондай-ақ тек мәтінді толықтырып қана қоймай, оқырманға жаңа ақпарат беріп отырады. Яғни, бастысы, жинақылық пен үйлесімділікті жоғалтпау керек. Лонгридте бірнеше бөлікке бөлінген мәтін көлемі, қаріп түсі маңызды рөл атқарады. Айта кетерлігі, бұл форматтың көмегімен нақты тақырыпқа жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндігі бар. Осылайша, мақаланың мән-маңызы мен тақырыбы жан-жақты ашылады. Визуал тұрғысынан да лонгрид көмегімен құрылған мақалалар тартымды, әрі оқылымды болары сөзсіз. Жалпы, лонгрид авторларының негізгі мақсаты – оқырманның назарын өзіне аударып, оған ерекше хикаяны баяндау.

Осы ретте, мәтін көлемі мен ұзақтығына тоқталып өтелік. Ақпарат заманында ғалам торабында «ұзақ мәтіндерге жол жоқ» деген пайым бар. Мамандардың айтуынша, уақыт тапшылығы мен қарбаластың ортасында жүрген адамдар тек қана қысқа мәтіндерге қызығушылық танытады. Бұл жөнінде зерттеуші Милена Цветкова өз ғылыми еңбегінде келесідей түсінік берген. Оның пайымынша, көп оқымайтын адамдардың қабылдауы бөлек. Олар көлемді мәтінді қабылдауда қиналады, олардың назары шашыраңқы, өздері – шыдамсыз. Бір ақпараттан екіншісіне көшуге бейім келеді. Мұндай оқырманның қиялы нашар дамыған, формальды ойлау қабілеті болғанымен, күрделі логикалық функциялар мен терең талдау қабілетін жоғалтқан. Сандық ақпараттың көптігіне тап болған кезде, мұндай адамдар оны қабылдау үшін өте аз интеллектуалды күш жұмсайды. Сол себепті, оқыған ақпарат мағынасын түсінуге деген ынтасы төмендейді [1].

Немістің профессоры, философ, БАҚ теориясын жасаушылардың бірі Норберт Больцтың айтуынша, «медиа тарихы алты дәуірден тұрады: ауызекі тіл – жазбаша тіл – кітап – масс-медиа – цифрлану – желілік технологиялар дәуірі [2]. Ауызекі тіл мен риторикалық техниканың бірте-бірте дамуы – біздің заманымызға дейін орныққан процестер. Ал медиа тарихындағы алғашқы кезең жазбаша тілдің қалыптасуы болып саналады. Хат танығаннан кейін кітаптар жазыла бастады. Масс-медиа дәуірі ең алғашқы кітап жарыққа шыққан сәттен бастап орнады, бірақ бүгінде біз масс-медиа дегенде, газет, журнал, радио және, ең бастысы, телевизияны айтамыз. Біз үшін ол құралдар енді «жаңа медиа» саналмайды. Себебі, масс-медиа мен қазіргі заман арасында цифрлану дәуірі орын алды. Компьютерді өзінің мәдени-тарихи маңыздылығы жағынан тек баспа станогымен салыстыруға болады. Ал соңғы жылдары біздің қызығушылығымыздың ақпаратты өңдеуден коммуникацияға ауысқанын аңғарамыз, яғни цифрланудан кейін «желілік технологиялар дәуірі келді». Желілік технологиялар дәуірі – бұл, керісінше, қарқынды технологиялық жылдамдықпен өлшенетін нақ осы шағымыз. Сондықтан жаңа медиада ақпарат таратуда түрлі тәсіл, формат пен шығармашылық көзқарас қажет.

Десе де, жаңашыл форматқа жататын лонгридтің көмегімен оқырманға кез келген тақырыпты ұсына алмаймыз. Өйткені лонгридке арқау болатын тақырып терең зерттеуді, көптеген дерекпен жұмыс істеуді талап етеді. Мұнда бір күндік жаңалыққа, хайпты көздейтін ақпаратқа орын жоқ. «Медиа конвергенция және мультимедиалық журналистика» қосымшасында Мария Лукина мен Наталья Лосева-ның айтуынша, лонгридке икемделу үшін ақпарат мазмұны белгілі талаптарға сәйкес келуі керек екен.

Мысалы:

- Оқиға (сюжет) белгілі бір уақыт аралығын қамтуы керек;
- Бұл оқиғаның құрамында «ең» деген эпитетпен сипаттауға болатын эпизод;
- Графикалық тәсілмен беруге болатын мәлімет;
- Ақпарат алуандығы;
- Видеоны қолдана алу мүмкіндігі болуы керек.

Негізгі бөлім

Ақпаратты таратудың қазіргі уақытта кең сұранысқа ие форматы – лонгрид Қазақстанда 4-5 жыл бұрын ғана қолданыла бастаса, ал АҚШ-та аталған ұғым 2012 жылы пайда болды. Ең алғаш «лонгридте» анықтама берген – американдық зерттеуші Трэвис Воган мен Дэйвид Д-аулинг. Олар бұған «медиа мәтіннің ерекше түрі» деп анықтама берді. Ал аталған форматтағы мақала ең алғаш «The New York Times» газетінің сайтында жарияланды. Оның тақырыбы – «Show Fall». Мақала шаңғышыларға арналған еді. Мақаланың қаралымы бірден өсіп, басылымға үлкен жетістік әкелді [3].

Қолдану аясында лонгрид мультимедиалық журналистикамен қатар қолданылады. Өйткені көлемді мәтіндер міндетті түрде видео, дыбыс, карта, фотомен берілуі керек. АҚШ-тың Тэмпл университетінің зерттеуші-ғалымы Сьюзан Джейкобсонның айтуынша, лонгрид материалдардың арқасында авторлық журналистика дамып отыр [4]. Ол мұндай тұжырымға американдық интернет сайтта жарияланған 50-ге жуық лонгрид материалдарға контент-сараптама жасау арқылы көз жеткізген. Иә, заманауи трендтің тигізер пайдасы мол. Өсіресе, тарих сахнасынан жоғалады деген дәстүрлі журналистика мұны жетік меңгеруі керек. Себебі, оның көмегімен сапалы контент жасау мүмкіндігіне ие болады. Яғни, ақпараттық технология арқылы сапалы, жан-жақты сарапталған материал құрастыру мүмкіндігі бар. Мәселен, лонгрид журналистерге шығармашылық мүмкіндіктерін толық көрсетуге, ал аудиторияға – жаңа кезеңге аяқ басуға, жоғары сатыға көтерілуге және медиа мазмұнды ақпараттарды жеңіл, әрі жағымды қабылдауға мүмкіндік береді.

Ал бұл бағытта шығармашылық топтың етене жұмыс істеуі – басты шарт. Өйткені тартымды әрі оқылымды лонгрид – редакцияның ортақ жемісі. Бұл ретте журналист пен дизайнер ой қорытып, ортақ шешімге келулері керек. Лонгрид форматында материалдар дайындау үшін Tilda.cc веб-қосымшасын қолдану тиімді. Сайтта жұмыс істеу үшін алдымен пошта арқылы тіркелу қажет. Кейін ұнаған дизайнда лонгрид форматты материалды дайындауға болады.

Қорытынды

Айта кетерлігі, бүгінде қазақтілді басылымдар нарық талабына икемделген. Олар сайт арқылы ақпарат таратып, сараптамалық мақалаларды қалың оқырманға таратуда. Бұл ретте «Егемен Қазақстан» мен «Айқын» газеті мультимедиалық журналистиканың тәсілдерін ұтымды қолдануда. Сондай-ақ, тілге тиек болған лонгрид тәсілін де басты назарға алған. Осы ретте, Айқын.kz-те лонгрид тәсілі арқылы жарияланған материалдарға шолу жасаған болатынбыз. «Квасисектордың қызығын кім көреді?» деген мақала назарымызға ілікті. Мақала авторы – Халима Бұқарқызы. Ал видео мен монтажға жауапты – Асқар Ахметқазы. Мұнда проблемалық лонгрид түрі қолданылған. Өйткені автор ең алдымен сұрақ қойып, сол сұраққа жауап іздеген: «Биыл мемлекеттік аппарат пен квазимемлекеттік сектордағы қызметкерлер саны 10 пайызға, келесі жылы 15 пайызға қысқаруы тиіс. Қысқартудан үнемделген қаражаттың есебінен қалған қызметкерлер жалақысын көбейту көзделіп отыр. Бұл қысқартуда да саланың ең төменгі буынындағы жұмысшылар «құрбан» болып кетпей ме деген алаң бар. Себебі, қай қысқартуда да топ-менеджерлердің ұпайы түгел шығады, жалақысы да жыл сайын өсіп тұрады. Ал олардың жұмысынан экономикамызға келген пайда бар ма? Жалпы, біздің елде квазисектордың қызығын кімдер көріп жүр?» деп, әрі қарай экономистер мен сарапшыларға сұрақ қойып, олардың пікірін негізге ала отырып сараптамалық ізденіс жүргізген [5]. Мұнда мәтіннен бөлек, фото, видео мен инфографика қолданылған. Көлемді мақала бірнеше тақырыпшаларға бөлініп берілген. Сондай-ақ маман пікірлерін қызыл түске бояп берген екен. Бұл да оқырман назарын өзіне қаратып, жалықтырып алмаудың бір тәсілі екені белгілі. Видеоның ұзақтығы – 3 минут 47 секунд. Автор мұнда өз ойын жинақы түрде жеткізіп, мысалдарын жеткізе алған. Түрлі фото мен шаблондарды монтаж барысында пайдаланып, сол арқылы бейнеге ажар қосқан.

Жалпы, қазақ басылымдарының жаңашылдыққа бет бұрған бастамасы жақсы. Десе де, лонгридті толық пайдалана алатын отандық ақпараттық сайт саны аз. Ал медиа өнімді тұтынушылардың сұранысын ескерсек, олардың ең алдымен интернетке жүгінетінін басты назарға алсақ, қазақтілді ба-

сылымдарға журналистиканың заманауи форматтарын, оның ішінде лонгрид форматын әлі де жетілдіру керегі айқындалады. Өйткені лонгрид – қазіргі БАҚ-ты толығымен трансформациялау мүмкіндігіне ие құбылыс.

Қолданылған әдебиеттер

1. Tsvetkova M. The Revival of Long Reading: A New Multimodal Narrative Format. Postmodernism problems, South-West University, 2018, 8 (2), pp.249-275
2. Больш Н. Шесть эпох истории медиа. 2012. – URL: <http://teterin.raid.ru/shest-epoch-istorii-media>
3. Минс Р. Лонгрид: причины популярности длинных текстов. 2017. – URL: <http://madcats.ru/content-marketing/longreads-how-to>
4. Обухов Н. 10 правил сторителлинга. Available at: <https://special.theoryandpractice.ru/storytelling>
5. Аникина М. Мультимедийный лонгрид как новый формат журналистики //Журналистский ежегодник. Национальный исследовательский Томский государственный университет. 2015 г. Изд. 4. – С.56-61
6. Бұхарқызы Х., Квазисектордың қызығын кім көреді? [Электронды ресурс]. – 2020. – URL: <https://aikyn.kz/73538/kvazisektordyn-kyzygyn-kim-koredi/>

БАҚ-ТАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯҒА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Ақбөпе Бәкір

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты
e-mail: Akbop2008@mail.ru

Серікзат Дүйсенғазин

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент

Аннотация. Мақалада отандық бұқаралық коммуникация құралдарының жаңа дәуірдегі трансформациясы, мазмұндық және формалық ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, қазіргі медиа құралдардың кемшіліктері мен артықшылықтары туралы, аудиторияның сұранысы зерттелген.

Автор цифрлық технологиялардың әсерінен туындайтын проблемаларды, оларды шешу жолдарын табуға көңіл бөліп, ұсыныстар берген.

Түйін сөздер: кәсіби журналистика, ағартушылық функция, заманауи технология, трансформация, БКҚ, контент, «субъективті бағалау», ақпарат, дәстүрлі масс-медиа.

Кіріспе

Қазіргі таңда бұқаралық коммуникация құралдары (БКҚ) заманауи технологиялар дәуірінің, бүгінгі өркениеттің ұсынатын мүмкіндіктерін барынша қолданып келеді. Бұл – әлемдік интернет желісінің арқасында туындаған жағдай. Ғаламтор бізге шексіз ақпарат айдынын, білім мен ілім және қызықты деректер, құжаттар қорын ұсынып отыр. Ал, журналистер осы баға жетпес құндылықты тиісінше, өз деңгейінде қолдана алуда ма? Сол «деңгейдің» өлшемі қандай? Шекарасы мен шегі бар ма? Оның параметрлерін кім белгілейді? Әлде барлығын ешкімге жауапкершілік жүктемейтін баяғы «субъективті» бағалау және «қанша адам болса, сонша пікір бар» деп жылы жауып қоюға бола ма? Сұрақтардың жауаптардың объективтілігі де, толықтығы да журналистер қауымына байланысты.

Әрине, ақпаратты тұтыну аудиториясы білім мен мәдени деңгейіне, әлеуметтік сапасына қарай да біркелкі емес. Екінші жағынан, журналистер аудиторияға қызмет етеді, қоғам мен азаматтардың мүдделері мен қызығушылықтарын зерттейді, сұраныс тудырған тақырыптарды қозғауға тырысады. Бұл жерде медиаға жүктелетін маңызды ағартушылық функцияны да ұмытпаған жөн. Осындай факторлардың ықпалымен журналистің шығармашылық өрлеуі мен дамуы қандай негіздерге сүйенуі тиіс?

Бұл сұраққа белгілі ғалым, профессор Тауман Амандосовтың сөзімен былай жауап беруге болады: «Хабар – журналистік жұмыстың негізі болып саналады. Қалың бұқара өмірде болып жатқан жайлармен хабардар болу мақсатымен газет оқиды, радиохабарды тыңдайды, кино мен телевизияны көреді. Мұның өзі қалың бұқараның күнделікті өмір талабына сай, әлеуметтік өмірде болып жатқан жайларды, оқиғаларды, құбылыстарды оқығысы, естігісі, көргісі келетін ынтызарлықтан туады. Міне, хабарға деген бұқараның осы ынтызарлығы публицистикалық хабар жанрларын кең де өткір қолдануды талап етеді. Бұл талаптарды орындау

үшін журналист қоғам дамуының объективтік жағдайынан, сондай-ақ субъективтік факторларынан да хабарлар беріп тұруға міндетті. Бұл хабарлар қалың бұқараның санасына әсер ететін болғандықтан, көркем әдебиет пен ғылым саласын да, саяси өмірді де түгел, жан-жақты қамтып отыруға тиіс».

Алуан түрлі БҚК-ыны оқып, көріп, тыңдап отыратындардың көпшілігі – алдына келген астың пайдасы мен зиянын ажыратпай, жағымды не жағымсыз екенін талғамай, тұтастай жұта салуын қомағай «сом» балығына ұқсатуға болар. Ашып айтсақ, ақпаратты іріктеу, жіктеу, бұған дейінгі болған мәліметпен қаншалықты қиысатынын бажайлап, мүмкіндігінше тексеріп алу қажеттігіне бас қатырғысы келмейтін сияқты. Ол жалқаулық па, білімнің жоқтығы ма, енжарлық па?

Адам – болмысынан эгоист. Басым көпшілігі жақсы заттарды, сыпайы қарым-қатынасты, ыңғайлы киім үлгілерін, таза тағам мен сусынды таңдайды. Ал, бірақ рухани болмысы мен психологиялық тұрақтылығы үшін биік талаптар қоюды ұмытып жатады.

Көзмен көргенді, құлағымен естігенді, қол астынан табылғанды қалт жібермей, ешбір сүзгісіз санасына сіңіруге асығады. Осы мезетте тәкаппарлығы мен талғампаздығы да қалғып кетеді. Неге естіген немесе оқыған әрбір сөзге сыни көзбен қарап, ақ-қарасын ажыратып, тазартып, аршып алмасқа.

Негізгі бөлім

Жаңа кезеңде Қазнет-тің жандануы нәтижесінде жаңа медиа арналары дамыды: көптеген БҚК дәстүрлі түрден заманауи мәтіндер мен құрылымдарға ауысты, қазақтілді контенттер мен аудиовизуалды ақпарат көлемі артты, таралу ауқымы кеңейіп, қолжетімді бола түсті.

Академик Ғарифолла Есімнің: «...Біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтасырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» сақтауы мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария етілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде» – деген пікірі интернеттің зор мүмкіндігін паш етеді.

Тағы бір мәселе – интернет дәстүрлі журналистикаға көп өзгеріс алып келді. Интернет журналистика пайда болды. Ғаламтор қойнауы шексіз, көлемді және алуан түрлі ақпараттармен ерекшеленеді. Заманауи ақпараттық технологиялардың даму нәтижесінде дәстүрлі масс-медианың электрондық нұсқалары бәсекелестікке түсетін жағдайға жетті.

Енді осы интернет аудиторияның сұраныс деңгейін, талғамын көтеру үшін қазіргі таңда журналистке қойылар талап күшеюде. БҚК өкілдерінің адамгершілігі мен азаматтық жауапкершілігі жоғары, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзырет биік, өз ісінің нағыз маманы болуы шарт.

Бүгінде, ғаламтор қоғам өмірінің барлық саласына енуде: саясат пен экономика, әлеумет, мәдениет, өнер, тіпті күнделікті тұрмыс-тіршілігіміз де желімен тығыз байланысып, біте қайнасып жатыр.

Бүгінде интернет жүйесі – ақпарат алмасу, әлемдік нарыққа шығу, инвестиция тарту, отандық экономиканың әлеуетін арттыру, кәсіпкерлікті, ғылым мен білімді, мәдениет саласын дамытуға зор үлесін қосып келеді. Қоғамның азаматтық белсенділігін арттыруда шешуші рөл атқаруда. Мысалы, қазіргі әлемдік пандемия жағдайын ескере отырып, интернет конференциялар өткізу дәстүрге айналды. Бұл – заман мен уақыт талабы. Осылайша, бұл үрдіс қарым-қатынастың тиімді түріне айналуға кез келген азамат интернет арқылы сұрақ қойып, өзіне қажетті жауабын алады, интернеттегі ресурстарда интернет форумдар өтеді.

Осы орайда айта кетер бір мәселе – дәстүрлі масс-медианың электрондық форматқа көшу жолдары мен кезеңдері. Олардан цифрлық форма ғана емес, үнемі интерактивті болуы да талап етіледі. Аптасына, айына бір рет немесе күнара шығатын басылымдар – жаңа шығарылымдарын сайтқа жүктеумен ғана шектелу өз аудиториясын жоғалту екенін дұрыс түсінулері тиіс. Қазақстанды кейбір медиалар жаңа мақалалары мен материалдарын интернеттегі сайттарына толық жүктемейді. Оларды іздеу барысында тек сілтеме, тақырыбы немесе тезистері ғана көрсетіледі. Ал, кері байланыс кейбір медианың сайттарында мүлдем жоқ.

Халықта «шамаң жетсе, уақыттан оза жүр, жетпесе қатар жүр, бірақ еш уақытта заманнан қалма» деген жақсы сөз бар. Жаһандану үрдісіне тереңдеп енген сайын біздің елімізде де ғаламторды пайдаланушылардың саны артып келеді. Түрлі зерттеулердің нәтижелері Қазақстанда тұрғындардың интернетпен қамтылуы 85-90% аралығында екенін көрсетуде. Осындай қарқынмен өсетін болса, алдағы 10 жылдың ішінде біздің еліміздің әрбір тұрғыны, жер беті интернетпен толық қамтылады деп болжауға болады.

Интернеттің қымбаттығы мен IT мамандардың жетіспеушілігі, заңдарды жетілдіру қажеттігі әлі де күн тәртібінде екені айтылды. Енді медиаға жүктелетін тағы бір мәселе бар. Ол – контент жасау, оның сапасы.

Бұл проблеманы шешу жолдары қандай болмақ? Әрине, жиі оқылатын тақырыптар мен қаралымы көп ақпараттардың барлығының мазмұны терең, мағынасы кең, салиқалы бола бермейді. Бүгінгі медиа құралдардың мазмұны даулы, елді дүрліктіретін оқиғалардан, жеңіл әзіл мен танымал адамдар туралы таласты мәліметтерден аса алмай жатады. Бұндай жанжалға толы жаңалықтар аудиторияны қысқа уақыт қана өзіне бұруы мүмкін. Сондықтан, «жеңіл мазмұнды» медиа үшін күнделікті дүрліктіретін ақпарат табу, жариялау, ондай ақпарат жоқ болса ойдан құрастыру қалыпты жағдай.

Бұндай мәліметтердің жалған екені дәлелденген күннің өзінде басты мақсат орындалады: жазылған не көрсетілген хабарлама желіге таралып кетеді. Жалған хабарламаның кімнің мүддесіне нұқсан келтіргені, соңы немен аяқталғаны ешкімге қызық емес. Қысқа уақыт ішінде аудитория даулы «жаңалықтың» неден басталғанын, кімнің таратқанын да ұмытып жатады.

Себебі, болмашы дүниеден «дүрлікпе» (сенсация) жасап, арты дауға айналып жатса, тайқып шыға келетіндер мен өзі де терең үңіліп, байыбына бара бермейтін, бірақ өзі «шығарған» нұсқаны жалған болса да қорғайтындар да кездеседі. Қазір дерек пен дәйекке емес, өкінішке қарай, «бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін алатындардың» заманы жүріп тұрғандай. Бірақ, бұл – уақытша құбылыс.

Мұның этика мен сөз бостандығы талаптарына, тіпті, қарапайым адамгершілік тұрғыдан да еш қисынға келмейтініне кейбір журналистер ойланбайды. Бір өкініштісі олар өздерін «журналист» деп атайды. Бірақ біздің әріптестеріміз мұндай «хайп» шығармашылыққа, арзан, біркүндік атақ-даңққа ұрынбайды деп сенеміз. Бұл жерде тапсырыс немесе қандай да бір мүдделер қайшылығының құрбаны болу бөлек әңгіме. Бір мысал келтірейік. Бұны жарнаманың әлеуметтендірілген «жасырын» түріне жатқызуға болады.

Жақында [tengritravel.kz](https://tengritravel.kz/my-country/ya-ne-dojdalsya-Pfizer-poluchil-sputnik-V-razmyishleniya-448687/) сайтында «Как я не дождался Pfizer и получил «Спутник V» – размышления о вакцинации» деген материал жарияланды. Сілтемесі: <https://tengritravel.kz/my-country/ya-ne-dojdalsya-Pfizer-poluchil-sputnik-V-razmyishleniya-448687/>

Мақалада журналист Әлишер Ахметов өзі салдырғысы келген вакцинаны күтіп жүргенімен ол әлі келмегінін жазады. Ал елдегі талаптар қатаңдатылып отырған соң, еріксіз барып, басқа вакцинаны салдырғаны туралы басынан аяғына дейін баяндайды. Бірақ мұнда «Спутник V» вакцинасының жарнамасы астарланып берілсе да сөз арасында анық көріне береді. Мақала өте қарапайым тілмен, түсінікті етіп жазылған және ешқандай ашық үгіт-насихаттың болмағаны қуантты. Мақала суреттермен толықтырылған, оқырманды жалықтырмайды. Себебі, қазір оқырман ұзақ лонгрид материалдарды соңына дейін оқымауы да мүмкін. Сондықтан, көлемді мақаланы бөлімдерге бөлу – тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Және ең ұтымдысы – сырттай сайрап отырып, ақыл айту емес – өз басынан кешкендерін жазу әсерлі әрі нанымды шығады. Мақаланы репортаж деуге де келетін сияқты.

Жалпы электрондық медиадағы кемшіліктердің негізгісі – білікті мамандардың тапшылығы. Осы мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан түрлі шаралар іске асырылуда. Сонымен қатар, цифрлық медиа әлеуеттің өсуіне IT мамандардың жетіспеуі де кері әсер етуде. Осындай проблемаларды шешу үшін 2020 жылғы халыққа дәстүрлі Жолдауында мемлекет басшысы осы сала мамандарын көптеп оқытуға тапсырма да берді. Елімізде интернеттің баяу енгізілуі, кең жолақты стандарттарды қолданудағы кемшіліктер мен бұл саладағы бәсекелестіктің төмендігі провайдерлер қызметінің қымбаттығына себеп болуда. Халықтың басым бөлігінің төлем қабілетінің төмендігінен өзіне қажетті қызметтер алып, рухани сұраныстарын қанағаттандыруда интернеттің көмегіне жүгіне алмай отырғандардың саны да аз емес.

Тағы бір проблемалық түйін. Елімізде ақпараттық коммуникациялық технологияға қатысты субъектілердің іс-шараларын құқықтық деңгейде реттеуге бағытталған заңнамалық актілердің заман ағысынан қалып қоюы да қарқынды дамуға тұсау болуда. Республика деңгейіндегі орталық басқару органдарының ақпараттық сайттарының сапасына айтылып жүрген сын-қарастар да аз емес. Олардың мемлекеттік тілде беретін ақпараттарын да сапалы әрі толық деп айта алмаймыз.

Қазақ тілінде интернет жүйесі арқылы төл әліпбиімізбен ақпарат алмасу проблемасы да біржақты шешімін таппай келеді. Әлеуметтік желіде халықтың сауатын жетілдіріп отыратын қазақ тіліндегі ақпараттық сайттар саусақпен санарлық. Жоғары білікті мамандар даярлау, компьютерлік техника жасау өнеркәсібін жолға қою, компьютерлік бағдарламаларды қазақ тіліне бейімдеу сияқты мәселелер де мемлекет тарапынан арнайы қолдауға мұқтаж.

Қорытынды

Ақпараттық үрдістердің ықпалымен бұқаралық коммуникация саласы түбегейлі трансформацияға ұшырады. Бұл заманауи технологиялардың әсері деп айта аламыз. Адамды қоршаған ақпарат массивтері, мәліметтер жиынтығы өсуде. Алайда, осыншама көлемді ақпараттық ағындардың арасынан қажеттісін табу, шындық пен жалғанды ажырату қиынға соғуда. Себебі, ақпарат таратуда жауапкершілікті ұмыту белең алуда. Ең бастысы – ақпаратты бірінші болып тарату, желіге жүктеу.

Осындай негативті үдерістердің әсерімен контенттің сапасы төмендейді, тұтынушының сенімі жоғалады. Сондықтан, қазір бастысы – электрондық немесе дәстүрлі бұқаралық коммуникация құралдарының өкілі болсын, барлығына бірдей қойылатын ортақ талап – шыншылдық пен объективтілік және барлық тараптардың пікірін ескеріп қана, халықтың назарына ұсыну. Бұл нормалар әрбір журналисттің жеке ұстанымына айналғанда ғана – отандық кәсіби журналистикаға жаңа тыныс бітіп, серпінді дамуға жол ашылады. Нәтижесінде, көрермен, тыңдарман мен оқырманның алдында жазған адамның ары таза болады. Сонымен қатар, бұл ауқымды аудиторияға таралатын контенттің сапасы мен мазмұндық деңгейін көтеруге ықпал етері сөзсіз.

Әрине, жеңіл контентті ұнататын адамдар үнемі болады. Бірақ, медианың басты мақсаты – салмақты да ауқымды тақырыптарды сауатты беру, қоғамның ақпараттық, мәдени және ағартушылық сұраныстарын қанағаттандыру.

Аудитория мен журналист бір-бірінің айнасы. Яғни, бір-біріне қарап кескінін, түр сипатын түзей алады. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген мағыналы нақыл бар. Әрбір қоғам өзіне сыншы болып, өз кемшілігін түзетуі тиіс. Абай дананың сөзімен айтсақ:

«Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?»

демекші, сыртқы бейнені ғана емес, ішкі рухани және саналық дәрежені бағалауға көңіл бөлетін уақыт келді.

Қазақ қоғамындағы айтылып, жазылып жүрген ойлар осы түйінді қорытындымызға дәлел бола алады. Бұның бәрі аз ғана уақытты дұрысталатын дүние емес. Бірақ, осы айтылғандар қоғамдық санаға сіңіп, көпшіліктің дағдысы мен ойлау машығына айналса нәтиже де көп күттермесе керек. Аудитория мен журналист бірін-бірі қамшылап тәрбиелесе, сұраныс күшейіп, талғам өссе елдік мұраттарға жетудің қиындығын еңсеру оңай болмақшы.

Ендеше, қазақстандық бұқаралық медиа құралдар технологиялық жағынан жаһандың деңгейде дамып, заманға сай ілгерілеп келеді. Әлемдік үрдістерден қалмай, толыққанды даму үшін – мағыналық әрі мазмұндық трансформация қажет. Ақпарат тұтыну мәдениетін аудиторияға үйрету, медиа сауаттылықты арттыру журналистер қауымының абыройлы міндеті деп түсінген дұрыс.

Бұл – жаңа дәуірдегі қазақ журналистикасы үшін маңызды қызмет. Қызметті жақсы атқаруға жеткілікті мүмкіндіктер бар. Журналистер қауымы өзінің материалына жауапкершілікпен қараса, ақыл-парасат таразысына салып, ұлттық мүддеге сәйкестігін ұмытпаса, ал, сол ақпаратты тұтынатын аудиторияның талғамы биік болса, дауылды ақпараттық кеңістіктегі пайдалы немесе қауіпті контентті ажырату, сыни ойлау қабілетіне ие болса – қоғам мен елдің бейбіт дамуына қажет сапалы материалдар да көптеп дүниеге келеді деп сенеміз.

Пайдаланған деректер тізімі:

1. «Ана тілі» газеті, «Біздің сұхбат», 05.11.2017 ж, «Академик Ғарифолла Есім: Қазақ философиясының негізі тілде тұр». Доступно на URL: <https://kazgazeta.kz/news/56812>
2. «Мінбер» ақпарат агенттігі. Тауман Амандосов «Публицистика жанрлары». Сілтеме: <https://www.minber.kz/2011/11/tauman-amandosov-publiczistika-zhanrl/>
3. Тертычный А.А. Аналитическая журналистика: познавательльно-психологический подход. – М.: «Гендальф», 1998. – 256 с.
4. Огурцов А.П. Этнос науки и риторика (От нормативного разума к коммуникативной рациональности) // Личность. Культура. Общество. – 2005. – Т. 7, № 3. – С. 107-135.
5. Андрианова Т.В. Культура и технология. Сілтеме: http://istina.inion.ru/HTML/R_ANDR_SB.htm
6. Вернадский В.И. Биосфера и ноосфера. – М.: Айрис-пресс, 2009. – 573 с.

БІЗ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ

Динара Боранбай,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 2-курс студенті

Назкен Жансерікова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының оқытушысы

Еліміз егемендік алып, етек-жеңімізді жиғанымызға да ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Жыл өткен сайын Қазақстанымыз өркен жайып, тамырын тереңге салып, қарыштап алға басып, қуатты мемлекетке айналуға. Сан заманның залалы мен зардабы, қайғысы мен қасіреті қаймана қазақтың маңдайына сор болып жабысты. Бірақ, тағылымы терең тарихымыз талан-таражға түсіп, тұғырлы тұлғаларымыз тексіздердің табанында тапталып жатқан сәтте бір арман санамызда сөнген жоқ. Міне, бүгінде сол «Біз жеңеміз, тәуелсіз ел боламыз» деген арман бізді бейбіт өмірге жетелеп алып келді. Биыл тәңірі алқалаған тәуелсіздікке, аяқтағы темір кісенді үзіп, самұрық құстай биікке самғағанымызға 30 жыл! Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белесдеп білемін. Тарих тұрғысынан қарағанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Бұл бейбіт күнге біз қалай жеттік? Осы сұраққа бір сәт ойлансақ, кешегі Отан үшін от кешкен ата-бабаларымызды есімізге аларымыз сөзсіз. Себебі, біздің бақытымыз үшін сол батыр бабаларымыз қасық қаны қалғанша қазақ елі, жері үшін күресті, от кешті. Ұлы Отан соғысында талай батыр аға-әпкелер өз жандарын қиды. Атап айтсам Әлия, Мәншүк сынды батыр қыздардың ерлігі мәңгіге ұрпақ есінде сақталып келеді. Біздің қазіргі алаңсыз өмір сүріп жатқандығымыз батырларымыздың арқасында. Қарап отырсақ, қазақ халқының басынан небір қилы заман өтті. Тарихта аты шулы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген қаралы атқа ие болған 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығы қазақ жерін ойсыратып кетті. [1]. Бірақ бұдан да асқан жауыздық нәубетінің екі ғасырдан соң қайта келерін кім білген?...

1986 жылы қанды оқиға болды. Елінің егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты. Желтоқсан желі дауылға айналды. Өрттей заулаған өжет жастар ұлттық намыс құдіретін әлемге паш етті. Оның ішінде жалындаған Ләззат, Сәбира, Қайрат сынды жастар ерлігі еш ұмытылмас. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді. Сол жолда қылыш сермеді, талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашан да мойымады, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сенді және ол үміт ақталды. «Талай боздақ қара жерді жастанған» дегендей бұл күнге жету үшін ата-бабамыз қанын төкті, жаның берді, бүкіл жеріміздің тұтастығын сақтап ұрпақтан-ұрпаққа табыс етті. Бірақ қазақтың өр ұлдары мен қыздары көбеймесе азая қоймапты. Оның айғағы ел намысы үшін жанын құрбандыққа қиған «Желтоқсандықтар» болатын. Оның айғағы – дүниені дүр сілкіндірген, әлемге «Қазақ» деген атты паш еткен желтоқсан көтерілісі. Ерлігіміздің арқасында Қазақстан егеменді ел болып дүние жүзіне танылуға. 1991 жылы біздің Отанымыз егеменді, тәуелсіз қазақ мемлекеті болды. Біздің тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Бізге азаттың азаппен, арпалыспен келген. Тәуелсіздік тәуекелге түскен. Сондықтан да бұл бақытымыз баянды, ұзағынан сүйсіндіреді деп сенеміз» деген. [2]. Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. Азаттығымыз үшін жасалған қадамның барлығын тарихтың әрбір бетіне үңіліп, айқын байқауға болады. Қарап отырсақ, бізді тәуелсіздік алғаннан кейін де түрлі қадамдар күтіп тұрды және біз бұл қадамдарды нық әрі сенімді басып, жүріп өттік. Қазақ елінің бастан өткерген тауқыметтері еліміздің негізін қатайтып, бұғанасын тіктеуіне айтарлықтай әсер еткені белгілі. Биыл ел тәуелсіздігіне 30 жыл толып отырғанын қайталап, мақтанышпен айтсам артық емес деп білемін. Тар жол тайғақ кешумен келген Тәуелсіздік бізге шаттық пен бақыт сыйлады. Ұлт-азаттық көтелістер, Ұлы Отан соғысы мен желтоқсан оқиғасы, қатал сыннан өткен жандардың жанқиярлық ерлігі арқасында біз өмір сүру бақытына ие болдық. Қиын кезеңде ел тізгінін ұстаған Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Егемен еліміздің жаңа белестерін бағындыруда қабылдаған оң шешімдерінің нәтижесі қазақ елін биіктетті. Сол еркіндік деп атқан таңнан бастап біз сан мыңдаған асуды астық. Керегесі кең, іргесі берік ел болғанымыздың

дәлелі ретінде Ата-заңымызды жасадық, рәміздерімізді бекіттік, өз тарихымызды құрдық. Қазақстан мелекетіндегі бейбітшілік пен тұрақтылық, ынтымақ пен бірлік – басты қағидаларының арқасында осындай жетістіктерге қол жеткіздік. Әрине, тәуелсіздік жылдары көп істер атқарылды. Жас мемлекетімізде саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім қалыптасып, қазақ халқының береке, бірлігі артты. Тәуелсіздік атты қастерлі де, киелі бақытты бағалап, әрі қарай мемлекетіміздің өркендеуіне, гүлденуіне үлес қосу – біздің парызымыз. Отанға деген ыстық ықылас – мемлекеттің жарқын болуына септігін тигізер керемет сезім. Шоқтығы биік қазақтан шыққан шоқжұлдыз Шоқан Уәлиханов айтқандай: «Еліміздің өркендеп өсуі үшін азаттық пен білім керек», деген үні бүкіл қазақ үшін жаңғырып тұр. [3]. Тәуелсіздікке де қолымыз жетті. Енді тек жарқын болашағымыз үшін білім майданында, ата-бабаның ұрпағына артқан үміті жолында күресер уақыт келді.

Біз тұғыры биік, еңсесі тік, керегесі кең, бейбітшілігі тұтасқан, ертеңі бар елдің бүгінгі жастарымыз. Бүгінгі күннің жастары мен байырғы заман жастарының айырмашылығы неде? Меніңше, ол уақыт кеңістігінде және де сол байырғы жастардың төбемізіндегі қара бұлтты сейілтіп, бүгінгі күннің жастарына тәуелсіздік сыйлауында. Біз келешектің кемелі болар білімді, инновациялы, интеллектуалды ұрпақпыз. Мұның барлығы тәуелсіздігіміздің үлкен бір жемісі деп білемін. Көк байрағы көгінде желбіреген, еркіндік сүйген елде зайырлы өмір сүру кейбір елдерге қол жетпес арман. Бізде болса зайырлылық, демократия ата-бабаларымыздың арқасында қалыптасып, бүгінгі таңда біздің тәуелсіз бейбітшілігіміз мақтанышымызға айналып отыр.

Еліміздің елдігі, елдің мықты, айбынды бейнесі – сол бір мекен-аймақтың жергілікті тұрғындарының іс-әрекетіне, ойының кемелділігіне, адамзаттың бесікте жатқанда сіңірілген тәрбиесіне, парасаттылығы мен адамгершілік қайнар көзіне, отанына деген ыстық ықылас сүйіспеншілігіне байланысты болады. Егеменді, тәуелсіз Қазақстан Республикасы таң арайлап өзінің мақсатына, ата-бабаның асқақ арманына қол жеткізді. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуды аңсады. Қаншама батырларымыз, ержүрек апа-ағаларымыз елін, жерін қорғау мақсатында оққа ұшты. Тәуелсіздік – ата-бабамыз армандаған асыл армандарының бірі екенін білеміз. Ел болғанда да өзге елмен терезесі тең, өзгелер қызыға қарайтын ынтымағы жарасқан ел болса деді. Ұрпағымыз тілін құрметтесе, алысқа, өзге елдерге қырағылықпен қарап, терең біліммен болашағы бағдарлай алса, байлығын қорғай алса, жауын ақылмен тізгіндей білсе, иманды болса деп армандаған. Ақын-жазушыларымыз тәуелсіздік үшін күресіп, көбі қайғыға ұшырады. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туған буынның өкілі болсам да, Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін Тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Тәуелсіздік бізге тегіннен тегін келген жоқ. Осы күнге дейін құрып кетпей, ұлан байтақ жерде Қазақстан деген мемлекеттің болуы – ата-бабаларымыздың қасық қаны қалғанша елі, жері үшін кеудесімен оқ тіреп, соңғы демі үзілгенше еліне, ұрпағына осынау кең қазақ жерін сақтап қалуынан. Ұлылардың қазақ халқының жолында аянбай еткен әрекеті, өшпес ерлігі – бүгінде Тәуелсіздікке қол жеткізгеніміздің айқын көрінісі.

Арманға жету үшін біздің біліміміз, ақыл-ойымыз, іс-әрекетіміз нық болуы керек және үнемі ізденіспен ойымызды рухани жаңғыртып отыруымыз қажет. Рухани жаңғыру – елдігіміздің шынға шығар жолының бастауы болмақ. Сондықтан, егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына бабаларымыздың аққан терімен, төккен қанымен келген бұл азаттықты сақтау, тарихын тереңірек түсіндіру, қастерлете білу баршамыздың міндетіміз болуы тиіс. Тәуелсіз елдің ұрпағымыз деп қуануымыз керек.

Осы бақыт үшін баршамыз тәубе дейміз. Біз тәуелсіздік жолында біліміміз бен біліктілігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді, қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз. Сүйікті Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстан мәңгі құлпырып жайнай берсін! Бағы жанып, абыройы арта берсін! Босағамызға бақыт қонсын, шаңырағымызға шаттық толсын дегім келеді!

Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! «Тәуелсіздік» деп аталатын ұлы мұрат жолында аянбай еңбек еткен ата-баба рухы біз үшін әрқашан да қастерлі, қасиетті. Халқымыз: «Ер есімі – ел есінде» деп текке айтпаған. Қаншама жанның көз жасы мен талайдың судай аққан қанның өтеуі бола алған бұл «тәуелсіздік» қалайша қымбат болмасын?!

Пайдаланылған дереккөздер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B%D1%82%D0%B0%D0%B1%D0%B0%D0%BD_%D1%88%D2%B1%D0%B1%D1%8B%D1%80%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D1%8B
2. <https://bilimnur.wordpress.com/2016/03/15/%D0%90%D2%9B%D1%82%D3%99%D1%80%D0%B1%D0%B8%D0%B5-%D1%81%D0%B0%D2%93%D0%B0%D1%82%D1%8B/>
3. <https://all.aikyn.kz/bastauysh/%D0%BA%D2%AF%D1%88-%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC%D0%B4%D0%B5-2.html>

ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР ОРАМЫ МЕН ЖАҢА МЕДИАДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ҚИСЫНЫ

Дастан Қастай

Журналистика факультетінің 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші:

Журналистика факультетінің PhD докторы **Алтын Ақынбекова**

Журналистика – инновациялық және мәдени бейімделу кезеңдеріне епті, дерек пен дәйекті ұсына отырып түрленуге шебер мамандық. Дәл қазіргі қоғамдық ақпарат дискурсындағы «жаңа медиа» термині сан түрлі ғылыми талас-тартыстың айналасында жүр. Мәселен, ғалым, әлеуметтанушы Герберт Маршалл Маклюэн өзінің бестселлерге айналған «Understanding Media: the Extensions of Man» еңбегінде әртүрлі мәдени заттарды (артефактілерді) байланыс құралы ретінде қарастырып, ғылыми тұжырымдама ретінде ойын ортаға салады [1, 89]. Кітаптың атауын аударсақ, медиа және байланыс құралдарының өзара қатынасы деген мағынаға саяды. Мұның өзі жаңа медиа дәйектемесіне қатысты жиынтық пікірдің бір парасы ғана. Қазіргі заманғы мәдени құбылыстардың өзі интернеттегі мазмұнның жаңа формаларына байланысты жаңа медиа қызметкерлеріне блог жүргізу, аудио және видео подкасттар дайындау, визуализациялық контенттер дайындау секілді елеулі міндеттемелер жүктейді: және т.б.

Расымен де, ұлттық медиакеністік ерекшеліктерін бақылаушы лектор, зерттеуші Асхат Еркінбайдың: «Ғаламтор мүмкіндігі тұтынушыға бір сайттан мәтін оқып, видео көріп, аудиосын тыңдап, суреттері арқылы ақпарат алумен қатар, оны әрі қарай дамытуға да мүмкіндік беріп отыр. Осылайша технологияның дамуы ақпаратты әзірлеу, қабылдау, тұтыну және таратуға үлкен төңкеріс алып келді. Бұған дейін оқырман тек мәліметті оқумен, көрумен немесе тыңдаумен ғана шектелетін болса, бүгінгі оқырман интернет арқылы мәліметті көріп, тыңдап, оқып қана қоймай өзінің пікірін қосып, әрі қарай ол туралы достарына хабарлап, тіпті өзі де ақпарат жасаушыға айналып отыр. Бір сөзбен айтқанда оқырмандар өздерінің газеттерін өздері жасай алатын деңгейге жетіп отырмыз. Осы орайда жаңа медиа дегеніміз осындай мүмкіндіктерге жол ашқан интернет технология деп түйіндеуге болады» деген пікірінің жаны бар.

Күндік қолданысымыздың негізгі бөлігіне айналған жаңа медиа технологияларға сандық технологиялар, компьютерлендірілген жүйелер немесе деректік желілері арқылы ақпарат беру құралдарын жатқызамыз. Сандық санатта өңделетін нысандар немесе құралдар жаңа медиа ретінде сипатталуы мүмкін (Manovich, 2001 [2, 97]). Сонымен қатар, веб-сайттар немесе CD және DVD сияқты сандық санатқа тән интернет құралдарын кеңінен қолдана отырып хабар тарату жаңа медиа құралдарына тән соны қасиет. Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары мен дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының ең айқын айырмашылығы – ғаламтор торабын кәдеге жара білуінде және digital кеңістіктен орын алған құралдардың өзара әрекеттесе алу бейімділігінде екендігін ескергеніміз жөн (Şeberoglu, 2020) [3, 121]. Көптеген интернет-технологиялар ақпарат беру тәсілі мен мультимедиалық контентті орналастыру, әйгілеу-тарату мүмкіндіктері бойынша дәстүрлі БАҚ-тан айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл үрдістің негізінде қазақ журналистикасының ақпараттық кеңістігі де цифрлық медианың сілемдеріне бойлап, визуалды кейіпке еніп отыр. Электронды платформалардағы ұлттық ақпарат концептісі «оперативті әрі сапалы ақпарат тарату ғана емес, ақпараттық өнімді сын тезінде ширыққан виртуалды сүзгіден өткізіп, аудиторияның көркемдік танымына аса жылы әрі ұнамды етіп ұсынудан» тұратындығымен ерекше. Басылымдардың редакциялық сын-сипатына тигізген жаңа медиа тепкісінің әсерінен келешекте:

- Ақпараттық қоғам мен әлеуметтік органның қалай өзгеретінін;
- Аудиторияның сапалық деңгейін;
- Журналистика қызметінің ақпарат алу, тарату әдіснамасы мен тәсілдерін;
- Ақпарат тұтынушылық әдет пен этика заңдылықтарын;
- Адамзаттық құндылықтардың мән-маңызын;
- Ақпарат тарату алгоритімі мен тетіктерінің қалай өзгеріске ұшырайтындығын бағамдау қиын емес

Бұқаралық ақпарат ағысын жаппай өз арнасына бұрып, техногенді иірімдерде шындап жатқан жаңа медианың негізгі сипаттамаларының ішіне бірқатар зерттеушілер:

- а) гипермәтіндік іздерді;
- ә) интерактивтілікті;
- б) мультимедиалық қалыпты жатқызады.

Тағдыр-тіршілік есігімізден ентелей енген «медиа дәуір» заманында ұлттық басылымдар қоғамдық-саяси құбылыстарды, уақыт пен кеңістік аясындағы панораманы «дәстүрлі жаңалықтық баянның» элементтерін жоғалтып алмай, адамияттық факторларды ескере отырып, «сторителлинг» жанрында суреттеуге көшіп отыр. «In the field of contemporary technology, creating, telling or listening to stories interactively and with multimedia technologies is called «digital storytelling» (Mukadder S., 2020) [4, 231]. According to Robin, «digital storytelling» is the idea of creating and combining the art of storytelling with different and many digital media tools (Robin, 2008) [5, 21]».

Шетелдік ізденуші-ғалымдар, журналистикатанушы мамандар Д. Стинс және Ван Фухт «Жаңа медиа» ұғымының өзгергіштігі туралы айта отырып, оған ерекше мән береді. Еңбектерінде журналистиканың жаңа бейнесін интернет, компьютерлік ойындар, сандық фильмдер мен фотосуреттер, мобильді қосымшалармен байланыстырады. Мұнымен қоса: интернет-өкілдіктер (порталдар), онлайн БАҚ, интернет-БАҚ, Интернет-ТВ (вебкастинг), интернет-радио (подкастинг), мобильді теледидар, блогосфера, интернет-аудиторияға арналған кино, әлеуметтік желілер (соның ішінде балаларға арналған әлеуметтік желілері), виртуалды қауымдастықтар, виртуалды ойындар, басқа 2.0 веб-ресурстар (Карякина К. 2010) [6, 31].

Зерттеу нысанына айналған ұлттық басылымдарға тән «медиа трансформация» кезеңі әлі жалғасып жатыр. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газеті өз сайты 2005 жылдан бері жүргізіп келеді. Сауатты жабдықталған сайт PDF үлгісінде кириллица, араб графикасымен ақпар таратады. Латын нұсқасы – Түркия және Еуропадағы қазақ диаспораларының елден жедеғабыл хабар-ошар алуын көздейді. Араб графикасы бар сайттың нұсқасы Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Ирандағы қазақ диаспорасына бағытталған. Қазіргі кезеңдегі ақпараттық кеңістік өлшемі тұтас ғалымды қамтығанын ескерсек, жаңа медиа элементтерін сауатты қолдану арқылы жүз жылдық тарихы бар «Егемен Қазақстан» газеті халықаралық байланыс орнатып, тілдік орта қалыптастыруда жетекші ақпарат құралына айнала білгендігін байқаймыз. Басында «Ел қамы, ел тілегі үшін «газитаның» қойны ашулы, ниеті дұрыс (Ұшқын, №1.17.01. 1919) деп ашылған басылым бүгінде Қазақстан қоғамымен бірге жаңа дәуірге, жаһандану кезеңіне аяқ басты. Жаңа басылымның таралымы – 185 000. Оның толық сандық формадағы журналистика талаптарына мойынсұнып, жаңа медиалық сипат алуы 2005 жылдан басталады. Себебі, 2005 жылы басылымның мұрағаты мол, іздеу жүйесі мен дизайндық көрінісі алымды сайты іске қосылды. Біз газеттің виртуалды журналистика мұрасына келіп қосылған алғашқы сәтін интеграцияланудың бастауы санаймыз. Десе де, «Егемен Қазақстан» басылымында жаңа медиа элементтері: сызықтық диаграммалар, статистикалық кестелер, қарапайым графика, фотоконтенттер бұрыннан басылым беттерінде көрініс алып келеді. Оның жаңаша журнализм болмысына кірігуі – деректік өнімдер мен конвергентті редакция дайындаған медиа ақпараттар мен көркемді-деректі, сараптамалы-талдамалы материалдарды өз платформасында ұсына бастаған шағымен өлшенеді. Басылымның виртуалды 2лемдег3 электронды мекенжайы – <https://egemen.kz>.

«Егемен Қазақстан» газетінің жаңа медиалық негізгі қасиеттері мынандай:

- Сайт платформасында мультимедиалық кесек-кесек фото, видео және аудио контенттердің болуы;
- #Хештегтер мен гиперсілтемелер арқылы жаңалықтарды табу және танысу мүмкіндіктері (#Коронавирус, #Абай, #Президент, #Руханият, #Спорт);

- Сайттың ақпараттық кеңістіктегі лингвистикалық оңтайлығы мен қолжетімді болуы.

- Мобильді қосымшасы мен ұялы телефон формасына ыңғайланған ақпараттық парақшасының болуы;

Сайттың ақпарат тарату ауданы аса кең. Мәселен, газет төте жазу әліпбиіндегі және қарпіндегі онлайн-нұсқасы (egemen.kz/tote) жұмыс істейді. Сонымен қатар, сайттың орыс және ағылшын тіліндегі нұсқасы бар (ru.egemen.kz), (en.egemen.kz). Соның арқасында басылымды онлайн режимде: Иран, Түркия, Қытай, Ресей, Моңғолия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдеріндегі аудитория оқи алады.

Басылымдағы жаңа медиа стандарттарына сай түрлі контенттер: инфографикалар, статистикалық мәліметтер, кестелер мен видеоақпараттарды кеңінен ұшырастыра аламыз. Мысалы, «Егемен Қазақстанның» видеоконтенттері ақпаратты жылдам әрі ұғынықты хабарлауды, оқиға орнынан репортаж жүргізуді, мәтіндік ақпаратқа бейне-дыбыстық өң беруді қамтамасыз етуге қауқарлы. Ондай жарияланымдар қатарында: «Түркістан облысында жоғалып кеткен жеті адамның үшеуі табылды», «Бағаға наразы болған ер адам жанармай құю бекетінің шатырына шығып алды», «Мемлекет басшысының апталық жұмысына бейне шолу (видео-дайжест)», «Түрікменстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ат мінгізді», «Жер-2021» халықаралық оқу-жаттығуы басталды» «Алаңға жүгіріп шыққан қолтырауын футболшыларды шошытты», т.б. репортаж сарынындағы оқиғалық видео-контенттер бар (1-сурет).



1-сурет. Жазылған ақпараттық әсірн күшейту мақсатында ақпараттық хабар (заметка) жанрында жазылған мәтіннің видеоконтенті.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, жоғары жылдамдық және ақпараттың мазмұнын мульти-медиалық нобайда құру мүмкіндігі дәстүрлі басылымдардың қызметіне жандандырады (Wikipedia, Facebook, MySpace, YouTube, Flickr).

«Егемен Қазақстан» редакциясы әлі толық медиа конвергенция процесіне өтпесе де, кейбір ақпараттық, сараптамалы-талдамалы жанрларынан жаңа медиаға тән көрнекілікті, телевизияға тән дыбыстық-бейнелік ұстынды, радиоға тән аудио-подкастарды көреміз. Дегенмен, видеолар сапалық тұрғыдан көңілге қонымды болса да, ақпараттық-насихаттық кескіні сын көтермейді. Мысалы, «Егемен Қазақстан» басылымының журналистері Түркістан облысында жоғалып кеткен жеті адамның үшеуі табылғандығына қатысты жаңалықпен «Egemen TV» ютуб арнасында бөліскен. Туындыдан Түркістан облысының таулы аймақтары мен төбелі-қыратты географиялық нүктелерін көре аламыз. Алайда журналистік зерттеу не камера жүзіндегі жол-сапар очеркісінің барысында түсірілген бейнекадрлардан қандай да бір екеншілік байқалмайды. Жаңа медиатизациялану процесінде фото-видео-аудио және мәтін арасында логикалық, идеялық, фабулалық байланыс, мазмұндық ортақтық болуы қажет. Есеп үшін дайындалған құжаттық негіздегі ақпараттарды журналистік туынды деңгейіне жеткізіп дамыту мен оған деректік мәтін, титр, статистикалық инфографика не қандай да бір шаблондар қосып дамыту, көрнекі ету – жаһандық деңгейге шығып, бүгінгі медиатизация процесінің басы-қасында жүруге талпынған журналистердің басты парызы.

Медиатизация ұғымын қазіргі заманғы зердемен түсіндірер болсақ, медианың қоғам өмірінің әртүрлі салаларына біріктіруге, қоғамның бірыңғай мәдени-коммуникациялық жүйесін қалыптастыруға дейінгі деңгейге жеткендігін сөз етуден бастар едік. Являясь одним из основных сегментов культуры эпохи информатизации, «информационная культура как бы пронизывает все остальные культурные фрагменты, функционирование которых невозможно вне зависимости от информационной культуры» (Пронина, 2008) [7, 312].

Отандық медиатизация процесінің желінін жалғаған «Егемен Қазақстан» басылымының толық ютубхостинг желісіне көшу үрдісіне де көрермен қауымның назарын өзіне аудартпай қоймады. Оған газет ұжымының журналистиканың ұйымдастырушылық функциясына сүйене отырып дайындаған «Егемен Қазақстан» ютубарнасындағы:

- Қоғам тынысы;
- Балаларға базарлық;
- Оқиға;
- Сарапшы пікірі;
- Поэзия бұрышы;
- «Өрнек» бағдарламасы;
- «Стадион» бағдарламасы;
- Домбыра үйрену сабақтарының контенттері;
- «Shorts» жаңа сторителлинг жанрындағы жаңалықтар;
- «Егемен Қазақстан» басылымына апталық, айлық, тоқсандық шолу видеоларын жатқызар едік;

Басылымның ютуб кеңістікте көрермен тарту мақсатында біраз ағартушылық, ақпараттық-танымдық, тәрбиелік бағыттарда барынша ізденгені, тәлім-тәрбиелік, өсиетнамалық арнада жаңа бастамаларды қолға алғаны байқалады. Қазіргі ақпараттық жанартаулардың жан-жақтан ұшқын

атқан заманында әртүрлі ақпарат арналарында тұрақты аудитория қалыптастыру, тарихи тұрғыдан ұзақ уақыт қоғаммен бірге жасап келе жатқан басылымның беделін құлдыратпау, ақпарат тұтынушы қоғаммен өзара эмоционалды байланыс орната білуі басты міндет екендігі түсінікті. Бұл мұрат жолында «Егемен Қазақстан» газетінің басты брендіне айналған ағартушылық-тәрбиелік мақсаттағы синкретті жобалары бар. Олардың қатарынан көрінген «Балаларға базарлық» пен «Өрнек», «Домбыра үйрену сабақтары» туындыларын ерекше атап өтуге негіз бар. Әсіресе, пандемия кезінде балалар аудиториясының зейінін ашып, көркемдік танымын арттыруды көздейтін «Балаларға базарлық» жобасы газет іргесінде журналистердің қоғамға жанашырлығы мен халық алдында азаматтық жауапкершілігінен туындаған шешім екендігі анық. Олай дейтініміз, көп жағдайда жаңа медиа құрылымдарының нысанында балалар мен жасөспірімдер аудиториясының рухани-интеллектуалдық күш-қуатын арттыру, тәлім-тәрбие мен иман, ар-ұят мәселесінің мән-маңызын ашу ұмыт қалып жатады. Осы басылымның өзі де былай аңғартады (бір шығарылымын алып, журналистика кредосына сай талдап көрелік):

«Балаларға базарлық. Ақылды қоян
Ақылды қоян сотты қалай сабасына түсірді?

Мьянма (бирма) халық ертегісінің желісі қазақ халқының ертегілерімен сарындас келеді. Ертегіде әділдік іздеп тартысқан ағайындыларға арыстан төрелік етсе, қазақ халқында әділқазы қара қылды қақ жарып, турасын айтатын болған. Ендеше Салтанат апа бүгін өздеріңізге «Ақылды қоян» ертегісін майын тамыза әңгімелеп бермек.

«Балаларға базарлық» ертегі жобасы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театрымен» бірлескен жобасы. «EgementvYouTube» арнасынан күн сайын кешкі 19-00 сағатта беріледі.

Ертекіші: «Қуыршақ» театрының әртісі Салтанат Мағзым;

Суретші-карикурашы: Айдарбек Ғазиз;

Үйлестіруші: Ая Өміртай

Түсірген және монтаждаған: Жанболат Кенжеғұл» [8].

Жаңа медиа алаңындағы рухани-мәдени жобаларды ұйымдастырып, оған ақпараттық сипат сыйлап жүрген «Егемен Қазақстан» газетінің белді журналисі Ая Өміртайдың еңбегі еш кетпегені көрініп тұр. Журналистің шығармашылық шешімгерлігі мен ізденгіштігіне, ақпараттық ілмектен инновациялық туынды жасау шеберлігіне ерекше ықыласын білдірген әріптесі Жамилә Зайырова былай дейді: «Егемен Қазақстан газеті «Қуыршақ театрымен» бірлесіп «Балаларға базарлық» атты Egementv YouTube арнасынан күн сайын кешкі сағат 19.00-де ертегі айтып жүр. Менің жаттап алған бір ғана ертегім бар еді, енді қорымды көбейтетін болдым. Менікі сол бауырсақ деген бар ғой, сол ғой. Ал, Сіз қандай ертегіні білесіз? Карантин уақытында ерекше жобаны қолға алған Darhan Qudyráli аға бастаған ұжымға және Ая Өміртай құрдасқа мың алғыс» [9].

Расымен де, біздің қоғамда келер ұрпақ, өскелең буында ертегі айтылмайтыны, шым-шытырық оқиғаларға толы оқиғаларды баяндайтын ата-әже дәстүрлі институтының жойылып бара жатқандығы жайында ескертпелер мен әр тараптан дабыл қаққан дауыстар қаулап шыққаны ақиқат. Тұтас аудитория ақпараттық инфрақұрылымды жаңа медиа, әлеуметтік желі, электронды сайттарды жіті танып, қабылдай бастаған шақта ұлттық тәлім-тәрбие мен қазақы салт-сананы ақсатып алмауымыз қажет. Себебі, қазіргі ақпараттық кеңістік – еркін, ашық-шашық. «Балаларға базарлық» ертегі жобасы сондай ойдың, журналистік борышқа жауапкершілікпен қараудан туған әрекеттің жемісі. Оның әрбір: «Екі киім», «Сабын көпіршігі мен қыз», «Мысық пен торғай», «Сарбай», «Оқымысты мен құмырсқа», «Қасқыр мен аю», «Қожанасырдың қонаққа баруы», «Сараң бақа» секілді сандарынан ерекше жылылық пен бала күннің базарлығын көру қиын емес.

Сонымен қатар, жаңа медиа алаңында сәтті шыққан газеттің және бір туындысы ретінде «Өрнек» бағдарламасы мен «Сарапшы пікірін» айтар едік. «Өрнек» бағдарламасында осы уақытқа дейін қоғамға танылған тұлғалар өмірінің, шығармашылық тағдыры, еңбек жолынан көлеңкелі, тасада қалған, бізге беймәлім тұстары сөз болады. Оны ұжым ақпараттық өнім ретінде емес, респондентпен сырласа отырып, көнеріп барып, кейінгі медиа технологиялардың көмегімен қайта жаңғырған телемонологтік сипатта ұсынады. Сәтті шыққан туындылар ретінде: «Қайрат Атабаев. Бір күйдің сыйы», «Ерлан Жүніс. Бір Өлеңнің сыры», «Маралтай Райымбекұлы. Бір өлеңнің сыры», «Әкім Таризи. Бір шығарманың сыры», «Төлен Әбдік. Бір шығарманың сыры», «Нұркен Өтетілеуов. Бір рөлдің сыры» сынды шағын бағдарламаларын да атап өткеніміз дұрыс.

Жинақтай айтсақ, жаңа ғасырдағы адамиеттік жасампаздықтардың саясында түрленген журналистика мүмкіндіктері формацияның биік белесіне шықты. Оны басқару, тізгіндеу және сапалы ақпарат таратудың да талғам-талабы артты. Осы міндеттер жетегінде ұлттық журналистика ақпараттың қазақы моделін қалыптастыруға көшті. Қазіргі жаһандық ақпараттық күресте мұны ескерусіз қалдыруға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Marshall McLuhan (1964) *Understanding Media: The Extensions of Man*. New York. – P. 321.
2. Manovich, Lev (2001) *The Language of New Media*. Cambridge: The MIT Press. – P. 290
3. Şeberoğlu, A. (2020) Yeni Medya ve Etkileşimli Yeni Sinema. *Yeni Medya*, № 8, 77-85.
7. Mukadder S. Digital storytelling' in der Deutschlehrerausbildung: Potenziale und didaktische Konsequenzen (2020, 29 қазан). Sitesi: <https://doi.org/10.37583/diyalog.759434>
8. Robin, Bernard (2008) Digitalstorytelling: a powerful technology tool for the 21st Century classroom. In: *Theory into Practice* 47:3. 220-228
9. Карякина К. Актуальные формы и модели новых медиа: от понимания аудитории к созданию контента // Медиаскоп. (2010, 2 қараша). Вып. 1. URL: <http://www.mediascope.ru/node/524>.
10. Пронина Л.А. Информационная культура как фактор развития информационного общества // Аналитика культурологии. (2008, 6 ақпан). Вып 10. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/informatsionnaya-kultura-kak-faktor-razvitiya-informatsionnogo-obs...>
11. «Facebook» жазбасы (2019, 25 мамыр). URL: <https://www.facebook.com/egemenkz/posts/298242551780549>
12. «Facebook» жазбасы (2020, 8 қаңтар). URL: <https://www.facebook.com/zhamila.sarsenbai/posts/526342731647163>

ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТИКА

Жанель Еслямова

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенті,
Ғылыми жетекші: З.С.Тайшыбай, ф.ғ.к., профессор

XXI ғасырдың жетістіктерінің бірі – ақпараттық технологиялардың белсенді енуі, оның бара-бара түрленуі өзге елдермен қатар Қазақстан Республикасының медиажүйесіне ықпал етпей қоймады. Бұқаралық ақпарат түрлерінің басын біріктіретін медиажүйенің қалыптасуы мен дамуы жолында қоғамның ақпараттық сұранысын қанағаттандыру мақсатында оның мазмұнына баса көңіл бөлу маңызды болып отыр. Мемлекеттегі ақпараттық саясат, технологиялық прогресс бүгінгі медиасаланың дамуына септігін тигізді. Интернет платформасының мүмкіндігі жаһандық үдерісті қарқындытып, бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен міндеттер жүктеп отыр. Медиасала ақпарат кеңістігінің құрамдас бөлігі бола отырып, қоғамды дамытуда үлкен рөл атқарады.

Онлайн-журналистиканың дамуы тұсында медиа ғалымдар республикалық БАҚ пайдаланушылар аудиториясын ұлғайту үшін жан-жақты жеке маркетингтік зерттеулер жүргізумен айналысуда. Ақпаратты сенсациялау тұрғысынан сапалы және қымбат ұсынудың тиімділігі, ақпараттық кеңістікті бақылау үшін, ақпарат нарығында қабілетті болу үшін БАҚ өз жұмысына инновациялық технологиялар мен жобаларды уақтылы енгізуге мәжбүр. Бұнымен бұқаралық ақпарат құралдары нарығында бәсекелестік артықшылық сақтауға болады. Сонымен қатар инновациялық технологияларды БАҚ келешегімен ұштастыра отырып оның функционалдық тиімділігін арттыру қарастырылуда. Ақпараттық кеңістік пен оны құрайтын медиажүйеге ортақ міндет – бұл ақпараттық технологияны сауатты ақпараттық қоғам қалыптастыруға бейімдеу. Аудиторияға әсер етудің бірден бір жолы ретінде қазіргі ақпараттық технологиялардың функциялары мен ерекшеліктерін меңгеру қажеттілігін айтамыз.

Журналистикадағы жаңа тенденциялардың ішінде оның виртуалды формаларының пайда болуын атап өтуге болады. Сонымен, виртуалды теледидар – бұл иллюстрациялар, графиктер, фотосуреттер және басқа да мультимедиялық технологиялар көмегімен жасалынған контент. Журналистиканың тағы бір инновациялық түрі – интернет теледидар. Спутник ТВ, кабелді ТВ және т.б. Бұл теледидар Web 2.0 қағидаттары негізінде жасалады, бұл көрермендерге Интернет арқылы теледидар мазмұнын басқаруға, қатысуға мүмкіндік береді. Контентті шоғырландыру орны және көрермен үшін кіру нүктесі Интернет-портал, шығу нүктесі – телевизиялық эфир болады. Интернет-портал әлеуметтік желі түрінде әзірленеді: осылайша, осы телеарнаның пайдаланушылары контент құруға және оны телеарна редакциясымен бірлесіп басқаруға қатыса алады.

Қазақстандағы инновациялық жобалар мен технологияларды енгізуге бағытталған қазіргі журналистикадан шет қалмай жергілікті журналистика бірдей дамып келеді. Мамандардың пікірінше, ай-

мақтық теледидар индустриясының даму деңгейі мемлекеттік ақпараттық саясат пен теледидар қабылдаған позицияларды ұстанады.

Ресейде цифрлық хабар таратуға толығымен көшу 2015 жылға жоспарланған болса, Қазақстанда бұл жоба 2019 жылы жүз пайыз көшуді жоспарлады. Сол сияқты Татарстанда 2007 жылдың ортасынан бастап қолға алынған. Аталмыш республика аумағының жартысынан астамы аналогтық сигналды қабылдайтын әлсіз аймақта орналасқан, сондықтан ауылдық аудандардың тұрғындарына үш арнадан артық көре алмайды.

Abstract. News, news programs, television programs have the character of impact in harmony with national and cultural values, ideas of society. In general, the national idea and culture is a set of social values, reflecting the thoughts and actions of people, their views and interests. The purpose of this study is to determine and show how the originality of the Uzbek national culture and national idea is reflected in news television programs. The research used an analytical method to study and define the concepts of the National Idea and cultural impact on audiences through the news programs of the three Uzbek TV channels. As a result of the study, a relationship was identified between the content, the concept of the category of the national idea and news broadcasts.

Key words: television, national idea, Uzbek culture, information programs, news technology, broadcast efficiency.

Общая посылка

Телевизионные новости, ежедневно транслируемые телезрителям, не должны рассматриваться как информация, возникающая стихийно или с использованием конструктивных особенностей технологического оборудования. С этой точки зрения телевизионные новости, как и в любых средствах массовой информации, воспринимаются людьми как продукт разума и национального мышления. В процессе подготовки сообщения в средствах массовой информации элементы, направляющие мысли и действия людей, являются приоритетным источником. Специалисты по телевизионным новостным программам могут добиться выбора, признания и доверия аудитории только тогда, когда они имеют профессиональную практику и опыт в этой области. В частности, в культурном отношении оценивается то, как изображение, звук и текст в новостях используются по отношению к аудитории. Национальная идея может быть выражена и посредством музыки, новостной риторики и её содержания, передаваться с помощью суждений, профессионализм журналиста или репортёра, доносящего информацию до широкой аудитории. В зависимости от того, насколько новостной текст длинный или короткий, в нём используется определенное количество изображений, а ведущий или репортер нередко прибегают к эмоциям и пренебрегают сутью объективной информации. Некоторые слова могут в разных местах часто повторяться, что в свою очередь оказывает влияние на изменение взглядов и культурный выбор аудитории. Только та информация, которая сочетает в себе национальную идею, личные взгляды людей, законодательство и профессиональное мастерство специалиста и объективность, как правило, будет иметь доверие и широкую аудиторию.

Как показывает реальная жизнь, практика сосуществования национальных республик, государств Центральной Азии, важнейшими условиями национальной идентичности является сохранение языка, национальных традиций, этнической культуры, проявление лучших национально-психологических качеств.⁴

Понятие национальной идеи

Процесс аналитического изучения теленовостей, прежде всего, требует четкого ответа на вопрос: «Что такое национальная идея на самом деле?» Национальная идея – это совокупность взглядов, придающих смысл и жизнь определённой нации, ведущих ее к благородной цели. Она воплощает в себе прошлое, настоящее и будущее нации, выражает ее коренные интересы и цели. Национальная идея по своей сути отражает задачи и цели, касающиеся судьбы нации и народа, которые должны быть решены в краткосрочной или долгосрочной перспективе⁵.

Сегодня, благодаря СМИ, периодическим изданиям, образовательной системе, синтаксическая конструкция «национальной идеи» выступает одной из наиболее употребляемых, вместе с тем, единство в понимании, интерпретации ее сущности – отсутствует.⁶ Продвижению

Безусловно, СМИ играют важную роль в доведении до широких масс оперативной информации об изменениях в жизни страны и мире, тем самым они служат формированию и утверждению в сознании граждан, особенно молодежи, идеи национальной независимости. Сегодня население ждет от СМИ наряду с освещением событий еще и критической оценки, компетентного анализа недостатков, мешающих более успешному продвижению страны по пути реформ и обновления.

⁴ Николаев В.А. Реализация национальной идеи в современном образовании. // <https://cyberleninka.ru/article/n/realizatsiya-natsionalnoy-idei-v-sovremennom-obrazovanii>

⁵ Национальная энциклопедия Узбекистана. Том 3. - Ташкент.2002. С.549.

⁶ Прокопова А. А. Национальная идея: какой она должна быть? / А. А. Прокопова, Р. Е. Карасев // Вестник Тюменского государственного университета. Социально экономические и правовые исследования. 2017. Том 3. № 4. С. 153-167.

Информационные передачи о национальной культуре и духовности.

В доведении до сведения населения новостей, связанных с национальными ценностями, традициями, ремёслами и другими объектами культурного наследия в специальном информационном канале «Узбекистан 24» Национальной телерадиокомпании Узбекистана, в программе «Новости 24», передаваемой в эфир ежечасно, особое внимание уделяется национальному имиджу ведущих, их культурному образу, одежде, речи, поведению, выражению национальной идентичности. Сообщения готовятся для узбекской и международной аудитории (транслируется в режиме онлайн через Интернет) на узбекском, русском и английском языках с сохранением национальных особенностей⁷.

Также деятельность специализированного телеканала «Культура и просвещение» Национальной телерадиокомпании направлена на распространение национальной идеи, воспитание молодежи в духе национальных ценностей, на регулярные выпуски в эфир программ, ток-шоу, интервью, телеочерков и других телепередач с широким охватом аудитории. Новости и сообщения с пометкой срочно готовятся специалистами информационной программы «Культурная жизнь» о самых актуальных событиях в стране и мире.⁸

1 сентября – день празднования Национальной независимости Узбекистана для сотрудников телекомпании особенный. К этой дате тележурналисты за несколько месяцев готовят передачи по широкому разъяснению национальной идеи, раскрытию достижений древней и богатой культуры и истории нашей страны, по трансляции научных передач по этой теме. Телеканал «История Узбекистана» за короткое время набрал весьма большую аудиторию. Замечено, что информация, оформленная с учётом национальной и этнической особенности, привлекает больше телезрителей⁹. Специалисты, работающие над информационными программами, при подготовке новостных передач учитывают, что предоставляемые ими сведения должны помогать зрителю лучше понять и осознать значимость гармоничной связи национальной идентичности с гуманизмом, мировыми культурными достижениями.

Воздействие информационных программ на молодёжную аудиторию.

Стремительный, быстрый процесс глобализации XXI века оказывает существенное влияние на восприятие национальной идентичности и культурных ценностей молодёжью разных регионов Узбекистана. Учитывая, что информация является основным инструментом человека для познания мира, приобретения опыта, потому обогащение молодёжи современными, новейшими знаниями, информацией является повседневной, актуальной задачей национальных СМИ.

А. Моль в своей книге «Социодинамика культуры» приходит к такому выводу: «В наше время знания формируются в основном через средства массовой информации, а не через систему образования»¹⁰. Последние пять лет национальные идеи «Новый Узбекистан», «Третий Ренессанс» являются главной темой информационных телепередач. Президент нашей страны Ш. Мирзиёев подписал два важных документа в этом направлении – распоряжение «О мерах по разработке концепции развития национальной идеи на новом этапе развития Узбекистана» и постановление «О дополнительных мерах по повышению эффективности духовно-просветительской работы». Президент также обозначил основную суть идеологии нашей страны: «Идеологией создаваемого нами нового Узбекистана будут доброта, человечность и гуманизм».

Когда мы говорим идеология, мы понимаем прежде всего воспитание мысли, воспитание национальных и общечеловеческих ценностей. В их основе лежат тысячелетние жизненные знания и ценности нашего народа¹¹.

Заключение

Риторика новостных и информационных программ на узбекском телевидении за последние тридцать лет выдвинула на первый план идею национальной независимости и обновляемого Узбекистана. Главное, тележурналисты новостных программ преподносят аудитории информационные продукты по сути, содержанию и форме более привлекательные и профессиональные, чем некоторые массмедиа, интернет-новости. Только при таком подходе они смогут служить защите сознания и мышления телезрителей, в частности, молодёжи от различных негативных информационных потоков.

⁷ <https://t.me/mtrkuzofficial/77435> , <https://t.me/mtrkuzofficial/67607>

⁸ <https://t.me/mtrkuzofficial/38204>

⁹ <https://t.me/mtrkuzofficial/6756>

¹⁰ Моль А. Социодинамика культуры: Пер. с фр. / Предисл. Б. В. Бирюкова. Изд. 3-е. - М., 2008.

¹¹ Николаев В.А. Реализация национальной идеи в современном образовании. / Там же.

Таким образом, не только телевидение, но и все национальные СМИ Узбекистана считают своей важной задачей– защита нового поколения от негативного интернет-манипулирования, ведущего человека к раздвоению, неадекватному восприятию реалий жизни.

Использованная литература:

1. Национальная энциклопедия Узбекистана. В 3х тт. – Ташкент, 2002.
2. Николаев В.А. Реализация национальной идеи в современном образовании. //https://cyberleninka.ru/article/n/realizatsiya-natsionalnoy-idei-v-sovremennom-obrazovanii.
3. Моль А. Социодинамика культуры: пер. с фр. / предисл. Б. В. Бирюкова. Изд. 3-е. – М.: Издательство ЛКИ, 2008.
4. Брайант Дж., Томпсон С. Основы воздействия СМИ (Fundamentals of Media Effects). – Вильямс, 2004.
5. Прокопова А.А. Национальная идея: какой она должна быть? // Вестник Тюменского государственного университета. Социально экономические и правовые исследования. 2017. Том 3. № 4. С. 153-167
6. Новости -24. Узбекистан признан соавтором вакцины против Covid-19 //https://t.me/mtrkuzofficial/67607
7. НТРК. Официальный телеканал//https://t.me/mtrkuzofficial/38204

ИСТОРИЯ «FAKE–NEWS» И ПОЯВЛЕНИЕ ФАЛЬШИВЫХ НОВОСТЕЙ В СОВРЕМЕННОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Кийко Е. Д., студент магистратуры
Научный руководитель: к.ф.н. Малаховская В. В.
РУДН, Россия

Фальшивые или фейковые новости, которым в западных странах дают название «fake-news» представляют собой ложные новостные материалы, которые могут негативно влиять на аудиторию и вводить ее в заблуждение.

К проблеме фейков обращались многие исследователи. Например, доктор филологических наук С. Н. Ильченко писал, что фейк – это журналистское сообщение, опубликованное в СМИ, которое содержит непроверенную информацию, не соответствующую действительности [1]. Еще один ученый А. П. Суходулов, рассматривая понятие «фейк», выявил целую систему различных объектов, связанных между собой, начиная от текстов и заканчивая, человеческой личностью [2].

Исследователи также по-разному классифицируют причины появления такого феномена в современных медиа. Например, И. Б. Архангельская пишет, что такие новости появились вследствие экономических и политических разногласий, понимания способов манипуляции людским мнением и преобладания коммерческого меньшинства [3].

Новостные фейки по Н. Ф. Пономареву могут распространяться с помощью рекламных сообщений, журналистами, блогерами и комментаторами, а также медийными агентами [4].

Классификация и виды фейков постоянно меняются и добавляются, из-за воздействия новых медиа. Если раньше к фальшивым новостям относились только, так называемые, «газетные утки», то сейчас подача информации вышла на совершенно новый уровень. Также появились специальные законодательства, связанные со штрафами за распространение лживых новостей. Например, Facebook и Google заявили, что будут сами проверять такие «новости» и публиковать заметки с пометкой fact-check [5]. В России в 2019 году президентом Владимиром Путиным был подписан пакет о запрете недостоверных новостей [6]. В этом же году был назначен первый штраф за злоупотребление свободой массовой информации. Суд назначил административную выплату в размере 200 тысяч рублей сетевому изданию издательского дома «Момент истины» из-за того, что те опубликовали на своей странице в YouTube видеоролик с оригинальным названием: «Срочно! В России готовит революцию Майдан» [7].

В 2017 году стартовал проект «информационного общества», в котором приняли участие Йельская школа права и Институт свободы слова Флойда Абрамса. Целью проекта было изучение проблемы «фейков» и поиск попыток разрешения данного вопроса [8].

Появление и распространение фейковых новостей можно проследить, исследовав различные исторические события. По мнению ученых, первое использование ложных сведений можно отнести к случаям, произошедшим еще до нашей эры [9].

Исследователи отмечают, что оппонент Марка Антония, Октавиан Август, подделал завещание, в котором говорилось, что некоторые земли в римских провинциях должны принадлежать Клеопатре и Антонию. Из-за этого документа, который далее распространили по всему Риму, Сенат лишил Марка

Антония права командования легионами. Октавиан также пускал слухи о любви Марка к выпивке, но еще более резонансная новость заключалась в том, что Антоний хотел, чтобы его похоронили в Египте, как фараона. С развитием истории фейки продолжали появляться. По мнению ученых Богдановой Е. Н. и Распоповой С. С. самая первая значимая дезинформация появилась в 600 году нашей эры, а именно в сатирическом издании «Anecdota» [10]. Основатель издания Прокопий Кесарийский был известным византийским историком, который изучал внутреннюю и внешнюю политику.

Однако он выставлял все непристойные факты о жизни правителей того времени в «Anecdota». Ученым до сих пор неизвестно действительно ли те события, которые описывал историк происходили на самом деле.

Из-за развития книгопечатания, слухов и фальши становилось все больше. В Средние века начали появляться, так называемые, «газетные утки». В них были описаны события, которые не могли происходить, либо различного рода придворные сплетни. Для того, чтобы распространять достоверную информацию издателям нужны были технологии и большие деньги. Поэтому, в основе своей, информация была ложной. Однако, даже в то время, были газеты, которые выявляли ложь. Например, в газете «The Boston News Letter» Джона Кэмпбелла, печатали различные разоблачения, касающиеся слухов и фальши. Также на публикациях был указан достоверный источник информации. Газета была довольно дорогой, однако, ценилась аудиторией того времени.

Обычно после материалов с недостоверными фактами ставились определенные буквы, например, «NT» то есть non testatum (не проверено). Под такими буквами, обычно, печатались новости такого содержания: «В графстве Таксис родился двуглавый ребенок с шестью пальцами» [11].

С развитием читательской аудитории и технологий, на смену качественной и деловой прессе пришла новая, так называемая, «пресса за пенни». Такие журналы строили все свои материалы на домыслах и слухах, с целью развлечения своих читателей. Как писал Бенджамин Франклин: «Подлинность фактов не стоит считать абсолютной ценностью: слишком часто они уступают вымыслу в увлекательности, а этот дефект не так безобиден, как кажется на первый взгляд» [12].

С рождением желтой прессы, например газеты «The New York Sun» в США, которая опубликовали информацию о том, что есть жизнь на Луне [13], слухи, сплетни и фейки вышли на новый уровень. На тот момент было достаточно публикации, которая вызывала ажиотаж, и не важно проверена ли информация или нет.

Еще одна газета, которую стоит рассмотреть, это «The New York Journal». Это издание смогло поднять желтую прессу на новый уровень восприятия. Уильям Рэндольф Херст считал, что публика жаждет развлечений и ставил задачу перед своими авторами делать больше сенсаций и писать на те темы, которые актуальны его современникам. Например, в нескольких выпусках газеты, он публиковал историю о вымышленном мальчике-сиротке, который жил на улице и просил подаяния. Однако из выпуска в выпуск Херст настолько раскрутил историю его жизни, что эти опубликованные заметки вызвали огромный резонанс в обществе. Многие хотели помочь мальчику, но история была ложью [14].

Фейки выпускались и дальше. В основном для того, чтобы разрушить чью-то репутацию или отвлечь внимание от какого-либо значимого события.

С появлением радио и телевидения и развитием традиционных СМИ фейковые новости перешли в новый формат.

Примером всеобщего фейка радионного пространства может быть радиопостановка одноименного романа Герберта Уэллса «Война миров». Она транслировалась 30 октября 1938 года в эфире американской радиостанции «CBS». Орсон Уэллс представил будто бы ведет новостной репортаж, непосредственно, с места событий и описывал ужасы, связанные с захватом пришельцами планеты. В результате этого в США началась массовая истерия. Люди стали заявлять, что видели марсиан, прилетавших на планету, и общались с высшим разумом. Однако была ли эта история такой резонансной неизвестно. Дело в том, что на тот момент радио было прямым конкурентом газет, которые, в свою очередь, пытались «раздуть» эту ситуацию.

Доступ к СМИ за последние десятилетия сильно увеличился. Данные о чтении аудиторией традиционной прессы в 1980-е годы, сильно отличаются от 2007 года. В 80-е годы информация человеку поступала от 40-50 газет, а в 2007 – от 175 газет [15].

В 2017 году международный научный журнал «Science» собрал информацию о более чем 126000 фейках, распространенных в Twitter за последние десятилетия. Они проанализировали все новости и выяснили, что в современном мире ложь является более актуальной, чем правда [16].

В настоящее время фейковые новости все больше используются для разжигания «информационных войн» и для освещения различных кризисных ситуаций. Исследователи отмечают, что распространение фейков связано с недоверием общества к публичным институтам и СМИ [17].

Приведем примеры фальшивых новостей, ставших причинами проблем в области политики.

В 2016 году проблема фейков стала еще более актуальной, чем раньше. Из-за инаугурации Дональда Трампа стали появляться массовые ложные новостные сообщения, при этом была распространена информация о том, что президента поддерживают российские власти. Журналист «Buzzfeed» решил провести собственное расследование, связанное с фальшивыми новостями. Он выяснил, что в маленьком городке Велес в Македонии распространялись новости, где был упомянут Дональд Трамп. Сообщения были с различными заголовками, в том числе: «Убийство агента ФБР, подозреваемого в сливе электронных писем Хиллари Клинтон, неудачно замаскировали под самоубийство» [18].

Но это не все фейки, связанные с экс-президентом США. В том же 2016 году Трамп ради того, чтобы набрать рейтинги при инаугурации, опубликовал на своей страничке в Twitter фейковые сообщения. Примером может послужить публикация, сделанная им во время пребывания в аэропорту Дэйтона в штате Огайо. Во время выступления президента мужчина перепрыгнул через забор и побежал к нему. Его тогда захватила полиция. Однако позже прошла неподтвержденная информация о том, что мужчина был связан с террористическими группировками. Трамп опубликовал пост в Twitter с тем, что на него было совершено покушение и за нападение могут стоять террористы. Потом оказалось, что парень невиновен и информация, которую о нем распространяли, была ложной.

Также стоит рассмотреть еще одну ситуацию, связанную с фейками. Фальшивые новости многократно встречались в освещении сирийского конфликта. Ученые приводят примеры, связанные с событиями в Южной Гуте. В тот момент в двух разных случаях СМИ показывали фотографию одной и той же сирийской девочки. В первом, что она была жертвой ракетного обстрела, а во втором – химического оружия. Позже стало известно, что девочка и ее семья в безопасности и СМИ, просто разжигали конфликт.

С развитием интернета и появлением новых медиа проблема фейков стала глобальной. В данном случае, можно рассмотреть распространение ботов и троллей, способствующих увеличению ложной информации.

Боты могут вычислять алгоритмы запросов от пользователей и продвигать им интересующую их информацию. В том числе их задача состоит в том, чтобы заполнять интернет-пространство различными сообщениями, в том числе и ложными. Существуют, так называемые, «тролли» – авторы, которые пишут ложные сообщения для того, чтобы вызвать резонанс в обществе. В современном мире такие «тролли» могут затрагивать различные темы: научные, политические, общественные, социальные. Эти люди даже могут подделывать и распространять различного рода документы.

В 2020 году, когда началась глобальная пандемия коронавируса, фейки наводнили Интернет. Самая главная ложная новость была в том, что вирус является проектом мирового правительства и, на самом деле, никакой эпидемии нет. По данным информационного центра по мониторингу ситуации с коронавирусом (ИЦК) в России 56% населения верило в это [19]. Люди, которые верили в заговор и конспирацию думали, что основатель Microsoft Билл Гейтс будет чипировать людей с помощью вакцины от коронавируса. Самая большая проблема состояла в том, что на эту тему не просто распространялись новости в интернете или посты в социальных сетях. В эту дезинформацию даже поверили официальные СМИ. В передаче «Человек и закон», которая идет на Первом канале, 16 минут эфирного времени отвели на обсуждение этой теории [20].

До сих пор неизвестно откуда появился вирус. Однако теории его происхождения возникают даже спустя год после начала пандемии. В интернете были теории о том, что вирус появился из-за съеденных летучих мышей, из-за утечки из лаборатории, из-за того, что его создал химик из Гарварда и т. д. [21]

Но что будет, если убрать все фейки? Скорее всего, тогда нужно будет удалить и все новости, в результате чего люди будут жить в мире без информации. Либо нужны постоянные факт-чекинги и детальные журналистские расследования. Если не получается найти источник информации, нужно в поисковом запросе Google или Яндекс искать ключевые слова, связанные с ним. В ином случае можно провести детальную экспертизу (такой метод работает с фотографиями или видео).

Список использованных источников:

1. Ильченко С.Н. Фейковая журналистика как элемент современной шоу-цивилизации. – Известия Уральского федерального университета. Сер.1. Проблемы образования, науки и культуры. Т. 153. 2016.
2. Суходолов А.П. Феномен «фейковых новостей» в современном медиапространстве. – Евроазиатское сотрудничество: гуманитарные аспекты: материалы международной научно-практической конференции. -Иркутск: Изд-во.Байкальского государственного университета. 2017.
3. Архангельская И.Б., Архангельская А.С. Фейк-нюс в доцифровую и цифровую эпохи // Знак: проблемное поле медиаобразования. 2020. № 3 (37). С. 95-104. DOI: 10.24411/2070-06952020-10314.

4. Пономарев Н.Ф. Фейковые новости в контексте постправды // E-Scio. – 2019. – №6. – С.126-133.
5. Google запустит фактчекинг по всему миру, а Facebook научит пользователей отделять правду ото лжи [Электронный ресурс]: <https://www.cossa.ru/news/157673/>
6. Путин подписал законы о запрете фейковых новостей [Электронный ресурс]: <https://www.interfax.ru/russia/654682>
7. В России впервые назначен административный штраф по статье о фейковых новостях [Электронный ресурс]: <https://tass.ru/obschestvo/7001807>
8. The Information Society Project The Floyd Abrams Institute for Freedom of Expression. Fighting Fake News [Электронный ресурс]: https://law.yale.edu/sites/default/files/area/center/isp/documents/fighting_fake_news_-_workshop_report.pdf
9. Муратова Н. Fake news: дезинформация в медиа [Текст]: пособие / Н. Муратова, Н. Тошпулатова, Г. Алимова. – Ташкент: «Innovatsion rivojlanish nashriyot-matbaa uyi», 2020. –104 с.
10. Распопова С.С. Фейковые новости: природа происхождения. Вестник Челябинского государственного университета. 2017. № 11 (407). Филологические науки. Вып. 109. С. 48—53. [Электронный ресурс]: <https://cyberleninka.ru/article/n/fejkovye-novosti-priroda-proishozhdeniya>
11. Ученова, В.В. Беседы о журналистике / В. В. Ученова. — М., 1985. — С. 5.
12. Мохова, Т.Ю. Факты и вымышленные персонажи в журналистике Марка Твена: особенности взаимодействия двух различных дискурсов / Т. Ю. Мохова // Вестн. Нижегород. ун-та им. Н. И. Лобачевского. — 2016. — № 2. — С. 246-255
13. Soll J. «The Long and Brutal History of Fake News», POLITICO Magazine, 18-Dec-2016. [Электронный ресурс]: <http://politi.co/2FaV5W9>
14. Journalism, fake news & disinformation: handbook for journalism education and training. ЮНЕСКО. 2018.
15. Там же.
16. Емашов Я.И. Американские fake news как угроза для Российской Федерации // Азимут научных исследований: экономика и управление. 2017. Т. 6. № 4 (21). С. 314-317.
17. История фейковых новостей / BBC. 2018. 23 января [Электронный ресурс]: <https://www.bbc.com/ukrainian/features-russian-42794529>
18. Муратова Н. Fake news: дезинформация в медиа [Текст]: пособие / Н. Муратова, Н. Тошпулатова, Г. Алимова. – Ташкент: «Innovatsion rivojlanish nashriyot-matbaa uyi», 2020. –104 с.
19. «Проект мирового правительства по обольваниванию населения» Опасные лекарства, потеря денег и смерть: к чему россиян привела вера в фейки о коронавирусе [Электронный ресурс]: <https://lenta.ru/articles/2021/01/28/corona/>
20. Там же.
21. Обухова Д. Неполное собрание фейков о COVID-19: происхождение, распространение, лечение [Электронный ресурс]: <https://dev.by/news/feiki>
22. Беспалова, А.Г. История мировой журналистики / А. Г. Беспалова. — М.; Ростов н/Д., 2003. — 423 с.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНДЕ

Зауреш Қойгелдиева,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
E-mail zauuuuuuu@mail.ru

Өз дамуының белгілі бір жетістікті кезеңіне жеткен кез-келген ел ұлттық идеясын қалыптастыруға деген қажеттілікті сезінеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп бергендей, ұлттық идея ел дамуының түбегейлі жаңа сатысына көтерілудің орасан зор мақсаты жолындағы қоғам мен мемлекеттің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдениет, рухани және басқа барлық күштерін біріктіру міндеті туындаған тұста пайда болады.[1]

Үлкен өзгерістері мен саяси оқиғаларға толы ХХ ғасырды тарихтың еншісіне қалдырып, адамзат баласы болашаққа деген үлкен үмітпен жаңа жүзжылдыққа қадам басты. Алға дамудың алғы көрсеткіші ретінде адамның айға қонуы, жүргізушісіз машинаның жүруін көрсетуге болады.

Адам қанша дамығанымен оның бойында ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін жоғалтқан емес.

Жалпыұлттық мәселелер негізін XVIII ғасырдан бастап бастау алды десек қателеспейміз. Себебі, қоғамдағы сілкініс сол уақыттағы саяси тәуелсіздік пен рухани дербестікті көксейтін ұлттық идеяның өмірге келуіне себепкер болды.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» соң саяси элитаның аса үлкен ден қойған ісі қазақ қоғамын ұлттық тұтастыққа үндеу және оған қол жеткізуге күш салу болды. Алдымен жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру ісінде, оның артын ала Ресей империясымен қатынас мазмұнын анықтау мәселесінде бұл мақсаттың саяси мәні айқындала түсті.

Көрші мемлекет және қоғамдармен қақтығыс, атамекенді сырттан төнген қауіптен қорғау қажеттілігі басқарушы топтан, жалпы халықтан ішкі саяси бірлікті талап етті. Жеке сұлтан, би, батыр және ойшыл жыраулар қызметінде бұл қоғамдық сұраныстың мәнін терең ұғыну ғана емес, сонымен бірге осы ортақ мүддеге саналы түрде нақты қызмет жасау да көрініс тапты.[2]

Тәуелсіз Қазақстанның жаңаруы мен әлемдік өркениеттің көшіне қосылу кезеңі Алаш қозғалысынан басталады. Қазақ қоғамы санада пайда болған ұлттық идеяның бастауы осы кезеңнен негіз алды және өздерінің азат ойларын мерзімді басылымда бейнелей алды. Басылымның басты міндеті ақпаратты жеткізу. «Ақ жол» газеті басты міндетін мүлтіксіз орындаған басылым.

Ірі қоғамдық– саяси, ғылыми-ағартушылық мәселелерден бастап қарапайым тұрмыстық танымдық мәселелерге дейін халықтың сұранымы мен өресіне қарай қорытып, сараптап отырған «Ақ жолдың» тарихи орны әрқашан айқындала көрінді.

XX ғасырдың басында ұлттық сананың оянуына байланысты ұлттық басылымдар өмірге келе бастады. Ұлттық идеяны, рухани дербестікті армандаған қоғам өз ойларын жаза алатын, айта алатын басылымды дүниеге әкелді. Ол газеттің аты «Ақ жол» еді, аты айтып тұрғандай басылым қазақ халқын білімге, ағартушылық бағытына шақырды.

«Ақ жол» басылымының редакторы С.Қожанұлы «Ақ жол»-біздің батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді»,– деп баға берген.

Әсіресе басылым ағартушылық бағытқа қатты мән бергенін газетті парақтай отырып, байқауға болады. «Ақ жол» №1, Сейсенбі, 7 декабрь, 1920 жылғы ең алғашқы санында «Оқушыларға» атты мақала жарияланған. Мақаланың басы: «Баспасөз-біздің қазақ қырғызға жаңа жұмыс. Соңғы он жылдың ішінде ғана бас көтеріп, газет-журнал шығаруға кірістік»,– деп басталады.[3] Бұл жерде газет ісінің қазақ қоғамы үшін үлкен жаңалық екендігін, жаңа тірлікті қолға алғандығын, ағартушылық бағыттың енді бастау алғандығын оқимыз.

Ары қарай автор газет жұмысының алға баспай тұрғандығын тілге тиек етеді. Сол кезеңде болып жатқан тарихи процестерге шолу жасап және газетті дамытудың жолын, себептерін іздестіреді. Мақала авторы «Халқымыздың, оқығандарымыздың аздығын еске алсақ, бүгіннен бастап, халық арасына баспасөзді көп тарату қамына кірісуіміз керек. Заман жайын, саясат бағдарын түсіндіру үшін ел аралап жүрерлік оқығандарымыз жоқ, дүниеде не болып жатқанынан ел халық хабарсыз»,– деп көрсетеді. [3] Баспасөздің халық арасына тарату арқылы халықтың көзін ашамыз, өмірге деген құлшынысын оятымыз деген бір тұжырымға келеді.

Автор газеттің елді жаңалықпен қамтамасыз ету жағын «Елде тұратын яки елге қатынасы бар, азаматтар хабар жазып тұрулары керек. Елге жайлы, жайсыз не жұмыстар болып жатыр, жәбір қиянаттары қандайлық. Бәрін газет жүзіне шығару керек. Біреуге жала жаппай, нағыз шынды жазудан тайсалмау керек. Ел ішіндегі бейбастықтық, зорлық-зомбылық осы жолмен біраз кемуі мүмкін. Махкамаларда, ұйымдарда қызмет ететін пікірлі азаматтар өздерінің халыққа пайдалы істеп отырған істерінің барлығын жіберіп отырса, нұр үстіне нұр»,– деп қазақ қоғамын жаңалықпен қатар, шындықты жазу керектігін ескертеді. Әрине, ол кезде бұқаралық ақпарат құралдары туралы ұғым да, сөз де болған емес. Десек те автор « Біреуге жала жаппай, нағыз шынды жазудан тайсалмау керек»,– деп автор журналистің өтіріктен алыс жүру керек екендігін жазады. Журналистік этикеттің бастауын осы кезеңнен басталғанын байқаймыз.

Ары қарай «Қысқасы, газет жұмысын ілгері бастыру үшін жарық ойлы зиялы азаматтарымызды жәрдемге шақырамыз. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған буындарымызды тәрбиелеу бәрімізге ортақ борыш. Газет туралы өткен кемшілігімізді еске түсіріп, келешек ісіміз жемісті болуына иман келтіріп, мынау «Ақ жолды» алдарыңа тартып отырмыз. Көздеген мақсатқа адастырмай тура бастайтын «Ақ жол» болғай еді» деп мақаланы аяқтайды. [3]

Көріп отырғандай, бұл мақалада қоғамның шын бет-бейнесін автор жатық тілмен жеткізіп тұр. Заманның алға жылжуы үшін баспасөз керек екендігі, ал баспасөздің қоғам үшін, әсіресе жас ұрпақ үшін орны ерек екендігін жеткізеді. Газеттің сауатты жазылуы «жарық ойлы» азаматтардың арқасында болатындығына автор үлкен мән береді. №4 Сенбі, 18 декабрь, 1920 жылғы санында «Ақ жолға» ақжолтай өлең жолдары арналыпты, авторы белгісіз.

Сен «Ақ жол» халқыңа,
Жолаушы боп баратын
Бар оқушы қалпыңа,
Ояу көзбен қарайтын

Кел, арала, сен қара,
Қазақ-қырғыз даласын.
Еділ-жайық, сырдыра,
Ойлы-қырлы саласын,

– деген жолдардан автордың газеттің ел арасына барып, жаңалықтың жаршысы болғанын, халқынды ұйқыдан оятып,

Біріктіріп, басын қос,
Алты алаштың баласын.
Төңкеріске көбейт дос,
Үрлеп жандыр шаласын,
Туды міне ерік деп
Таптық нағыз сирек деп
Кел кедейлер бірік деп
Шақыр қазақ даласын,

– деп жыр жолдары аяқталады. Өлеңнің өне бойында азаттықтың рухы, еркіндікке, білімге асыққан алашты көреміз. Алты алаштың баласы бірігіп, халық мүддесін ойласуға шақырған жыр жолдары бірден көзге түседі. Осыған қарағанда, «Ақ жол» газетінде күнделікті хат-хабардан бөлек, ақын-жазушыларымыздың шығармаларына да көңіл бөліп, жариялағанын көреміз. Жоғарыдағы өлең жолдары соның дәлелі.

«Ақ жол» газетінің стилі жағы басқа басылымдарға қарағанда өзгеше. Себебі тілі жатық, әрі анық. Бұған дәлел жоғарыда талданған мақалаларды айта аламыз. «Ақ жол» мерзімді басылымының тағы бір артықшылығы қазақ халқын елімізде ғана емес және шетелде болып жатқан оқиғалармен таныстыру болды. Газет елде болып жатқан отаршылық, толқулар мен ереуілдерді ашық жазып отырды.

«Ақ жол» №4, Сенбі, 18декабрь, 1920 жылғы санында «Отаршылықпен күресу» атты жарияланым жарыққа шықты. Мақала былай басталады: «Патша заманынан бері келе жатқан отаршылық (колониализм) «тасу жолын» (транспорт) түзетуге бір мықты кесел болғандығынан, Азияның орталығындағы 1-ші сиезі отаршылықты хукіметке қарсы жұмыс есебінде қылып, темір жол еңбекшілерін отаршылықпен мықты күреске шақырған» ,– деп аяқталады. Темір жол еңбекшілерін отаршылықпен күресуге бел шеше кірісу керектігін баса айтып, сиез барысында бастауға жол ашылғандығын ескертеді.

«Ақ жол» газетінде заметка, корреспонденция, мақала, фельетон, рецензия, хат-хабар жанрлары жан-жақты қамтылған. Материалдардың барлығы дерлік проблемалық мәселені көтеріп, публицистикалық тұрғыдан талданып, сарапталған.

«Ақ жол» мерзімді баспасөзінің бір ерекшелігі әр түрлі тақырыпты қозғап отырған. Нақтылай айтсақ, денсаулық, қоршаған орта (экология), агрономиялық, зоотехникалық, өндіріс бағытына да мәселе көтеріп, сол туралы жаза білген. «Ақ жол» №31, Сәрсенбі, 2 март, 1921 жылғы санында «Дәрігерлік оқу» атты жарияланым жарық көрді. «Алматыда саламаттықты қорғағыш облыстық бөлім дәрігерлік туралы білгіштерді шақырып, түсінікті оқулар жасап жатыр. Мағлұмат орыс тілінде беріледі. Сонан соң, мұсылманша болады. Мұсылмандар үшін босанған әйелдерге (акушер) һәм ауруларға (сестра милосердия) курстар ашылған. Басқа дәрігерлік курстарын молайтып ашуға, жергілікті тілдерде оқытушылардың жоқтығы қол байлау болып тұр»,– деп саламатты өмір салтын қолдануды қолдап, денсаулық бағытында мақала жазылған. Сол кезеңдегі дәрігер маманы жетіспейтін тақырып, қазір де маңызын жойған жоқ.

Жарияланымда мұсылмандарды емдеу үшін дәрігерлер курсы ашылғандығы айтылған. Дәл сол санында «Балалар жетісінің жемісі» атты мақала шыққан. Мақалада Самарқанд қаласында кәсіпшілік ұйымдары балалардың әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында интернат ашылғандығы жайлы жазылған. «Қоқанда барлық интернаттар һәм басқа балалар үйлері түзетілген. Ауру балаларға жәрдем беретін (амбулатория) һәм паналық үй (приюттер) ашылған. Балалардың тамағын жақсылаған. Осы, қалалардың бәрінде де азық-түлік, киім-кешек һәм ақша мол жиналған»,– деп жас балаларға ерекше қамқорлық көрсеткені жазылады. Бұл денсаулық бағытындағы жарияланған жарияланымдарға берілген сипаттама.

Келесі бағыт, қоршаған орта тақырыбы туралы болмақ. Сөзімізге дәлел ретінде «Суықтықтың себебі» атты жарияланымна тоқталайық. «Соңғы жылдардың һәм биылғы жылдың қысының суық болып тұрғанын оқымыстылар былай мәнестейді: қазір Түркістан бірте-бірте суи беретін жайда тұр. Бұл

суи беру, бір белгілі уақыт қана болуға тиіс. Ол уақыттың шамасы 800 жыл. Осы 800 жылдың ішінде 8 түрлі жаздар һәм қыстар болуға тиіс. Қысы ұзақ, суық болса, жазы қысқа, салқын болады. Қысы қысқа, жылы болса, жазы ұзақ ыстық болар. Бірақ, мұның астық жемістің шығуына әзір зияны болмас», – деп автор қысқа ғана ақпаратында ауа-райы туралы мәлімет береді. Түркістанның суи бастағандығы, уақыттың 800 жыл шамасы екендігін жорамалмен айтып отыр. Осы ақпараттан сол кезеңде ауа-райын болжай алатын мүмкіндік бар екенін көреміз. Қысқа ақпарат ауа-райының қолайсыздығына қарамастан, өсіп жатқан астыққа зияны тимейтіндігін ескертуімен аяқталады. Бұл ақпаратта экология, агрономия саласы да қозғалады.

«Ақ жол» №31, Сәрсенбі, 2 март, 1921 жылғы санында «Алдағы егін компаниясының мақсаттары» атты мақала жарияланған. Авторы Аболин есімді азамат. Мақалада үш жылғы соғыстың кесірінен дей келе, «Тіпті, 1915 жылдан бері Түркістанда егілетін жер екі есе кеміген. Мақта егіндері азайған. Қызметшілер болмай, диқаншылық малдары жетпей егіншілік аспаптарын түзеп жер суару істері де нашарланғандықтан, жерлер бұрынғыдай қаралмай һәм егілмей, егін өнімдері үштен бір яки, төрттен бірі кеміген. Шегіртке, тышқан егіндікке зиянды һәртүрлі уақ жәндіктер көбейіп, Түркістан шаруашылығында өнетін өнімдер азайуына тағы себепкер болған», – деген пікір айтылған. [4] Соғыстың кесірінен жердің кішіреюі егіншілер үшін үлкен қайғы екені жазылады. Шегіртке, тышқан тәрізді егіндікке зиян уақ жәндіктердің көбеюі, егіннің азайып кеткендігі жазылған. Ары қарай: «Түркістанда суарылып егілетін жерлер аз болғандықтан, шөлдегі егіндіктерден пайдалану жағына көз салу тиіс. Бөлекше маслихаттың істейтін екінші мақсаты, жерді қандай ретпен жырту, суару, егу һәм егінді қай ретпен қарау шаруашылықты көтеру һәм диқанның пайдасы үшін егіндік жер түзету істері», – егіндік жерлерінің жырту жолдарын көрегендікпен сипаттаған. «Ауыз һәм баспасөз бен үлгі болатын егіндерді көрсетумен халық арасына, диқаншылық білімдерін тарату керек», – деген жолдарынан баспасөз арқылы егіншілікті дәріптеу және басылымның болып жатқан жаңалықты таратуда қажеттігін мойындайды.

«Ақ жол» №3, Сәрсенбі, 15 декабрь, 1920 жылғы саны «Ішкі хабарлар» айдарымен «Институттар ашылу» жарияланымы жарыққа шықты. Мақаланың аты айтып тұрғандай Түркістан республикасының халқына бір институт ашылатындығы жазылған. Оқу орыс тілінде жүретіндігі және оқып жатқандар әскерден босатылатындығы жазылған.

«Ақ жол» №3 Сәрсенбі, 15 декабрь, 1920 жылғы санында «Ішкі хабарлар» айдарымен «ТурЦИК» жарияланымы жарыққа шықты. Автор қызықты дерек келтіреді: «Түркістанның кіндік атқару комитеті, халық ағарту комиссариатын жалпы жұртқа оқу-жазу үйрету үшін жергілікті халық тілдерінде кітап шығаруға бірсыпыра кісіні қызметтерінен шығарып, жазушылық ісіне салуға міндетті қылған». Түркістанның атқару комитеті оқыған азаматтарды халықтың сауатын ашу үшін, қызметінен босатып, қазақ тілінде оқулық жазуға отырғызады. Бұл деген ел билеген азаматтардың ел жайын ойлағандығын білдіреді.

Ел азаматтарының «Ақ жол» басылымы арқылы ұлттық идеяның бастауын, түп-төркінін өзіндік болмысымен халық санасына ұғындыра білді.

Ұлттық болмыстың кескінін дәстүрлі қазақ қоғамында, қазақ даласында әлеуметтік-саяси жағдайда алаш идеологиясын басылым бетінен оқимыз.

Қазақстанның жаңаруы және әлемдік өркениеттің көшіне ілесу барысындағы өзін өзі айқындауы ұлттық және мәдени өзіндік бірегейлік

Ұлт тағдырына, ел тарихына қатысты маңызды мәселені салмақтап саралап беріп отырған газеттің сол кездегі көтерген жүгі ауыр болды. Соған қарамастан басылым үзбей жарық көрді.

Тәуелсіздігіміздің көк байрағының әлем көгінде желбірегеніне 30 жыл. Бүгінгідей шуақты күндеріміз үшін ата-бабамыз қанды жолға басын тікті.

Бүгінгіміз кешегінің жалғасы десек, кешегі шыққан «Ақ жол» басылымы сапалық тұрғыдан жетілген қазақтың ұлттық идеясы – Алаш идеясын бейнеледі.

Ұлттық құндылық пен бірегейлікті сақтау құндылығын дәріптеуде Ұлттың болмыс бітімін көрсететін патриоттық сезім, рухани өзек Ұлттық идея-тарихи қажеттіліктен қоғамдық болмыс болып қалыптасатын құдіретті күш.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Болатбек Төлепберген «Ұлттық идея-тәуелсіздік тұғыры» Астана 2013, 3-бет
2. Мәмбет Қойгелдиев «Ұлттық саяси элита» Алматы «Жалын баспасы» 2004 5-бет
3. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 1 том. // Құрастырған Х.Есенқарақызы. –Нұр-Сұлтан: Алашорда қоғамдық қоры, 2020. -381-б.
4. Ақ жол (газеті). Көптомдық. 2 том. // Құрастырған Х.Есенқарақызы. –Нұр-Сұлтан: Алашорда қоғамдық қоры, 2020. -381-б.

АҚПАРАТ АГЕНТТІКТЕРІ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Құлтаева С.С.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің
PhD докторанты

Ақпарат агенттіктері даму тарихының әр кезеңіндегі жаңа коммуникативтік: телеграф пен радиодан бастап, қазіргі онлайн ақпарат желілері сияқты технологиялардың алғашқы қолданушылары мен насихаттаушысы болып табылады. Сондықтан ақпарат агенттіктері өз қызметіне енгізіп жатқан кез-келген жаңалық сала мамандарының да, қарапайым халықтың да назарын бірден аудартады. Қазіргі таңда мұндай жаңалық ретінде жасанды интеллект қолданысын атауға болады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, ақпарат агенттіктерінің жаңалықтар дайындауда автоматтандыру жүйесін қолдануына түрлі себептер түрткі болуы мүмкін: кейбір агенттіктер қаржы саласының жаңалықтарына баса мән береді және ақпаратты жылдам ұсынуға талпынады, ал кейбір агенттіктер автоматтандыруды белгілі бір салаға қатысты ақпарат ауқымын кеңейту мақсатында қолданады [1].

Жасанды интеллект агенттік қызметінің мүмкіндіктерін кеңейтеді деп тұжырымдауға толық негіз бар. Associated Press агенттігі қызметкерлері Ф.Маркони мен А.Сигман жасанды интеллекттің журналистикадағы мүмкіндіктерінің арасында журналистерге күрделі, сапалы жұмыс үшін уақытты үнемдеу, журналистерге мәліметтердің, мәтіндердің, суреттер мен бейнематериалдардың үлкен ауқымын өңдеуге, журналистиканың жаңа түрлерін жасауға мүмкіндік беру сияқты қасиеттерін атап өтеді [2].

Заманауи, дәлірек айтсақ, компьютерлік технологиялар, ақпарат агенттіктері қызметінің екі бағытында қолданылады: бірінші, ақпарат іздеу, жинақтау мен өңдеу барысында; екіншіден, сол ақпаратты аудиториясына ұсыну барысында.

О.Бойд-Барретт пен Т.Рантанен өздерінің еңбегінде Рейтерс мәлідемесін келтіреді: «Рейтерс соңғы электрондық құралдар арқылы әлемді шұғыл түрде хабардар етуде» [3]. Мұндай мәлідеме үшін толық негіз бар. Рейтерс агенттігі қызметін мысал ретінде келтіріп, технологиялар қолданысының жан-жақтылығын айқын көрсетуге болады.

2017 жылы агенттік Reuters News Tracer жүйесін іске қосты. Бұл жүйе журналистерге Twitter желісіндегі жаңалықтарды дәл орын алып жатқан уақытында анықтап, тексеруге мүмкіндік береді. Агенттік мәлімдеуінше, «бұл құрал жасанды интеллектті Рейтерс журналистерінің адами интеллектімен байланыстыратын алгоритмдерді біріктіреді» [4]. Reuters Editorial Operations, Data & Innovation редакторы Рег Чуа пайымдауынша, аталмыш жүйе агенттік журналистеріне жаңалықты жариялауда өзге медиа құралдарының алдында 8-ден 60 минутқа дейін басымдық береді. Бәсекелестік жоғары, сонымен қатар қарқынды дамып, өзгеріп жатқан ақпарат нарығында бұл үлкен басымдық екені күмән тудырмайды.

Мұнымен шектелмей, 2018 жылы агенттік Lunx Insight атты тағы бір жүйесін іске қосты. Бұл жүйе де жасанды интеллект пен адами интеллектті біріктіреді: әр түрлі тақырыпқа қатысты датаны (сандық ақпаратты) жинақтап, өңдейді, «үрдістерді, аномалияларды, маңызды фактілерді анықтап, тілшілер дайындауы тиіс деген жаңа оқиғаларды ұсынады» [5]. Мұндай жүйе журналистика сапасын арттырып, ақпаратты бұрынғыдан да жедел түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Аталмыш мысалдардан көріп отырғанымыздай, әр түрлі алгоритмдер деректердің үлкен ауқымымен жұмыс істеу барысында елеулі септігін тигізе алады.

Жасанды интеллектті журналистика саласында алғашқылардың бірі болып Associated Press агенттігі 2014 жылы өзінің бизнес жаңалықтары бөлімінде корпоративтік табыс туралы ақпаратты ұсынуда қолдана бастады. Кейін 2016 жылы Рио Олимпиадасынан репортаждар дайындауда робот технологияларын пайдаланып, жасанды интеллектті пайдалану бағытындағы тәжірибесін кеңейтті. 2019 жылы агенттік Automated Insights компаниясы ұсынған автоматты жүйені қолдана бастады, әзірге тек спорт жаңалықтарын ұсыну бағытында: баскетбол ойындарына қатысты дата автоматты түрде жинақталып, табиғи тіл генераторы (Natural language generation) технологиясы арқылы оқиғаларды аудиторияға ұғынықты түрде ұсына бастады [6].

Бұл ретте шетелдік әріптестерінен ресейлік агенттіктер де қалыспауда. «Интерфакс» пен «ТАСС» редакцияларында компьютерлік алгоритмдер 2018 ж. қолданыла бастады. Екі жағдайда да аталмыш технологиялар қысқа стандартизацияланған ақпараттық хабарламаларды жазу барысына бейімделген. «ТАСС» редакциясында автоматтандырылған мәтіндер үш тақырыпқа қатысты дайындалады: рубль курсының өзгерісі, Мәскеу биржасындағы өзгерістер және бюджет шығынына қатысты мәліметтер.

«Интерфакс» агенттігінде хабарламалар тақырыбы кеңірек: банк, қаржы нарығы, экономиканың түрлі салалары, т.б. Мұндай тақырыптық таңдауды қаржылық ақпаратты компьютерлік алгоритмдер арқылы өңдеу жеңілдігімен түсіндіруге болады[7].

Жасанды интеллект қолданысы ақпараттық өнімді дайындаудың барлық деңгейінде – мәліметтерді (дата) іздеп, иесін анықтау сатысынан бастап, аудиторияға ұсыну сатысына дейін этикалық және құқықтық мәселелер туғызуда.

Зерттеуші Дорр контент жасақтауға дейін, жасақтау барысында және жасақтаудан кейін туындайтын этикалық мәселелерді ажыратады. Бірінші жағдайда мәліметтер сенімді және нақты болуы тиіс. Автоматтандыру жүйесі сапасыз датаның негізінде қате материал дайындауы мүмкін. Тағы бір мәселе – датаның жетіспеуі немесе дұрыс орналастырылмауы да ақпарат құндылығын шектейді. Сонымен қатар, қазіргі таңда датаға иелік ету құқығына қатысты мәселелер де туындап жатыр, оларды шешу медиаменеджмент тапсырмаларының біріне айналды[8, 412].

Редакцияның аудиториямен қатынасының ашықтығына қатысты мәселе де зерттеушілер назарын өзіне аудартуда. Автоматтандырылған хабарламалар көп жағдайда арнайы белгіленбейді. Associated Press, мысалы, мұндай хабарламаларды «Automated Insights арқылы жасақталды» деп белгілейді, «Интерфакс» жағдайында «Финмаркет» бөліміндегі хабарламалар ғана «автоматты хабарлама» ретінде айқындалады, ал қалған редакцияларда жасанды интеллектпен жасақталған хабарламалардың өзге материалдардан ажыратылуы сирек жағдай. Бұл ретте автоматтандырылған хабарламада қателік орын алған жағдайда, мәліметтердің бұрмалануы немесе толық берілмеуі орын алған жағдайда жауапкершіліктің кімге жүктелетіні белгісіз болатынын атап өткен жөн.

Автоматтандырылған хабарламаларға қатысты авторлық құқық мәселесі де туындайды. Зерттеушілер мұндай хабарламаларда оны дайындау барысында қолданылған бағдарлама атауын көрсеткен дұрыс деп санайды [9]. Әзірге бұл ұсыныс аталмыш мәселені шешудің ең қарапайым және айқын жолы болып отыр.

Жасанды интеллект пен жаңа технологияларды пайдаланатын редакциялар саны артып жатқандықтан Ethical Journalism Network ұйымы робот журналистикаға арналған этикалық нормалар тізімін [10] ұсынды. Олардың ішінде журналист материалды дайындау мен жариялау барысында өзіне қоюы тиіс сұрақтар, мысалы жинақталған мәліметтер (дата) қаншалықты нақты? аталмыш мәліметтерге құқықтарыңыз бар ма? сіздің жүйеңіз қандай мәліметтерге баса мән береді? жалпы материал тақырыбы автоматизацияға сәйкес келеді ме? Бұл нормалар заманауи технологиялар өміріміз бен қызметімізді қаншалықты жеңілдеткенімен жауапкершілікті алып, шешім қабылдау журналист міндеті екенін еске салады.

Бұдан өзге, зерттеушілер жалпы сандық медиа этикасын енгізу қажеттігін де атап өтуде. Чарльз Эсс өз еңбегінде мұның себебін сандық медиа бір-бірімен байланысының жаңа түрлерін ұсынып жатқанын, сондықтан кей жағдайда дәстүрлі медиаға қатысты этикалық нормалардың қолданылу мүмкіндігі сұрақ туғызатынын атап өтеді. Оның пайымдауынша бұған дейінгі этикалық тәжірибені жалғастыру қажет [11]. Дорр пайымдауынша, алгоритмдер қолданысына қатысты этикалық нормаларын талдауда технологиялық ерекшеліктерге баса мән берілетіндіктен осы сандық медиа этика ұғымын қолдануға болады [8, 406].

Associated Press редакторларының бірі Том Кент сұхбаттарының бірінде автоматты хабарламалар жазу стилін агенттік жазу стилімен сәйкестендіруге бір жыл уақыт жұмсалғанын атап өтті [12]. Бұл жасанды интеллект жүйесін сатып алу немесе жасақтаумен редакция жұмысы аяқталмайтынын, редакция талаптарына, оның ішінде этикалық нормаларына сәйкестігін қадағалау қажеттігін, жобаның күрделі екендігін білдіреді.

Ақпарат агенттіктері қызметінде, жалпы журналистикада қолданылатын жаңа технологиялар тек жасанды интеллектпен шектелмейді. Әсіресе ақпаратты ұсынуда қолданылатын жаһандық желі мүмкіндіктері мен заманауи технологиялар қарқынды дамуда.

Бұл ретте Рейтерс агенттігі 2021 жылы екі бастаманы жүзеге асырды. Біріншіден, Google компаниясымен серіктестік келісімшарт негізінде алпауыт технологиялық көшбасшының сапалы ақпарат, сапалы журналистиканы ұсынуға бағытталған жаңа News Showcase өнімі арқылы өз аудиториясына тағы бір жақындай түсіп, жаһандық жаңалықтарды ұсына бастады. Агенттік мәлімдеуінше, қазіргі таңда Рейтерс жаңалықтары Google компаниясының өзге өнімдері: Google News, Discover, Google Assistant және Google іздеу жүйесі арқылы да қолжетімді [13]. Мұндай бастамалардың медиа этика, сандық медиа этикасы аясындағы зерттеулер мен сараптамаларға негіз бола алатыны анық.

Бұдан бөлек, Рейтерс 2021 жылы Amazon компаниясымен де серіктестік жобаны жүзеге асыра бастады. Агенттік компанияның Alexa құрылғылары арқылы COVID-19 вакциналарына қатысты ақпа-

ратты ұсына бастады. Рейтерс мәлімдеуінше, агенттік әлемнің 85-тен астам елінде және АҚШ-тың 50 штатында вакциналардың қолжетімділігі мен заңдылығына қатысты сауалдарға жауап береді [14]. Мұндай құрылғылар әлі де жетілдіруді талап етсе де, қолданысы кеңейіп, танымалдылығы арта беретіні анық.

Технологиялардың дамуы аудиторияға ұсынылатын контентті түрлендіруге де мүмкіндік береді. Мысалы, The Associated Press агенттігі 2019 жылы экологиялық мәселелерді зерттеуге бағытталған Nekton зерттеу тобы ұйымдастырған ғылыми жобаға қатысты. Үнді мұхитының 200 м. тереңдігінен тікелей эфирде жоғары сапалы бейне таратқан агенттік мұндай контент ұсынған алғашқы редакция болды. Бұл ретте журналисттер заманауи камералар мен жарықтандыру жүйесін қолданды [15]. Бұл қазіргі таңда журналист мақсат-міндеті анық болған жағдайда кез-келген ойды, жобаны жүзеге асыруға болатынын дәлелдейді.

Қорыта келсек, жаңа технологиялар қазіргі таңда редакция қызметінің кез-келген сатысында қолданылып, мүмкіндіктерін кеңейтуде. Сол мүмкіндіктерді пайдалануда қазақстандық редакциялар да батылдық пен белсенділік танытса, еліміздегі медиа саласының дамуына қосқан бір үлесі болар еді. Дегенмен, бұл ретте журналистің құқықтық, этикалық жауапкершілігіне қатысты жаңа мәселелер туындап жатқанын ұмытпай, сол мәселелерді редакциялар ескеріп, өз этикалық кодекстерінде қамтып, журналистеріне жеткізе білуі де қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Fanta A. Putting Europe's Robots on the Map. University of Oxford, 2017
2. Marconi, Francesco; Siegman, Alex. The Future of Augmented Journalism: A guide for newsrooms in the age of smart machines, Associated Press, 2017.
3. O.Boyd-Barrett, T.Rantanen. The Globalization of news.
4. Рейтерс. Reuters News Tracer – Reuters News Agency (reutersagency.com) 15.05.2017
5. Рейтерс. The cybernetic newsroom: horses and cars | Reuters 12.03.2018
6. Associated Press. AP to automate men's college basketball game previews using Automated Insights 8.02.2019
7. Кульчицкая Д.Ю., Фролова Т.И. Компьютерные алгоритмы в работе российских информационных агентств (на примере ИА «Интерфакс» и «ТАСС»). Вестник Московского Университета. Серия 10. ЖУРНАЛИСТИКА. 2020. № 1.
8. Konstantin Nicholas Dörr, Katharina Hollnbuchner. Ethical challenges of algorithmic journalism. Digital Journalism. Volume 5, 2017, Issue 4, p. 404-419.
9. Weeks Lin. Media Law and Copyright Implications of Automated Journalism, Jipel No. 1, Vol.4, 2014
10. Ethical Journalism Network. An ethical checklist for robot journalism – Ethical Journalism Network. 15.03.2019
11. Ess Charles. Digital Media Ethics. Polity Press, 2020
12. American Society of Business Publication Editors. «AP's Tom Kent: The Time Has Arrived For Robotics Journalism Ethical Checklist». AP's Tom Kent: The time has arrived for robotics journalism ethical checklist – American Society of Business Publication Editors (asbpe.org) 3.05.2015.
13. Рейтерс. Reuters becomes first global news provider to offer content on Google News Showcase | Reuters 22.01.2021
14. Рейтерс. Reuters data to power new COVID-19 vaccine experience on Amazon Alexa worldwide – Reuters News Agency (reutersagency.com) 30.03.2021
15. Associated Press. AP pioneers new form of live underwater broadcasting on Indian Ocean science mission 12.03.2019

БҮКІЛТҮРКІЛІК МӘДЕНИ-АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК: КОНВЕРГЕНЦИЯ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғалия Майкотова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Әсел Әлім

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы

Халқымызда «Бармасаң, келмесең – жат боларсың» деген сөз бар. Барыс-келіс, алыс-беріс, әсіресе білім саласындағы ынтымақтастық бауырластықтың болашағы үшін аса маңызды. Сондықтан бұл тақырып бүкілтүркілік мәдени-ақпараттық кеңістікте тоқсаныншы жылдардан бастап көтеріліп келеді. Осы ретте 2013 жылы Түрік кеңесінің мұрындық болуымен Түркі университеттер одағының

алғашқы жиыны ұйымдастырылды. Бас қосу 28-29 наурызда Стамбул университетінде өтті. Қырғызстанда Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркияның Білім министрлері осы мәселе бойынша ортақ шешімге келіп, құрушы ЖОО-ның аттарын жария еткен болатын. Мәселен Қазақстаннан одаққа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕуразияҰУ, Назарбаев университеті және Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ұсынылды. Ынтымақтастықта Түркістандағы ХҚТУ-дің орны аса маңызды. Халықаралық университет 20 жылдан бері бауырлас елді жақындастыруға дәнекер болып келеді. Түлектері ерікті елшілер іспетті қызмет атқаруда. Бірақ білім саласында өзара дипломдардың танылмауы, кредит жүйесіндегі кедергілер сияқты өзге де шешімін күткен мәселелер кездескен болатын. Осындай қиындықтарды жеңілдету үшін ЖОО арасында жүйелі байланыстар орнату мақсатында университеттер одағының құрылуы маңызды деп есептелді. Ынтымақтастық барлық саланы, соның ішінде әсіресе жастарды көбірек қамтуы тиіс болды. Сондықтан бауырлас елдер арасында студенттер алмастыру мәселесі де шешімін табуға бел буды [1].

Осыған орай тарих ғылымдарының докторы, «Шоқайтанушы» ғалым, Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі 2013 жылдың 25 сәуірі күні «Жебе» газетінің Ыстамбулдағы тілшісі Ержан Қалымбайұлына сұхбат берген еді. Сұхбат түркі халықтарының бірлігі, соның ішінде білім саласындағы бірлік жөнінде өрбіген болатын. – «Әлбетте, Қазақ ЖОО-да әзербайжан, түрік, қырғыз студенттері оқыса, қазақ жастары да аталған елдердің оқу орындарында білім ала білуі тиіс. Сондықтан бізге де Еуропа Одағындағы «Эразмус» сияқты бағдарламалардың қажеттігі анық. Бір ғана мысал, Стамбулда «Тек Румелі» телеарнасында ХҚТУ-дің түлегі Айбала Полат деген журналист бар. Қазақ тілін жетік біледі, қазақ мәдениетін жақсы көреді, тіпті қазақ әндері мен күйлерін телеарнадағы бағдарлама арқылы түм Түркияға насихаттауда» [2], – дейді Дархан Қыдырәлі сұхбат барысында. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сондықтан Ыстамбулдағы алқалы жиында қатысушылар одақтың мақсат-міндеттері мен құрылымына қатысты шешімдер қабылдады. Жиында студенттер мен оқытушылар алмасу, ортақ зерттеу бағдарламалары мен жобалар ұйымдастыру, дипломдарды тану сияқты жайттар төңірегіндегі ойлар талқыға салынды. Басшылықты үйлестіру үшін ауыспалы төрағалық енгізіліп, Ататүрік университеті алғашқы төраға болып сайланды. Одақтың Хатшылығы қызметін Түркі Кеңесі Хатшылығы атқарды. Келесі жиын 29 мамырда Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде өтеді деп шешілді. Бұл шара жоғары оқу орнының 80 жылдығымен тұстас өткізілуімен маңызды болды.

Сондай-ақ ортақ рухани орта қалыптастыру мақсатында ортақ тарихи және әдеби оқулық жазу, анимациялық фильмдер түсіру арқылы түркітілдес елдердің ортақ қаһармандарын қалыптастыру жобалары жөнінде де ой қозғалды. Білім мен мәдениеттің туыс елдерді жақындастыра түсетін салалар екендігі баса айтылды. Білім, соның ішінде тарих пен әдебиет ғылымын ортақ игеру арқылы жады жаңғырады, ортақ тарихи сана қалыптасады. Терең тарихи сана мақтаныш сезімін орнықтырады. Академик Рахманқұл Бердібай айтқандай, тұтас қарастырғанда түркі әдебиетіндегі ортақ тұлғалардың барлығы біздің ортақ мақтаныштарымыз екендігі белгілі [3]. Бұл – үлкен байлық, сарқылмас қазына. Әдебиет пен тарих арқылы біз тамырлас қана емес, тағдырлас екенімізді айқын аңғарамыз. Бір-біріміздің әдебиетімізді оқумен туыстығымызды сезініп, жақындай түсеміз. Әрине, бұл жақындық жалаң сезімге, арзан ұранға емес, терең ғылыми байламға, тоқтамды уәжге негізделгені жөн. Түркі тарихынсыз дүние тарихын елестету мүмкін емес, бірақ бабаларымыз ұланғайыр істерін жазуға құлықты болмаған сияқты. Ал бертінде тарихты қағазға түсіргендердің оны өз ыңғайына бұрып жазғаны белгілі. Даңқты жолымыз, айбарлы өткеніміз көмескіленіп, әлі күнге жаңылыстарды жөндеумен, толықтырып түзетумен келеміз. Дархан Қыдырәлінің айтуынша, біздің тарихымызда да алауыздықтар аз болмаған екен. Бірақ бұл барлық елдердің тарихына тән жайт. Мәселен, бүгінгі Еуропа елдері өзара қырық пышақ болып жүз жылдар бойы соғысқан. Өркениетті елдер осындай оқиғалардан сабақ алып, берік Одаққа айналды. Бөлетін жайттарды емес, біріктіретін тұстарды тауып, соны достыққа арқау етуде. Бұл ретте тарих – тағылым, ол өткенмен кектесу үшін емес, болашақпен беттесу үшін қажет. – «Осыған байланысты тарихта қилы қантөгістерді емес, жақындастыратын жарқын беттерді көбірек көрсеткен жөн» [4], – дейді Дархан Қыдырәлі.

Мәселен, қазақ пен қырғыздың қатынасы Кенесары тағдырынан ғана тұрмайды, төскейде малы қосылған бір туған халықтың біріккен қолы қалмақтарға талай рет тойтарыс берген. Бұдан бізді бөлетін жайт бір болса, біріктіретін жайттың тоқсан тоғыз екенін байқаймыз. Бізді ортақ мүдде ғана емес, ортақ тарих та біріктіретінін ұмытпаған абзал. Сондықтан Түркі Кеңесі орта мектептерге арналған ортақ тарих оқулығы жобасын қолға алуды көздеді. Оқулықта ірге ажыратпаған 13 ғасырға дейінгі тұтас тарихымыз баяндалады. Ортақ тарихымыз аңыздар, сенімдер, тұлғалар, оқиғалар арқылы жеңіл тілмен

әрі дау тудырмайтын нақты мысалдармен берілген. Осы тұста түрлі этностардың ортақ келісімі арқылы пайда болған АҚШ-тың отандастарын ұйыстырып, өзге ұлыстарды да қызықтыра түсу үшін ойдан аңыздар құрап, қолдан «қаһармандар» жасағанын айта кету керек. Бұл қаһармандар жайындағы қаптаған көркем фильмдер мен анимациялық фильмдерді көру арқылы жастарымыз бен бүлдіршіндеріміз көзсіз еліктеуде. Бізге қолдан қаһарман жасап керек жоқ, барымызды бағалап, адамзат тарихындағы ұлыларымызды дұрыс жеткізе білсек, тарихымен, дәстүрімен мақтанатын, сенімі берік, санасы сергек буынды тәрбиелеп шығаратымыз анық [5].

Бүгінде бірігу мен кірігуге таптырмайтын құрал ақпарат болып тұр. Өкінішке қарай, Түркияда болып жатқан жаңалықтарды Қазақстан Ресейдің ақпарат құралдары арқылы алып келеді. Түріктер де солай. Тікелей ақпарат алу мардымсыз деңгейде. Ортақ ақпараттық алаң қалыптастыру мен ортақ арна ашу туралы көптен айтылып келеді. Былтыр Анкарада өткен түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясында да ортақ телеарна мәселесі көтерілді. Қазір ақпарат ағынында өмір сүріп отырмыз. Бір-бірімізді етене танып, білу үшін ортақ ақпарат кеңістігі қажет. Ол үшін ұлттық ақпарат агенттіктері арасында үйлесімді жұмыс қажет. Жеке арналар да тілшілер ұстау арқылы бұл үрдіске өзіндік үлес қоса бастады. Мәселен қазір «Хабар» арнасы тілшісі Ержан Жүніс пен «Қазақстан» арнасы тілшісі Бақытжан Омаров Түркияның жаңалықтарын жеткізуде. Сол сияқты «7 арна» мен «Жебе» басылымдары да арнайы тілшілер ұстауда. Бұл орайда «Жебе» газетінің Ыстамбұлдағы тілшісі Ержан Қалымбайұлының сараптамалары мен Ғалия Серікқызының да жазғандары екі елді жақындастыра түсуде. Біздің ортақ арна құру туралы бастамамыз бар, мәселен түркі дүниесіне «Еуроньюс» сияқты ақпараттық арна керек-ақ. Бірақ бұл мәселе ақырын жүруде. Анкарада «ТРТ-Аваз» телеарнасы өзге ұлттық арналармен келісім жасап, арнайы жобалар жасап, фильмдер түсірілуде. «Астана – махаббатым менің» фильмі бұған бір мысал. Ұлттық арналар арасындағы осы ынтымақтастық болашақта өз жемісін береді деп үміттенеміз.

Түркі халықтарының интеграциясындағы басымдық сала сөзсіз мәдениетке келіп тіреледі. Түрксоп, Түркі академиясы сынды ұйымдар бұның дәлелі болмақ. Сонымен бірге жуырда киношылар мен жазушылар бірлігі құрылмақ. Ал түркі халықтарының әдеби салада өз Нобелі болмақшы екен. Түркі Кеңесі мәдениет, өнер салаларындағы шараларды Түрксопмен бірлесіп атқаруда. Басшылығына қоғам қайраткері Дүйсен Қасейінов келгелі екінші тынысы ашылған ұйым шығармашыл топтарды ұйымдастырып, мәдени жақындықты арттыруда. Астанадағы Түркі академиясы да ынтымақтастықтың ғылыми негізін бекемдей түсті [6]. Бұл ретте шығармашылық топтар да өзара байланыстарын нығайта түскені абзал. Мәселен Анталия қаласында өтетін беделді «Алтын портакал» атты халықаралық кино фестивалі бар. Осы ауқымды шараға қазақ киногерлері көптеп қатысса немесе Алматыда өтетін «Шәкен жұлдыздары» атты байқауға түркі әлемінің киношылары көбірек келсе, бұл саладағы байланысымыз да арта түсер еді. Сол сияқты ақын-жазушыларымыздың да кесек туындылары көбірек аударылғаны жөн. Мәселен көрнекті жазушы Төлен Әбдіктің «Қайырсыз жұма» деген әңгімесі аударылып, «Қардеш калемлер» атты әдеби журналда жарық көрді. Түркияның жазушылары шығарманы жоғары бағалап, түркі әлемінде жыл адамы ретінде Төлен Әбдік шығармалары насихатталды. Осындай әдеби тәржімалар арқылы бір-бірімізді етене тани түсер едік. Сондықтан шығармашылық топтар мен тұлғаларды, ғалымдарды, өнер-мәдениет қайраткерлерін ынталандырып, рухани һәм қаржылық тұрғыда қолдау мақсатында Түркі кеңесі арнайы сыйлықтар тағайындауды ұйғарды. Мемлекет басшылары мақұлдаса, Кеңес ғылым, әдебиет және өнер салаларында зор жетістіктерге қол жеткізген қайраткерлерге Түркі әлемі сыйлығын береді. Түркі дүниесінің Нобелі сияқты болатын және жыл сайын берілетін сыйлықтың ақшалай құны да қомақты болмақ. Бір жылы ғылымға, келесі жылы әдебиет, өнер салаларына еңбегі сіңгендер марапатталады.

Түркі әлеміндегі интеграция әуелі экономикалық ынтымақтастыққа негізделген. Экономиканың қарқынды дамуы, елдеріміздің әлеуетінің артуы интеграцияның өміршең болуына қызмет етеді. Қазір тәуелсіз алты түркі мемлекетінің әлеуетін қосқанда 200 миллиондық халық санымен әлемде тоғызыншы орында, 4,8 шаршы шақырымдық жер көлемімен жетінші орында, 1,5 триллион долларлық ЖІӨ-мен он үшінші орында. Түркі кеңесі елдердің экономикалық дамуын ынталандыратын жобалар бойынша да жұмыс жүргізуде. Бұл мақсатта халықаралық ұйымдардың қаражаттарын тиісті аймақтарға жеткізетін Түркі даму Қорын құру мәселесі талқыланды. Сол сияқты Кеңестің ежелгі Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту жобасы да іске асырылып отыр. Осы бағытта Стамбұлда Кеңес жанындағы көлік қатынасын дамыту бойынша және кедендік мәселелер бойынша жұмыс тобының жиындары өтті. Онда мүше мемлекеттер арасында көлік қатынасын және кедендік рәсімдерді жеңілдетудің жолдары қарастырылды. Сонымен қатар Кеңес хатшылығы Баку-Ақтау бағытында жүйелі жүк тасымалын жолға қою

арқылы Қытайдан Еуропаға, тіпті Таяу Шығыс пен Африкаға ашылатын көлік дәлізін дамыту мақсатында дайындық жұмыстарын бастап кетті [7].

Бүкілтүркілік интеграцияны дамытуда латын әліпбиіне көшу ұлттық сілкініс, құлдық санадан арылудың бір үдерісі болар еді. Алайда бұған қарсы шығушылар да бар. Осы орайда Дархан Қыдырәлінің пікірлері көңілге қонымды болмақ: – «Иә, жаңа қаріп жаңарған елдің нышаны ретінде көнені келмеске кетіріп, ойды отарсыздандырады, сананы сілкіндіріп, жадыны жаңғыртады, мәдени тұтастықты орнықтырады, ұлттың қуатын арттырып, оның ақпарат кеңістігін дербестікке жетелейді. Бұл ретте әліппе тек өркениет пен мәдениеттің рәмізі ғана емес, мемлекеттің тәуелсіздігін де білдіретін айрықша символ. Ол мемлекеттің өз жолы мен таңдауы жүзеге асып отырғанын көрсетеді. Сондықтан ұлт үшін әліппе таңдау ісі өз қалауымен астана ауыстыру сияқты тарихи маңызы зор мәселе деп есептеймін» [8], – дейді. Қазіргі қаріптің қоғамда екі түрлі қолданылатыны белгілі. Мәселен, қазақ тілінде «Мәскеу», «Қарағанды» деп жазсақ, орыс тілінде «Москва», «Караганда» деп жазамыз. Латын қарпі арқылы емлені қазақшаландырсақ, бұл бірізге түсер еді. Бұл ел азаматтарының қазақ тілін тезірек үйренуіне септігін тигізеді. Сондықтан, жаңа әліппе бір жағы қоғамды біріктірсе, екіншіден жаһан жұртшылығымен байланысын арттыра түседі. Оның үстіне, кезінде кириллицаның әрбір түркі халқы үшін бөлек жасалғанын ескерсек, жаңа әліппе арқылы Қазақстандағы тамырлас халықтардың қазақ тіліне жақындығы артады. Бұл қазақ тілінің халықаралық деңгейде салтанат құруына, бәлкім болашақта қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің тірегі болуына жол ашуы мүмкін.

Жалпы, латын қарпіне көшу мәселесі алғаш көтеріліп отырған жоқ. Мемлекет басшысы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында латын әліпбиіне байланысты тапсырма бергеннен бастап Білім және ғылым министрлігі жан-жақты зерттеулер жүргізді. Одан бері түрлі жиындар өтіп, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары бауырлас елдердің тәжірибелерін сараптады. Сондықтан бұл мәселені кеңінен талқылау үшін бізде жеткілікті уақыт болды. Біздіңше, саяси шешім қабылданғандықтан, қазір латын әліппесіне көшу керек пе деп дауласудың орнына енді оны қалай қабылдау қажет деген сұрақтың төңірегінде пікірлескен жөн сияқты. Мәселен, қазірдің өзінде электронды ақпарат құралдарында латын қарпі кеңінен қолданылуда. Интернет, әлеуметтік желілерде бұған көшіп кеткендер аз емес. Бірақ латын әліппесін әркім өз еріктерінше әртүрлі пайдалануда. Сондықтан ғалымдар тарапынан мақұлданған жаңа әліппенің тезірек енуі мәселені бірізге түсірер еді.

Латын әліпбиі сөз болғанда, Түрік Кеңесінің ұсынып отырған 34 әрпі еске түседі. Бұл әліпби қазақ дыбыстарын толық қамти ала ма? Екіншіден, Қазақстан бұл әліпбиді қабылдаса, кейін өзге түркітілдес елдердің де оны қабылдауы қаншалықты мүмкін? Өйткені, өзіңізге мәлім, түркітілдес елдердің латынға көшуінде ала-құлалық бар. Мәселен, түріктерде біраз әріптер жетіспейді. Өзбектер бір таңбаны екі әріппен белгілеп жүр. Өзбекбайжандарда өзіндік олқылықтары бар.

Қазір Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан латын әліпбиіне көшкен. Дегенмен Дархан Қыдырәлі айтқандай, олардың арасында бірізділік жоқ. Дегенмен, жалпы бұл елдердегі әліпбилер негізі бір болғандықтан, оларды ажыратып, оқу қиын емес. Бұлардың арасында бөлектеніп тұрған Өзбекстандағы латын графикасына келер болсақ, қаріп ауыстырғанда әуелі ұлттық тілдің заңдылықтарын емес, көбіне техниканың тетігін басты назарға алғандықтан, бұл елде оқуға қиындық тудыратын қолайсыз әліппе шыққан. Оның үстіне, Өзбекстанның сол тұста арасы ашылған Түркияда қолданылатын латынға ұқсамайтын ерекше әліппе жасау туралы шешімі бұған кері әсер еткен сияқты. Бұл жерде айта кетерлік тағы бір жайт, Түркияның қолданыстағы 29 әріптен тұратын әліппесі де дыбыстарды таңбалауда жеткілікті емес. Ататүріктің шешімімен Кеңестер одағындағы туыстарымен жақындасу үшін қабылданған әліппеде қ, ғ, ң, і сияқты дыбыстарды белгілейтін әріптер тысқары қалған, сондықтан бүгінде түрік жастары бұл дыбыстардан қол үзуде. Бұл туралы Түркі кеңесі жанынан құрылған «Терминология комитетінің» алғашқы отырысында арнайы сөз болды. Негізінен, Түркі Кеңесі жаңа әліппе ойлап шығарған жоқ, ол 1926 жылы Бакуде және 1992 жылы Стамбулда қабылдаған әліппені мақұлдады [9]. Бұл орайда Қазақстан осы әліппеге негізделген латын әліппесін қабылдаса, түркі әлеміндегі жетекшілік қызметінің күшейе түсері анық. Бұл мәселемен Түркі академиясы айналысуы тиіс деп ойлаймыз.

Өз заманында Ғаспыралы арман еткен түркі халықтарының арасында ортақ тіл идеясы бүгінде жүзеге асуы мүмкін бе? Болса қай тіл болуы мүмкін? Ол ортақ тіл деп қазақ тілін айтқан еді. Ғаспыралы туралы Стамбул университетінде диссертация қорғаған Дархан Қыдырәлі екендігінен хабарсыз екенбіз. Ғаспыралы туралы деректер жайында Дархан Қыдырәлі былай дейді: – «Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары тарапынан ұстаз ретінде қабылданған Ғаспыралының «Стамбулдағы балықшы да, Сібірдегі түйеші де түсіне білетін ортақ тіл жасау» үшін арнайы «Тәржіман» газетін шығарғаны белгілі. Осы «Тәржіманда» шыққан бір мақалада «ортақ түрік тілі Анадолы түркілерінің немесе қазақтар-

дың тілі негізінде қалыптасуы мүмкін» деп жазылған екен. Ол кезде жазба әдебиет мейлінше жақын болғандықтан зиялылар да бірін-бірі еркін оқып, түсіне беретін. Дегенмен, бұл жоба діндеген жеріне жете алмады. Кеңестер одағы жүйелі жұмыс жасады, ұлттардың әдеби тілдері қалыптасты. Бұл орайда пікірім, қазіргі түрлілігіміз – біздің байлығымыз. Диалектілердің өзі үлкен қазынамыз. Негізінде, түркі тілдері бір-бірен аса алшақ жатқан жоқ. Құлақ үйренісе келе, түбір сөзге ден қойса, тамырлас жұрт бір-бірін түсіне кетеді. Әсіресе қазақ және түрік тілін білетін кісі түркі әлемінде тілмашсыз жүре береді», – дейді.

Жалпы, көк байрақ – күллі түркінің рәмізі. Көне түріктер өздерін көктен тарадық деп есептеген. Оның үстіне, көк – Қазақстан байрағының түсі. Қазақстан – Кеңесте жетекші ел, Тұңғыш Елбасы да Кеңестің құрушысы. Осыған байланысты тудың түсіне мүше мемлекеттер қарсылық танытқан жоқ. Көк туда күн орналасқан, бұл Қазақстан мен Қырғызстан туынан алынды. Оның ортасында ай мен жұлдыз бейнеленді, бұл да Түркия мен Әзербайжан туларынан алынды. Сондықтан бұл ту бір жағы түркі ынтымақтастығының рәмізі сияқты. Түркия және Қазақстан Президенттері Кеңестің Стамбулдағы кеңесіне арнайы келіп, туды көтеру салтанатына қатысты. Сонда Елбасы «бүгін көкке көтерілген көк байрағымыз әрқашан тек биікте желбірей берсін» деген тілек айтты.

Түркі кеңесі – туыс мемлекеттердің терезесі тең ұйымы. Тіпті Кеңесті бірнеше түркі мемлекетінің саналы түрде құрған тарихтағы алғашқы ұйымы деп бағамдауға болады. Мұнда қатысушы елдердің ойлары да, дауыстары да бірдей. Дегенмен сарапшылар Қазақстанның Тұңғыш Президентін Кеңестің бас архитекторы деп бағалап, Қазақстанды Кеңестің ықпалды мүшесі ретінде көреді. Мұнда Түркі Академиясының, Түркі Кеңесінің, ТүркіПА және Ақсақалдар кеңесінің Елбасының ұсынысымен құрылуы негізгі фактор болып есептеледі. Содан болар, Түркия Президенті Абдулла Гүл мен Премьер-министр Режеп Тайип Ердоған Елбасын «түркі әлемінің дуайені һәм жетекшісі» ретінде бағалады. Жалпы, Түрксой-ға Қазақстан азаматының Бас хатшы болуы, Түрік Академиясының Астанада орналасуы және ТүркіПА Бас хатшылығының Қазақстан жағына өтуі де еліміздің түркі әлеміндегі ықпалын арттыра түспек. Сол сияқты еліміздегі сарапшылар мен ғалымдардың түркі әлеміндегі белсенділігі арта түсуде. Осы ретте Түрік-Азия стартегиялық зерттеу орталығының жиыны да көп міндеттерді атқарып отырғандығы қуантады.

Отарлық қамытын киіп есесі кеткен, алапат аштық пен репрессияда қынадай қырылған, құндылықтарынан көз жазып мәңгірттенген қоғам егемендікпен бірге ес жиып, еңсе тіктеді. Мұнда Астананың ықпалы ерекше. Жаңа байтақ арқылы қазақ «елдің иесі, жердің киесін» танытты. Жаңа астанамен бірге Ақмола – қазаққа, қазақ та қалалық ұлтқа айналды. Ол бұйығы тірлікке жан бітірді, сананы сілкіндіріп, сенімді ұялатты. Сонымен қатар, «Болашақ», «Мәдени мұра», «Нұрлы көш» сынды бағдарламалар жаңа сана қалыптастыруға ықпал етуде. Ойды отарсыздандыру үрдісі қазақ елінде қазақ тілі мен қазақ мәдениеті толық салтанат құрғанға дейін үздіксіз жалғаса береді. Қазір қазақ дамудың үшінші сатысына көтерілді. Ұлт ретінде ұйысқан халқымыз қастерлі Тәуелсіздігімізбен бірге ұлыс ретінде де орнықты. Енді қазақ елі Ұлы дала өркениетін жаңғырту дәуіріне қадам басты. Бұл ретте ұлыс – ұлттың бекем сауыты, сыртқы сипаты; мемлекет болу арқылы халық құндылықтарын сақтап, дәстүрін жалғастырады.

Ал «Мәңгілік Ел» мұратын қайта жалғау үшін ұлттың ұлы өркениеті жаңғыруы тиіс. Өркениетке айналмаған ұлыстың өрісі тар болады. Біз Ұлы өркениет жасағанбыз, демек болашақта оны заманға лайықтап жаңғырта аламыз! Бұл орайда қаперде ұстайтын бір жайт, тарихи тамырымыз тайпаларға барып тіреледі. Тарыдай шашырап кеткен туыс жұрттың өзегін құрайтын бұл іргелі ру-тайпалар өзге елде жұтылып кеткенімен қазақ жерінде қаз-қалпында сақталып қалған. Сондықтан қазақ елінің Ұлы көштердің қайнар бастауы, жадыны жаңғыртушы қарашаңырағы һәм күллі дала өркениетінің жауапкершілігі жүктелген ата-жұрты екенін ұмытпаған абзал!

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 б.
2. Қазақстандағы ақпараттық үдерістер: тәуелсіздікті нығайтудағы БАҚ рөлі. Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. Қазақ газеттері. А.: 2002, 475 б.
3. Бас редактор: Ерлан Сыдықов. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, – Алматы, «Pride Print», баспасы, 2013. – 108 б.
4. Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: «Білім» баспасы, 1994.
5. Күлтегін Тоныккөк: Ежелгі түркі рун жазбалары [Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли]. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2001. – 144 б.
6. Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А., Қабылдинов З.Е. Назарбаевтың Еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 404 б. [орыс тілінде].

7. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2005. -368 б.
8. Әбжанов Х., Зардыхан Қинаятұлы З., Қамзабекұлы Д., Нұрымбетова Г., Ювалы А. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні. I кітап. Ұжымдық монография. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 456 б. «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы.
9. Бижанов А., Ибраева А. «Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2416> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. National Digital History порталы. 5 тамыз, 2014.

МАССМЕДИА УЗБЕКИСТАНА: СТАНОВЛЕНИЕ НОВОЙ СТРУКТУРЫ, ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПРОБЛЕМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ

Маматова Я.М.

Национальный Университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека (Узбекистан)

Аннотация. Реализация масштабного проекта «Новый Узбекистан» стала возможной благодаря либерализации национального законодательства о СМИ, обеспечению открытости деятельности органов государственной власти и управления, установлению открытого и прямого диалога с народом. Ранее запретные темы ныне широко освещаются на страницах газетно-журнальной периодики, в эфире государственных и негосударственных телерадиоканалов, в блогосфере, которая стремительно расширяется за счет высокой активности гражданских журналистов.

Наряду с тенденциями роста количества СМИ, усиления конкуренции между ними, стремительного роста популярности интернет-СМИ и гражданских журналистов, повышения рейтинга СМИ негосударственного сектора на повестке дня остро стоят вопросы повышения качества журналистской работы, подготовки журналистских кадров, укрепления статуса журналистики как общественно-политического института.

MASSMEDIA OF UZBEKISTAN: FORMATION OF A NEW STRUCTURE, MAIN TRENDS AND OPERATING PROBLEMS

Mamatova Ya.M.,

National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek (Uzbekistan)

Abstract. The implementation of the large-scale project «New Uzbekistan» became possible thanks to the liberalization of national legislation on the media, ensuring the openness of an activity of public authorities and administration, and the establishing of an open and direct dialogue with the people. Previously forbidden topics are now widely covered on the pages of newspaper and magazine periodicals, on the ether of state and non-state television and radio channels, in the blogosphere, which is rapidly expanding due to the high activity of citizen journalists.

Along with the tendencies of an increasing of the number of massmedia, of an increasing of competition between them, a rapid growth of the popularity of online media and citizen journalists, of an increasing of the rating of media in the non-state sector, on the agenda are urgent issues of improving the quality of journalistic work, training journalistic personnel, strengthening the status of journalism as a social-political institution

Одним из значимых промежуточных результатов реализации проекта «Новый Узбекистан», инициированного лидером страны Шавкатом Мирзиёевым, стало обеспечение открытости деятельности органов государственной власти и управления, установление посредством традиционных и новых медиа открытого и прямого диалога с народом. Тому способствовали как совершенствование законодательства о СМИ, так и политическая воля руководства страны, направленная на достижение реальной свободы выражения мнений посредством всемерной поддержки традиционных и интернет-СМИ, блоггерского движения, совершенствования деятельности информационных служб как государственных, так и негосударственных организаций. «Важным шагом в обеспечении свободы слова стало исключение человеческого фактора из процесса регистрации средств массовой информации, который теперь осуществляется в электронном виде»[1]. В этом смысле в последние 4 года было принято 12 нормативно-правовых документов, способствовавшие кардинальному обновлению деятельности СМИ и медиасферы, в целом.

Вопросы противодействия коррупции, торговле людьми, наркотраффику, преступления в эшелонах власти, вопросы национальной и экологической безопасности, обеспечения гендерного баланса в обществе – все это ныне широко освещается на страницах газетно-журнальной периодики, в эфире государственных и негосударственных телерадиоканалов, в блогосфере, стремительно расширяющейся за счет высокой активности гражданских журналистов.

Вторая важная тенденция обновления национальной медиасреды – это быстрое увеличение количества СМИ и СМК. На середину 2021 года в Узбекистане функционировало 1893 каналов СМИ: 642 газеты, 482 журнала, 17 информационных бюллетеней, 72 телеканала и 37 радиоканалов, 5 информационных агентств и 638 интернет-СМИ(1). В текущем году к ним присоединились новые телекана-

лы «Аклвой» («Знайка»), «Dasturxon TV»(аналогично российскому телеканалу «Кухня ТВ»), журналы «Bright Uzbekistan», «Bor ekan, zoʻr ekan», «Novda», «Dynamic Uzbekistan».

Так, на рынке газетно-журнальной периодики представлена богатая палитра типологических направлений. Среди них довольно динамично развиваются специализированная правовая, финансово-экономическая периодика, отраслевые (медицинские, аграрные), партийные, общественно-политические, массовые информационно-познавательные и информационно-развлекательные, женские, детские и мужские издания. К примеру, сегмент правовой и женской периодики расширился за счет организации и функционирования печатных СМИ данных типов в регионах.

Динамика становления и развития типологических отрядов СМИ, в целом, соответствует моделям функционирования прессы, действующим в мире. При этом основными типобразующими факторами, влияющими на содержательное наполнение и концепцию СМИ, остаются «три: охват аудитории по региону распространения, предметно-тематический контент издания, ... и, наконец, целевое назначение, задающее направление воздействия на аудиторию»[2].

Третья тенденция проявляется в том, что государственно субсидируемым телеканалам жесткую конкуренцию составляют негосударственные, предлагающие аудитории «горячие» новости, местные сенсации, прямые эфиры с места события. Лидирующие позиции в национальном рейтинге стабильно удерживают негосударственные телеканалы «Milliy» («Национальный»), «MY5» («Mening yurtim 5» – «Мой край 5»), «Sevimli TV» («Любимый»), «Zoʻr TV» («Мощный»), вещающие на всю территорию страны, а также телеканалы областного звена «Ruxsot TV» («Взгляд ТВ»-Ферганский вилоят), «Taraqqiyot TV» («Прогресс ТВ»- Андижанский вилоят), СТВ(Самаркандское ТВ). Помимо информационно –новостных программ данные телеканалы представляют аудитории различные викторины, реалити-шоу, интеллектуальные игры, музыкальные конкурсы и сериалы, количество которых также резко возросло в последние 3 года. К примеру, реалити-шоу «Зирапча» («Заноза») телеканала «Sevimli TV» (2018-2019 г.г.) было посвящено процессу реабилитации и социальной адаптации девушек, по воле судьбы оказавшихся в местах исполнения наказания. Реалити-шоу вызвало самые неоднозначные, порой взаимоисключающие оценки и отношения. И тем не менее, популярность телепроекта объясняется тем, что в ходе каждого эфира перед публикой представлялась трагическая судьба каждой из 12 участниц.

В структуре государственной телерадиосети, представленной Национальной телерадиокомпанией- (НТРК) и её филиалами в регионах также идет борьба за высокие рейтинги. В этом секторе лидирует молодежный телеканал «Yoshlar», который непрерывно экспериментирует с различными форматами вещания. «Лицо» телеканала представляют молодые ведущие. А информационная программа «Davt» в эфир выходит с двумя. Успех телеканалу обеспечивает и то, что авторы программ и передач в режиме «24/7» стремятся комментировать или готовить аналитические сюжеты по сообщениям интернет-СМИ либо известных блоггеров. В текущем году НТРК отмечает свой 65-летний юбилей. Весомым к юбилею подарком стал запуск новой «платформы «Over-the-top», объединившей 26 теле- и 16 радиоканалов с круглосуточным вещанием. Она теперь позволяет центральным телеканалам транслировать передачи по всей стране и в более ста государств мира, активно действовать в социальных сетях» [1].

Журналисты онлайн-изданий и блоггеры породили эффект «информационного взрыва», освещая такую актуальную социальную проблематику, как сруб деревьев, снос жилья, очаги экобедствий, обеспечение населения питьевой водой, электричеством, газом и др. Большой популярностью пользуются блоггеры Хушнудбек Худойбердиев, Кобил Хидиров, Даврон Файзиев, Хайрулла Хамидов, Диёр Имомходжаев, Никита Макаренко, Кирилл Альтман, Мухрим Агзамходжаев, Умид Гафуров[3] и многие др.

Нельзя при этом не отметить тенденцию активного освещения в социальных сетях гендерно маркированных вопросов и, прежде всего, вопросов насилия над женщинами и детьми. Так, в 2019 году в социальных сетях бурно обсуждалось поведение представителя правоохранительных органов Самаркандского вилоята, который унизил честь и достоинство гражданки, задержанной по факту совершения правонарушения. Телефонная видеозапись недостойного поведения представителя правопорядка попала в социальные сети, что вызвало бурю негодования и послужило основанием для возбуждения уголовного дела против него. В 2020 году в разгар пандемии COVID-19 социальные сети «взорвала» история Мустахам, которая стала жертвой домашнего насилия. Эти и многие другие факты подтолкнули гражданских активистов на создание телеграм-каналов «Aqida xonim», «He молчи. uz», «Qalb nuri» («Свет души»), «Biz kuchlimiz!» («Мы – сильные!»), которые превратились в площадки публичных дебатов, правовой, социально-психологической, медицинской и иной помощи жертв домашнего насилия.

Активно продвигают себя в социальных сетях и радиостанции, деятельность которых трудно сегодня представить «без видеотрансляции передач на сайтах..., продвижения их на YouTube-каналах,

использования подкастинговых платформ, без личных аккаунтов ведущих эфиров»[4]. YouTube как эффективная онлайн-площадка для привлечения молодых и слушателей позволил радиостанциям «Yoshlar», «Гранд», «O'riyat-FM», «O'riyat-Допо» успешно применять технологии визуализации прямого эфира. «Слушатели вживую могут посмотреть эфир передач «Халфана» с Баходиром Магдиевым, «Futbol plus» с Бобуром Акмалевым, утренние шоу с Игорем Ганкиным»(4). Продвижение авторских радиопрограмм через личные аккаунты радиоведущего также влияет на повышение рейтинговых показателей.

Эпохальным событием в информационной среде страны стала организация Виртуальной приёмной Президента Узбекистана. Запущенная осенью 2016 года Виртуальная приёмная в дальнейшем послужила платформой для принятия Государственных социальных программ. Виртуальная приёмная оказала практическую помощь тысячам людей из социально уязвимых слоев населения в получении доступного жилья, гражданства, в трудоустройстве. Обращения граждан касались и благоустройства территорий, обеспечения питьевой водой, газоснабжением отдаленных, труднодоступных кишлаков и районов. Эта инициатива послужила серьёзным толчком для улучшения деятельности информационных служб министерств, ведомств, государственных и неправительственных организаций. «Если в 2019 году информационные службы государственных и негосударственных организаций имели 559 своих официальных сайтов, каналов в социальных сетях, то в 2021 году – уже 2410» [5].

Все эти усилия, безусловно, полностью изменили облик и содержание СМИ Узбекистана, способствовали их интеграции в мировое информационное пространство, формированию нового и позитивного имиджа страны. Однако нельзя утверждать, что процессы обновления медиасреды идет гладко и ровно. Существует ряд серьёзных проблем, тормозящих работу массмедиа как социально-политического института.

Во-первых, при всем типологическом многообразии СМИ, пока еще не сформирован отряд «качественной» журналистики. Государственно субсидируемые издания «Янги Узбекистон» («Новый Узбекистан» – тираж – порядка 78,8 тыс. экз.) и телеканалы «O'zbekiston 24» и «O'zbekiston 1», освещая ход реализации проекта «Новый Узбекистан» реализуют, прежде всего, идеологические функции.

Во-вторых, печатная периодика переживает период сильнейшего «спада». Тиражи «старейших» общественно-политических и партийных изданий снизились до непростительно низких показателей. Так, печатные органы парламента и Кабинета Министров -газета «Халқ сўзи» выходит тиражом 24 969, а «Народное слово» – 5,5 тыс. экз. Тираж «Правды Востока» составляет 2 128 экз. Правда, издание сумело привлечь на свой веб-сайт достаточно большое количество узбекоговорящих пользователей. Ежедневное посещение сайта газеты колеблется в пределах 4,5 -7 тыс.

Тиражи газет национальных меньшинств «Нурли жол» («Светлый путь» на казахском языке), «Овози тожик» («Голос таджиков» на таджикском языке) не дотягивают и до 1 тыс., партийных «XXI asr» (органа Либерально-демократической партии), «Adolat» («Справедливость» – органа Социал – демократической партии), «Ozbekiston ovozi» – «Голос Узбекистана» (органов Народно-демократической партии), «Milliy Tiklanish» («Национальное возрождение» – печатного органа одноименной партии) колеблются в пределах 1,7 – 3, 5 тыс. экз. В «плачевном» положении находятся печатные органы хокимиятов (муниципалитетов) районного и городского уровня, которые стали нерентабельными вследствие слабого материально-технического оснащения, а также отсутствия в штате редакций профессиональных журналистов. В этом смысле в течение первых шести месяцев текущего года на аукцион выставлены были порядка 15 нерентабельных СМИ.

Имеются творческие и технологические сложности при наполнении контента электронных версий традиционных СМИ. Наблюдается глубокий «цифровой разрыв» между молодыми журналистами и профессионалами старшего поколения. Данное обстоятельство во многом объясняет и медленное становление такого перспективного направления, как журналистика данных.

В-третьих, приоритетное развитие информационно-новостных блоков и программ, стремление к высокой оперативности привело к тому, что снизилось качество журналистской аналитики в СМИ – и в традиционных, и в новых. В силу этого очень часто в публикациях «ломается» логика повествования, даются поверхностные оценки, размывается авторская позиция, не говоря уже о том, что в них встречаются смысловые, грамматические, стилистические ошибки. Журналистов и блоггеров очень часто обвиняют в нарушении норм профессиональной этики, что негативно сказывается на общем уровне их профессиональной и, соответственно, на их статусе в обществе. Кроме того, на местах, в особенности на периферии, за критические выступления они подвергаются угрозам и преследованиям. Все это вместе взятое определяет низкую действенность и эффективность СМИ.

В-четвертых, необходимо поставить на системную основу решение вопроса повышения квалификации и переподготовки журналистов. В данном сегменте активность проявляют больше ННО, представительства международных и зарубежных организаций. Это – Центр переподготовки журналистов, ННО «Институт демократии и прав человека», Представительства ЮНЕСКО, Фонда имени Конрада Аденауэра, DVV International в Узбекистане. Семинары и тренинги указанных организаций по известным обстоятельствам не могут охватить весь журналистский корпус.

В-пятых, реформа информационной сферы диктует необходимость перестройки и системы подготовки кадров высшей квалификации. Еще до 2018 года подготовка специалистов для СМИ осуществлялась в 3-х ВУЗах: в Национальном Университете Узбекистана, Узбекском госуниверситете мировых языков и Каракалпакском госуниверситете. Ныне журналистов и специалистов PR готовят в 7 ВУЗах, в том числе и в Университете журналистики и массовых коммуникаций, организованном в 2018 году.

Между тем есть трудности с трудоустройством выпускников журфаков. Большинство работодателей указывают на их слабые навыки творческой подготовки, редактирования и монтажа медиатекстов. Не все факультеты и отделения журналистики ВУЗов оснащены современным аудиовизуальным и фотооборудованием, на котором студенты могли бы осваивать навыки использования цифровых технологий. Не до конца решен вопрос прохождения учебной практики студентов в профессиональных СМИ. Опыт редакций газет «Маърифат» – «Учитель Узбекистана», «Правда Востока», «Зарафшон», в которых налажено наставничество опытных журналистов, лишь «капля» в море. С учетом того, что специализация в журналистской профессии осуществляется все же на производстве, актуальным остается вопрос укрепления сотрудничества ВУЗов и работодателей, привлечения практиков в учебный процесс для проведения мастер-классов, спецкурсов и практических занятий. А самое главное, актуальным остается вопрос мировоззренческой подготовки журналистов, способных не только оперативно откликаться на вызовы профессии, но и быть личностями с активной жизненной позицией.

Литература:

1. Работникам печати и средств массовой информации. // www.iiv.uz/ 26.06. 2021/.
2. Марчан К.В. Женская пресса современной России. // Вестник Воронежского университета. Серия Филология. Журналистика, 2019, №1. // <http://www.vestnik.vsu.ru/pdf/philolog/2019/03/2019-03-27.pdf>.
3. Forbes uz причислил Саиду Мирзиёеву к самым популярным блогерам Узбекистана // www.ozodlik.org/01.07.2020.
4. Исмаилова К. Продвижение радиовещания в сети интернет в аспекте медиаконвергенции.//Медиакоммуникация ва PR: янги технологиялар ва замонавий ёндашувлар. Сборник материалов научно-практической конференции, 17 мая 2021 года. – Т.: УзГУМЯ, 2021. – С.19.
5. Президент предложил наказывать чиновников за цензуру, давление и вмешательство в работу СМИ.// Gazeta.uz/ 26.06. 2021.

ПАНДЕМИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ

Маратова Дана Қанатқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультетінің докторанты,
Қазақстан, Алматы қаласы
maratovadanaqanat@gmail.com

Сауатты, саналы оқырман тәрбиелеу үшін әуелі сондай орта қалыптастыру керек. Ал ондай орта қалыптастырудың алғышарты – жаңа

оқымандарды медиасауатты болуға басынан бастап үйрету. «Баланы жастан» дегендей, медиасауат мәселесі де бала әріп танып, ақпарат қабылдай алатын жасқа жеткен күннен бастап-ақ қолға алынуы керек алғышарттың бірі.

Медиасауат және медиабілім беру бүгінде Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті тақырып болып отыр. Соңғы онжылдықта жаңа технологиялар пайда болып, бірден көптеген адамның санасын жаулап алды. Қазақстан жаңа медиатеchnологиялар теориясы мен практикасын дамытуда әлеммен бірге қарыштап дамып келеді.

Осындай жауапты кезеңдегі біздің бүгінгі міндетіміз – бірінші кезекте балалар мен жастардың медиасауатын арттыру мәселелерін қолға алу. Қазіргі таңда Қазақстандағы медиабілім беру мәселелері туралы ғалымдар, блогерлер, әлеуметтік желілі қолданушылары арасында пікірлер сан алуан.

Медиасауат пен медиабілім беру мәселесі бұрыннан талқыланып келе жатқанымен, соңғы үш жылдағы пандемия жағдайында мұның қажеттілігі әсіре байқалды. Жоғарыда аталған мәселе тек балалар мен жасөспірімдер, жастар арасында ғана емес, қоғамның барлық мүшесі үшін маңызды екеніне көз жеткіздік.

Коронавируспен бірге ақпараттық вирус та ел ішінде етек алды. Түрлі жаңылыс ақпарат, фейк, манипуляция белгілері бар ақпараттар жылдам тарады. Бұл балалар мен жасөспірімдерге арналған медиада да айқын көрініс тапты. Сондықтан пандемия кезінде жеке бас гигиенасымен қатар ақпарат гигиенасын сақтау да маңызды. Қазір әлеуметтік желілер арқылы түрлі ақпарат тарап жатыр. Ондай мәтін, аудио, видео, фото қолданушылар арасында ғарыштық жылдамдықпен тарап, дүрбелең туғызады.

Балалар мен жасөспірімдерде ақпарат фильтрін қалыптастыру маңызды процесс. Олардың басты ақпарат көз интернет қана емес, ең бірінші кезекте ата-анасы, қоршаған ортасы. Сондықтан баланың көзінше пандемия мен саясат туралы әңгіме айтқанда өте сақ болу керек. Кейде ересек адамдар да өтірік пен шындықты ажырата алмауы мүмкін. Сондықтан бала олардың да қателесуі мүмкін екенін ескеруі керек. Қазір ақпарат дәуірі болғандықтан, ашық ақпарат көзі көп. Соны оқып, ізденіп оқиганың анық-қанығына көз жеткізуге болады.

Адамдар қандай аңызға жиі сенеді?

«Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық», «Естігеніңе емес, көзіңмен көргеніңе сен» деген сөздер бекер айтылмаса керек. Бірақ кейде көзбен көре алмайтын абстрактілі ойлар мен оқиғаларға тап болып жатамыз. Мұндайда сыни ойлау, сараптау арқылы ақиқатқа жетуге болады.

«Аңыз бен ақиқатты ажырата білу бала кезден қалыптасқан психологияға байланысты» дейді психолог мамандар. «Адам неге жалған ақпаратқа әуес болады, қандай ақпаратқа сенеді, ақпарат дәуірінде адам өзін қалай тәрбиелегені дұрыс» деген сұрақтарға мамандар психологиялық тұрғыдан жауап іздеуге тырысады.

«Ешқандай вирус жоқ, мұның бәрі – біреудің ойыны»

Осылай ойлайтын адамдар не вирус жоқ деген аңызға сенеді немесе бар індетті мойындамай, жағдайды өзінің пайдасына шешуге тырысады. Бірақ мұндай адамның өзі вируспен бетпе-бет келуге іштей қорқуы мүмкін.

«Вирус жоқ» деген пікір неден пайда болуы мүмкін? Психолог Махаббат Борашқызының айтуынша, бала кезінен қастандық теориясына сенетін адамға айналасының бәрі жау сияқты боп көрінеді. Балаларды өмірде жоқ қорқынышты нәрселермен қорқыту олардың қоғамға, адамға, шындыққа деген сенімін азайтып, бойына үрей ұялатады. Сондықтан оларға қорқынышты, адамға зиян келтіретін нәрсенің бәрі біреудің қиялы боп көрінеді. Ал мұндай адамдар өз тұжырымына басқаларды да сендіргісі келеді. Қолын жумайды, көшеде емін-еркін жүреді, оқшауланбайды. Олардың әрекеті мен пайымы өзі үшін де, өзгелер үшін де қауіпті екенін түсінсе де, өзінің батыл екенін көрсеткісі келеді. Осы әрекетін ақтап алу үшін «Қазір болып жатқан нәрсенің бәрі саясаттың ойыны» деген қауесет таратады.

«Жақында бәріміз өлеміз, бірақ мұны бізден жасырып отыр»

Біреу вирустың қауіпіне сенбесе, енді біреудің қатты сенетіні сонша халық арасында дүрбелең туғызуға дайын. «Олар бізден шындықты жасырып отыр. Әлемдегі, елдегі ахуал біз ойлағаннан әлдеқайда жаман. Жақында бәріміз өлеміз, ақырзаман келеді» деп ел ішінде дүрлігуі туғызатындар әлеуметтік желіде шок-контент жіберіп, мұндай заман туатынын көріпкелдер әлдеқашан болжап қойғанын айтады.

«Үкімет бізге бар шындықты айтпайды, негізі ауырып жатқандар мен өлгендердің саны біз ойлағаннан көп» деген тұжырым жасайтындардың сөзі қаншалықты шындыққа жанасады? Мұндай жағдай кімге қандай пайда әкелуі мүмкін?

Психологияда адамның мұндай әрекеті өзін маңызды сезінгісі келгеннен, билікке ұмтылудан туындайды деп түсіндіреді. Мұндай адамдар «Мен саған айтым ғой! Маған сенгеніңде бұлай болмас еді. Мен болсам бүйтер едім, сүйтер едім» деген мазмұндағы әңгіме айтқанды жақсы көреді. Басқа адамдар дүрбелеңге еріп, үрейленіп, таңғалған кезде өздерін жоғары сезінеді. Дүрбелең кезінде адам логиканы, сыни ойлауды өшіреді, ми қарапайым өмір сүруге бағытталған мүлдем басқа механизмдерді іске қосады. Сондықтан дүрлігуге бой алдырмауға тырысу керек. Дүрбелең туғызушы адамдар кейде өз айтқанына өзі сенбеуі де мүмкін.

«Оқшаулану емес, үйқамақ!»

Психологияда бұл мінез-құлық «басқарудың сыртқы локомотиві» деп аталады. Адам өз өміріндегі қиындықтарға басқа біреу кінәлі деп ойлайды. Мұндай адамдар қазіргі ситуацияның жақсы жақта-

рын іздеуге тырыспайды, кінәлі адамдарды іздеуге тырысады. Алайда мұндай адамдардың проблемасы ешқашан таусылмайды. Егер оларға жұмысқа бар десе, тағы да кінәлілер табылады. Жолдағы көлік кептелісіне де, жұмыстағы келеңсіздікке де басқалар кінәлі болып шығады. Егер адам ойлау жүйесін өзгертуге тырысса, оқшауланудың пайдалы тұстарын көріп, жақсы істерге бейімделе алады. Оқшалану – үйде жақсы кітап оқып, фильм көріп, сүйікті ісіңмен айналысып, жақындарыңмен көңіл көтеру үшін таптырмас уақыт.

Ғылыми білімнің төмен болуы адамдар арасында осындай пайымдаулар мен дүрбелең туғызады. Тіпті кейбір білімді деген адамның өзі пандемияның қаупі мен ережесін, вирустың қалай таралатынын білмейді. Сондықтан адамдарды үнемі тексерілген, нақты ақпарат көздерінен ақпарат алуға үйрету керек. Ал ақпаратты қалай тексеру керегін factcheck.kz сайтының редакторы Думан Смақов былай түсіндіріп берді. (Factcheck.kz – ақпарат құралдарындағы мәліметтер мен әлеуметтік желідегі жазбалардың рас-өтірігін тексеретін сайт).

Күнделікті өмірде ақпарат гигиенасын сақтау үшін мына ережелерді білу керек:

- Біріншіден, кез келген ақпарат пен хабарламаға сыни көзбен қарау керек.
- Екіншіден, кез келген ақпаратты эмоциямен, сезіммен емес, ақылмен қабылдау керек.
- Үшіншіден, жақынымызға, танысымызға ақпаратты жібермес бұрын бұл оларға зиян келтірмей ме деп ойлану керек.

Әлеуметтік желіде тарап жатқан аудио, видео, фотоматериалдардың рас-өтірігін тексерудің қарапайым жолдары бар. Өкінішке қарай, әзірге аудионы тексеретін арнайы бағдарлама жасалған жоқ. Ал видео мен фотоны тексерудің бірнеше жолы бар. Ол туралы factcheck.kz сайтының нұсқаулығынан толық ақпарат алуға болады.

Жеке бас гигиенасын сақтау деннің саулығы үшін, ал ақпарат гигиенасын дұрыс сақтау мидың, сананың саулығы үшін керек. Ал әртүрлі ортада айтылатын дәлелді-дәлелсіз әңгімелерді сүзгіден өткізу үшін адамда ақпарат сүзгісі болуы керек. Мұндай сүзгіні медиасауаттылықты меңгеру арқылы қалыптастыруға болады. Ал ақпаратты тек ресми органдардың парақшасы мен сайтынан оқу керек. Әлеуметтік желі қолданушыларының ақпаратына емес, ресми орган өкілдерінің сөзіне сенуіміз керек.

ВЗГЛЯД НА ОТЕЧЕСТВЕННУЮ ПРЕССУ ДЛЯ МОЛОДЁЖИ

*Моргулец Д.А.
маг. гр. МЖ-52*

*Абишева В.Т.
д.филол.н., профессор
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан*

Молодежь, как социально-демографическая группа общества, является главным социальным ресурсом демократических преобразований в Республике Казахстан. От её социализации во многом зависит и имидж, и будущее страны. Важное место в этом процессе занимают средства массовой информации, которые имеют большие возможности влияния на мировоззрение, сознание, на мыслительную деятельность, формировать поведенческие установки личности.

Интенсивное развитие интернета, мультимедийных и цифровых технологий предписывают традиционной прессе необходимость поиска новых форматов для поддержания своей жизнеспособности. Поэтому, на наш взгляд, в современной казахстанской журналистике проблемы и перспективы развития молодежных СМИ должны быть важнейшими.

В настоящее время на материалы, посвященные вопросам молодого поколения, возлагается двойная нагрузка, поскольку эта категория периодических изданий призвана не только воспитывать и формировать личность подростка, но и стимулировать желание знакомиться с наукой и культурой. В РК проблемы масс-медиа для юного контингента являются одним из приоритетных направлений молодежной политики. С учетом правильного формирования и реализации данной направленности можно достичь эффективного использования интеллектуального потенциала и активности молодых людей. Медиа могут стать проводником подрастающего поколения в общественную жизнь. Для дальнейшего совершенствования молодежных средств массовой информации необходимо изучение активных процессов в этой области.

В целом, молодежная инфраструктура направлена на выявление основных проблем в данной среде, установление приоритетных направлений. Эффективные решения вопросов вышеуказанной сферы будут способны обеспечить сегодняшней и завтрашней молодежи успех среди жестокой глобальной конкуренции, а обществу – уверенность в своей безопасности и конкурентоспособности.

